



Казакстанский институт  
стратегических исследований  
при Президенте  
Республики Казакстан

# Қоғам & Дәуір

www.kisi.kz

## 2/2023

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Орталық Азияны аймақтандыру саясатының  
негізгі мәселелері

Еркін Тұқымов,  
Болат Әуелбаев

Қазақстан Республикасы Президенті  
жолдаулары дереккөз ретінде

Амангелді Төлемісов

Мемлекеттік органдардың кешенді талдауын  
жүргізу бойынша әдістемелік тәсілдер

Алуа Жолдыбалина,  
Бауыржан Боқаев,  
Қуралай Садықова,  
Жұлдыз Байжомартова

Ішкі көші-қонды дамыту бағдарламасын  
бағалау: тиімділігі мен кемшілігі

Мұхит Ықылас,  
Бағыш Габдулина

Жаһандану және тіл саясаты:  
мәселелер мен мүмкіндіктер

Арман Қасымбаев,  
Ғалым Мәлік

Полиэтикалық қоғамдағы тұлғаның  
ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі

Данагуль Блялова,  
Бибигуль Бюлегенова

Трансұлттық компаниялардың рөлі және олардың  
Қазақстанның экономикалық саясатына әсері

Майра Дүйсембекова,  
Нұрдіулет Көпбаев,  
Евгений Ким

Қазақстанның ғылым саласын реформалау:  
міндеттері мен болашағы

Асем Оспанова,  
Теңгеш Қаленова

ҰҚШҰ, ШЫҰ ЖӘНЕ ЕҚЫҰ-ның Каспийдегі  
қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі

Ғалия Сарқулова,  
Венера Есенғалиева,  
Гаухар Балжанова

БҰҰ-ның бағдарламалары шеңберінде  
ауыз сумен қамтамасыз ету мемлекеттік  
бағдарламаларының жүзеге асырылуы

Жасулан Орынбаев,  
Ерболат Сергазин

ISSN 2414-5696

0 2



9 772414 569169

Астана

# Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының  
Президенті жанындағы  
Қазақстанның стратегиялық  
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап  
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор

**Алмас Арзықұлов,**

ҚР Президенті жанындағы

ҚСЗИ-дің жетекші

ғылыми қызметкері

Редакция мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,

010000, Астана қаласы,

Бейбітшілік көшесі, 4

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20

Факс (7172) 75-20-21

E-mail: office@kisi.kz

www.kisi.kz

www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық

келісім министрлігінде 2003 ж.

19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы

№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)

ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енеді.

Таралымы: 500 дана.

Қоғам &  
Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## МАЗМҰНЫ

**Еркін Тұқымов, Болат Әуелбаев**  
Орталық Азияны аймақтандыру саясатының  
негізгі мәселелері . . . . . 6

**Амангелді Төлемісов**  
Қазақстан Республикасы Президенті  
жолдаулары дереккөз ретінде . . . . . 15

**Алуа Жолдыбалина, Бауыржан Бокаев,  
Куралай Садықова, Жұлдыз Байжомартова**  
Мемлекеттік органдардың кешенді талдауын жүргізу  
бойынша әдістемелік тәсілдер. . . . . 35

**Мұхит Ықылас, Бағыш Габдулина**  
Ішкі көші-қонды дамыту бағдарламасын бағалау:  
тиімділігі мен кемшілігі . . . . . 48

**Арман Қасымбаев, Ғалым Мәлік**  
Жаһандану және тіл саясаты: мәселелер  
мен мүмкіндіктер . . . . . 61

**Данагуль Блялова, Бибигуль Бюлегенова**  
Полиэтикалық қоғамдағы тұлғаның ақпараттық-  
психологиялық қауіпсіздігі . . . . . 70

**Майра Дүйсембекова, Нұрдәулет Көлбаев,  
Евгений Ким**  
Трансұлттық компаниялардың рөлі және олардың  
Қазақстанның экономикалық саясатына әсері . . . . . 80

**Асем Оспанова, Теңгеш Қаленова**  
Қазақстанның ғылым саласын реформалау:  
міндеттері мен болашағы . . . . . 88

**Галия Саркулова, Венера Есенғалиева,  
Гаухар Балжанова**  
ҰҚШҰ, ШЫҰ ЖӘНЕ ЕҚЫҰ-ның Каспийдегі  
қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі . . . . . 99

**Жасулан Орынбаев, Ерболат Сергазин**  
БҰҰ-ның бағдарламалары шеңберінде  
ауыз сумен қамтамасыз ету мемлекеттік  
бағдарламаларының жүзеге асырылуы . . . . . 111

## СОДЕРЖАНИЕ

**Еркин Тукумов, Булат Ауелбаев**  
Основные проблемы политики  
регионализации Центральной Азии . . . . . 6

**Амангельды Толамисов**  
Послания Президента Республики Казахстан  
как исторический источник . . . . . 15

**Алуа Жолдыбалина, Бауржан Бокаев,  
Куралай Садықова, Жұлдыз Байжомартова**  
Методологические подходы по проведению  
комплексного анализа государственных органов . . . . . 35

**Мухит Ықылас, Бағыш Габдулина**  
Оценка программы развития внутренней  
миграции: эффективность и недостатки. . . . . 48

**Арман Қасымбаев, Малик Галым**  
Глобализация и языковая политика:  
вызовы и возможности. . . . . 61

# Қоғам & Дәуір



**ҚСЗИ**  
Қазақстан Республикасының  
Президентінің Қаулауымен  
Қазақстанның стратегиялық  
зерттеулер институты

**Данагуль Блялова, Бибигуль Бюлегенова**  
Информационно-психологическая безопасность  
личности в полиэтничном обществе. . . . . 70

**Майра Дюсембекова, Нурдаулет Копбаев,  
Евгений Ким**  
Роль транснациональных компаний и их  
влияние на экономическую политику Казахстана. . . . . 80

**Асем Оспанова, Тенгеш Каленова**  
Реформы в сфере науки Казахстана:  
задачи и перспективы. . . . . 88

**Галия Саркулова, Венера Есенгалиева,  
Гаухар Балжанова**  
Роль ОДКБ, ШОС и ОБСЕ в обеспечении  
безопасности на Каспии. . . . . 99

**Жасулан Орынбаев, Ерболат Сергазин**  
Реализация государственных программ  
по обеспечению питьевой воды  
в рамках программ ООН. . . . . 111

## CONTENTS

**Yerkin Tukumov, Bulat Auelbaev**  
Main Problems of Regionalization Policy in Central Asia . . . . . 6

**Amangeldy Tolamissov**  
Messages of the President of the  
Republic of Kazakhstan as a Historical Source. . . . . 15

**Alua Zholdybalina, Baurzhan Bokayev,  
Kuralai Sadykova, Zhuldyz Baizhomartova**  
Methodological Approaches for Conducting a  
Comprehensive Analysis of State Bodies . . . . . 35

**Mukhit Ykylas, Bagysh Gabdulina**  
Evaluation of the Internal Migration Development  
Program: Effectiveness and Disadvantages . . . . . 48

**Arman Kassymbayev, Galym Malik**  
Globalization and Language Policy:  
Challenges and Opportunities . . . . . 61

**Danagul Blyalova, Bibigul Byulegenova**  
Information and Psychological Security of  
a Person in a Polyethnic Society . . . . . 70

**Maira Dyussembekova, Nurdaulet Kopbayev,  
Yevgeniy Kim**  
The Role of Multinational Companies and their  
Impact on the Economic Policy of Kazakhstan. . . . . 80

**Assem Ospanova, Tengesh Kalenova**  
Reform in the Field of Science in Kazakhstan:  
Tasks and Prospects . . . . . 88

**Galiya Sarkulova, Venera Yesengaliyeva,  
Gauhar Balzhanova**  
The Role of the CSTO, SCO and OSCE in  
Ensuring Security in the Caspian Sea . . . . . 99

**Zhasulan Orynbayev, Yerbolat Sergazin**  
Implementation of State Programs on Provision  
of Drinking Water under UN Programs. . . . . 111

---

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – редакция алқасының төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих магистрі
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Нұрлан СЕЙДІН** – ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК бас директорының ғылыми жұмыстар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, Ph.D
- Ғани ҚАРАСАЕВ** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары, әлеуметтану ғылымдарының докторы

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, Государственный советник Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Алмас АРЗИКУЛОВ** – шеф-редактор, ведущий научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, магистр истории
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Нурлан СЕЙДИН** – заместитель генерального директора по научной работе и международной деятельности РГП «Ғылым ордасы» КН МОН РК, кандидат исторических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Гани КАРАСАЕВ** – главный научный сотрудник – начальник отдела Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – директор исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – заместитель директора Института прикладных этнополитических исследований, доктор социологических наук

---

## THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of the Editorial Board, State Counsellor of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Almas ARZIKULOV** – Chief Editor, Leading research fellow of KazISS under President of Kazakhstan, Master of History
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D (South Korea), Professor
- Nurlan SEIDIN** – Deputy Director General for Scientific Work and International Activities RSE «Gylym ordasy» CS MES RK, Candidate of Historical Sciences
- Alua ZHOLDYBALINA** – Deputy Director of KazISS under President of Kazakhstan, Doctor of Philosophy (Ph.D) in «Political science»
- Gani KARASAEV** – Chief Researcher – Head of the Department of the Institute of State History of the KN of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences
- Botagoz RAKISHEVA** – Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASOVA** – Deputy Director of the Institute of Applied Ethnopolitical Research, Doctor of Sociology

*Еркін Тұқымов<sup>1</sup>, Болат Әуелбаев<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы  
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының  
директоры, саяси ғылымдарының кандидаты  
director.kisi@gmail.com*

*<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның  
стратегиялық зерттеулер институтының бас сарапшысы  
Auelbayev\_B@kisi.kz  
(Астана, Қазақстан)*

## **ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫ АЙМАҚТАНДЫРУ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақала Орталық Азиядағы ынтымақтастық мәселелеріне арналған. Өңір республикаларының алдында тұрған негізгі мәселелер, атап айтқанда қауіпсіздік және халықаралық қатынастар саласы, климаттың өзгеруін, экологиялық және экономикалық салдарды зерттеу саласы, сондай-ақ көлік коммуникацияларының өңірлік желісін дамыту қарастырылады. Қазақстандық және халықаралық сарапшылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау негізінде авторлар Орталық Азиядағы аймақтандыру саясатының ең өзекті мәселелері мен бағыттарын анықтады. Сондай-ақ авторлар аймақтанудың өзекті мәселелері бойынша бірқатар ұсыныстар берген.

**Түйін сөздер:** *Орталық Азия, аймақтық қауіпсіздік, ауған дағдарысы, климаттың өзгеруі, көлік коммуникациялары.*

---

## **Еркин Тукумов, Булат Ауелбаев ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИКИ РЕГИОНАЛИЗАЦИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

**Аннотация.** Статья посвящена вопросам сотрудничества в Центральной Азии. Рассматриваются основные проблемы, с которыми сталкиваются республики региона в обеспечении международно-политической безопасности, вопросах экономического развития и транспортной взаимосвязанности. Акцентируется актуальность регионального сотрудничества в борьбе с негативными последствиями климатических изменений. На основе анализа результатов опроса казахстанских и международных экспертов авторами определены наиболее актуальные проблемы и направления политики регионализации в Центральной Азии. Также авторы выдвинули ряд рекомендаций по актуальным вопросам регионализации.

---

**Ключевые слова:** *Центральная Азия, региональная безопасность, афганский кризис, климатические изменения, транспортные коммуникации.*

---

**Yerkin Tukumov, Bulat Auelbaev**

## **MAIN PROBLEMS OF REGIONALIZATION POLICY IN CENTRAL ASIA**

**Abstract.** The article is devoted to issues of cooperation in Central Asia. It examines the main problems that the region's republics face in ensuring international and political security, economic development, and transportation connectivity. The relevance of regional cooperation in combating the negative consequences of climate change is emphasized. Based on the analysis of the survey results of Kazakhstani and international experts, the authors have identified the most pressing problems and directions of regionalization policy in Central Asia. The authors also put forward a number of recommendations on topical issues of regionalization.

**Key words:** *Central Asia, regional security, Afghan crisis, climate change, transport communications.*

---

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда Орталық Азия елдері түбегейлі жаңа жаһандық және геосаяси сын-қатерлерге тап болуда. Covid-19 пандемиясы, Оңтүстік Кавказдағы, Ауғанстандағы және Украинадағы оқиғалар халықаралық қатынастарды трансформациялаудың триггерлері болды. Олар өздерінің әдеттегі қалпына сәйкес келмейді.

Әлемдік қауіпсіздік архитектурасы айтарлықтай деформацияға ұшырауда. Украинадағы қарулы қақтығыс жалғасуда, әлемнің көптеген аймақтарында тұрақсыздық белгілері байқалып, Балқан, Таяу Шығыс, Корей түбегінде және Тайвань мәселесіне қатысты мемлекетаралық қатынастардағы шиеленіс өршуде.

Осы аймақтар мен елдердегі үдерістердің одан әрі дамуын болжау қиын. Осылайша, Орталық Азияның айналасындағы геосаяси конфигурация айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда, сонымен бірге тәуекелдер артып келеді. Аймақ қазірдің өзінде идеалды дауыл жағдайында. Сондай-ақ оның турбулентті күйдегі кезеңі ұзақ болады деп күтілуде.

Бұған жауап ретінде Орталық Азия республикалары өзара бірлесе отырып, егемендіктерін нығайту саясатын ұстануы тиіс. Халықаралық жанжалдың өсуі өңірлік қауіпсіздікті нығайтуды және барлық тәуекелдерге уақтылы бірлесіп жауап беруді талап етеді. Ынтымақтастықты нығайтуда прагматикалық тәсілдер қажет.

Теріс факторларды жеңудің тиімді шарасы – Орталық Азияның өзара іс-қимылын кешенді тереңдету. Қазақстанның Орталық Азия бағытындағы қатынастарды нығайту саясаты да мақалада көрсетілген себептермен байланысты.



## **Зерттеу әдістері**

Мақалада саясаттану, әлеуметтану, халықаралық қатынастар және аймақтануды зерттеу бойынша пәнаралық деңгейде жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Атап айтқанда, 2023 жылғы қаңтарда қазақстандық және халықаралық сарапшылардан сауалнама алынды, оның нәтижелері авторларға аймақтандырудың Орталық Азия саясатының неғұрлым өзекті мәселелері мен бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

## **Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау**

Орталық Азиядағы өңірлік өзара іс-қимыл мәселелері және осы үдерістің жекелеген аспектілері түрлі сараптамалық алаңдарда, оның ішінде Өзбекстан мен Қазақстандағы Орталық Азия сараптамалық форумдарында, Астанада өткен Орталық Азиядағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық форумында талқыланды.

Өңір елдерінің «ақыл-ой орталықтарының» өкілдері арасындағы сараптамалық кездесулер барысында мақала авторлары саяси шешімдер қабылдауға әсер ететін аналитикалық институттар арасында тұрақты жұмыс істейтін және тиімді коммуникациялық арналарды қалыптастыруға, сондай-ақ Орталық Азия зияткерлік ортасы арасындағы байланыстарды нығайтуға жәрдемдесті.

### *Мемлекеттілікті дамыту мәселелері*

Мемлекеттілікті тиімді дамыту, Орталық Азия мемлекеттерінің егемендігі мен саяси субъективтілігін нығайту – өңірлік қатынастарды дамытудың негізгі кепілі. Өңірдің барлық елдеріндегі күрделі әкімшілік, идеологиялық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени үдерістер қиындықтарды бастан өткеруде, соның ішінде шамадан тыс реттелген саяси жүйе және көлемді әкімшілік-басқару аппараты да бар.

Биліктің орталықтандырылуын күшейту туралы шешімдер қоғамдық бастаманы тоқтатып, тоқырауды тудырады. Өз кезегінде либералды реформалау әрекеттері саяси бақылауды толығымен жоғалту қорқынышын тудырады. Бірінші және екінші жағдайда да тенденция әлеуметтік шиеленіске бағытталған. Болашақта демографиялық өзгерістер мен әлеуметтік-мәдени құрылымдық өзгерістерге байланысты республикалар үкіметтері ішкі қайшылықтардың күрт өсуіне тап болу қаупі бар.

Бұл үдерістер Орталық Азия елдерінің әрқайсысында азды-көпті кездеседі. Соған қарамастан, олардың барлығында зайырлылық, құқықтық реттеу, билікті бөлудің демократиялық принциптері мен сайлануы конституциялық тұрғыдан бекітілген. Республикалар өздерінің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейіне жетуге ұмтылады. Алайда, бұл ұзақ және күрделі процесс.

Осыған байланысты, қазірдің өзінде Орталық Азия елдерін шоғырландыру үшін өңірлік қауіпсіздіктің дағдарыстық аспектілерін, оның ішінде шекара маңындағы аудандарға қатысты шаралар бөлігінде шешімдер қабылдаудың жалпы тәсілін әзірлеу аса маңызды болуы тиіс.

Бірлескен бастамаларды үйлестіруді және әртүрлі даулы мәселелерді теңгерімді медиациялауды қамтамасыз ету үшін өңірлік қауіпсіздік саласында «Орталық Азия бестігінің» өзара іс-қимылының пәрменді тетігін қалыптастыру орынды болады.

### **Аймақтық қауіпсіздік және ауған дағдарысы**

Ауғанстандағы жағдай белгісіз және шиеленісті болып қалып отыр. «Талибан» билікті монополияландырып, елде өзінің консервативті-діни тәртібін орнатты. Жақын арада инклюзивті мемлекет құру арқылы бейбіт реттеу идея-сы іске асырылмайды.

Талибанның орасан зор қарулы күштері болса да, көрші елдерге қарсы күш қолдануы екіталай. Алайда елдегі ресурстардың тапшылығы мен экономикалық дағдарыс Ауғанстанның жаңа басшылығын көрші елдермен келісілмеген іс-қимыл жасауға мәжбүр етеді. Ауған-иран шекарасындағы оқиға [1] немесе Әмудария өзенінде Күштеп каналының құрылысын жүргізу секілді жағдайлар өзара тартыс алып келеді немесе қатты алаңдаушылық [2] тудырады.

Ауғанстандағы жағдайдың жиеленісті болып қалуына оның үкіметінің «Талибан» қозғалысы тұрғысынан халықаралық деңгейде мойындамауына байланысты болып отыр. Бірқатар көрші мемлекеттердің Талибан үкіметімен шектеулі байланыстары бар. Бірақ бұл барлық саяси және гуманитарлық мәселелерді шеше ала ма?

БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гуттерештің пікіріне орай, қазіргі уақытта Ауғанстандағы гуманитарлық дағдарыс әлемдегі ең үлкен дағдарыс болып саналады. Оның айтуынша, ауғандықтардың 97%-ы кедейлік шегінен төмен өмір сүреді. Елдің 6 миллион тұрғыны «аштықтан өлудің» алдында тұр [3].

Бұл елдегі мұндай жағдай экстремизм идеяларының артуына, сондай-ақ радикалды ағымдардың қылмыспен бірлесу қауіпін төндіреді. Бұл Ауғанстаннан Орталық Азия елдеріне тасымалданатын есірткі көлемі үнемі артып жатқанын ескеретін болсақ, есірткі трафигінің қаупі бірнеше есе арттырады [4].

Орталық Азия елдеріне бұл қауіпті елемей мүмкін емес. Ауған халқының осы қиын жағдайдан шығуына ықпал ету үшін халықаралық қоғамдастық пен халықаралық ұйымдар шеңберінде осы елдің экономикалық оқшаулануынан шығу туралы ұсыныс бойынша саяси консультациялар қажет.

### **Орталық Азияның климаттық күн тәртібі**

Әлемнің барлық елдері сияқты, Орталық Азия елдері жаһандық экологиялық және климаттық сын-қатерлерге ұшырайды. Қатты су тасқыны, көшкін және сел сияқты жойқын табиғат құбылыстарының жиілігі, сондай-ақ ауқымды орман өрттерінің саны өсуде. Осылайша, ағымдағы 2023 жылы бірқатар өңірлердегі ауқымды өрттер Қазақстан үшін үлкен сынаққа айналды [5].

Мұндай табиғи апаттар климаттың өзгеруімен, атап айтқанда жылдық орташа температураның жоғарылауымен байланысты. Халықаралық валюта

қорының мәліметтері бойынша, Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдеріндегі орташа температура 1,5°C-қа көтеріліп, жаһандық 0,7 °C-тан екі есе өсті [6].

Орталық Азия аумағының 60 пайыздан астамы сирек жауын-шашын мен құрғақ климатқа ие екенін ескере отырып, температураның жоғарылауы топырақтан судың булануына әкеліп, құрғақшылық қаупін арттырады. Соңғы жылдары құрғақшылықтың салдарынан суармалы судың жетіспеушілігі байқалады, сондықтан ылғал көп қажет ететін дақылдардың – күріш, мақта және пияздың егіс алқаптары азаяды. Сондай-ақ мал шаруашылығындағы негативті динамика алаңдаушылықты тудырады.

Орталық Азияда су өте біркелкі емес және оның жетіспеушілігі күн сайын артып отыр. Суды тұтыну әр онжылдықта екі есе артады және бұл үрдіс одан әрі жалғасады. Су тапшылығы қаупіне қарамастан, бұл бағыттағы аймақтық саясатта жүйелі ұстаным жоқ. Ол нақты іс-қимыл жоспарынсыз тек негіздемелік сипатқа ие.

Суды үнемдеу саясаты және су пайдаланушыларды экологиялық залал үшін үнемдеуге және жауапкершілікке ынталандыру бойынша кешенді шаралар жоқ. Сонымен қатар аймақ үкіметтері өз экономикаларын «жасыл» технологияларға айналдыруға және өнеркәсіптік шығарындыларды азайтуға құлықсыз.

Алайда, а.ж. 10 мамырда Еуропалық Парламент пен Еуропалық кеңестің басшылары ЕО-да өндірілген тауарлар мен импортталатын өнімдер үшін көміртегі шығындарын теңестіруге арналған трансшекаралық көміртекті реттеу механизмін құру туралы ережені қабылдағанын түсіну маңызды [7]. Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша Қазақстан өз өнімін ЕО-ға экспорттаудан жылына 250 млн доллардан астам түсімді жоғалтуы мүмкін, ал егер бұл тетіктің қолданылу аясы кеңейсе, онда шығындар 1,5 млрд долларға дейін ұлғаюы мүмкін [8].

Осы үрдістердің барлығы жалпы Орталық Азия өңірін де қамтиды. Осыған байланысты елдер энергетикалық гидрокешендер құрылысының пайдаланылмаған әлеуетін ашуға жұмылдырылуы қажет. Олардың жаһандық климаттық күн тәртібін ескере отырып, ерекше геосаяси маңызы мен құндылығы бар және Орталық Азияның су-энергетикалық консорциумын құру идеясы өзекті болып қала береді.

### **Орталық Азия көлік дәліздері**

Орталық Азияның көлік-коммуникациялық әлеуетін іске асыру объективті және субъективті сипаттағы бірқатар кедергілерге тап болады. Орталық Азия ең аз өзара байланысты өңір болып табылады, Қазақстанның өңір елдерімен сауда үлесі 3%-дан 7%-ға дейін құрайды. Бұл, ең алдымен, аймақшылдық көлік коммуникацияларында, атап айтқанда, аймақ ішіндегі елдер арасындағы 3-5 маршрутты құрайтын теміржол байланыстарының шектеулілігінде байқалады.

Қолданыстағы көлік инфрақұрылымының негізгі проблемалары оның сапасының төмендігі және соның салдарынан өткізу қабілетінің төмендігі

---

болып табылады. Жол бойындағы сервис объектілері дамымаған, олардың көпшілігі қызмет көрсету сапасына қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келмейді және халықаралық транзиттік тасымалдарды да, ішкі сұранысты да толық көлемде қамтамасыз ете алмайды.

Сондықтан Орталық Азияның барлық елдері өңірдің сауда коммуникацияларын дамытудың жалпы әлемдік үрдістерінен артта қалу қаупі аймағында қалып отыр. Трансконтинентальды инфрақұрылымның байланысын құрудың бірыңғай және біртұтас аймақтық саясаты әлі жоқ. Көлік жүйесі мен логистиканың көп бөлігі локализацияланған және ұлттық мүдделер бойынша бөлінген.

Бірлескен көліктік-логистикалық жобаларды іске асырудағы қайшылықтарды және тежеуді еңсеру үшін автомобиль, теміржол және әуе жолдары желісін кеңейту, логистикалық және көлік тораптарын немесе құрғақ порттарды салу, содан кейін тиімді және жетілдірілген көлік дәліздерін құру бойынша негізгі нүктелерде үйлестірілген жұмыс қажет.

### **Қорытындылар**

Жоғарыда аталған сын-қатерлер мен тәуекелдерді ескере отырып, Орталық Азия елдері өздерінің өңірлік саясатын өзара және толықтырылатын ынтымақтастық схемаларына сай түзеткен жөн. Ағымдағы жағдайларда Орталық Азия елдері ынтымақтастығының неғұрлым талап етілетін бағыттары:

- Өңірішілік қауіпсіздік мәселелерін шешу үшін саяси-дипломатиялық күш-жігерді біріктіру. Бұл ретте тараптар халықаралық құқық пен тату көршілік ынтымақтастық қағидаттарын қатаң ұстануы қажет;

- Халықаралық алаңдарда, оның ішінде ауған дағдарысын шешу бойынша үйлестірілген саясат жүргізу. Ауған халқының осы қиын жағдайдан шығуына жәрдемдесу үшін осы елдің экономикалық оқшаулануынан шығу туралы ұсыныс бойынша халықаралық ұйымдар шеңберінде саяси консультациялар қажет;

- Климаттық өзгерістердің салдарын болдырмау, су мәселелерін шешу, «жасыл» энергия көздерін игеру бойынша бірлескен іс-қимылдар қабылдау. Су ресурстарын бассейндік басқарудың бірлескен саясаты мен бірыңғай мақсаттарын, міндеттері мен ұстанымдарын әзірлеу ОА су саясатында одан әрі ынтымақтастықтың негізін қалайды;

- Орталық Азияның ортақ көліктік-коммуникациялық, мәдени және ақпараттық кеңістігін қалыптастыру. Барлық Орталық Азия елдері көліктік коммуникациялардың өңірлік желісіне және трансконтиненталдық дәліздердің буынына тең дәрежеде қатыса алады, бұл Орталық Азия бірегейлігі үшін негіз жасайды.

### **Ұсыныстар**

Бұған сараптамалық-диалогтық алаңдар, оның ішінде Президент жанындағы стратегиялық зерттеулер орталықтарының ынтымақтастығы

негізінде бірлескен шаралар қабылдау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар топтамаларын әзірлеу үшін Орталық Азия сараптамалық кеңесі (ОАСК) форматы үлкен көмек бола алады.

Өңірлік ынтымақтастықты дамыту ақпараттық және мәдени өзара іс-қимылды жандандырумен қатар жүруі тиіс. Бұл сенім ахуалын одан әрі нығайтуға оң серпін береді, сондай-ақ өзара сауда мен инвестицияларды арттырады.

Алайда, цифрлық жаһандану процестерімен бірге аймақ елдері мемлекеттерде де, олардың қарым-қатынастарында да идеологиялық бөлінуге жағдай жасайтын ерекше зиянды мазмұнға ұшырайды. Орталық Азия қоғамдастығы сыртқы негативті ақпараттық күн тәртібінен тәуелсіз болуы қажет. Өңірлік бірегейлікті қалыптастыру Орталық Азия республикаларын шоғырландырудың маңызды шарты және ерекше назар аударуды талап етеді.

Орталық Азияда да негативті климаттық және экологиялық үрдістерді нивелирлеу бойынша шаралар қажет. Климаттың өзгеруінен туындаған күрделі мәселелерді шешу трансшекаралық/аймақтық ынтымақтастықты қажет етеді. Климаттық күн тәртібі – Орталық Азия мемлекеттерінің халықаралық іс-қимыл ынтымақтастығының орталық пункттерінің бірі.

Осы ынтымақтастық шеңберінде Халықаралық Аралды құтқару қоры, Орталық Азияның өңірлік экологиялық орталығы, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Орталық Азия өңірлік гляциологиялық орталығы, Климаттың өзгеруін тежеу жөніндегі Қазақстандық бағдарлама (USAID қолдауымен), Парниктік шығарындылар саудасының қазақстандық жүйесі сияқты тетіктер құрылды. Орталық Азияның бейінді мамандары үшін жоғары деңгейдегі бірқатар конференциялар өткізіліп, семинарлар мен оқыту бағдарламалары ұйымдастырылды.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының жыл сайынғы саммиттері (Консультативтік кездесулер) болып жатқан климаттық өзгерістерді тежеу және оған бейімделу жөніндегі өңірлік күш-жігерді үйлестіруде орталық орынды алады. Егер өңір елдері су және экология бойынша ынтымақтаса бастаса, ықтимал пайда жыл сайын 4 млрд. АҚШ долларын құрайды [9].

Бұдан басқа, өңірлік ынтымақтастықты нығайту су және экологиялық проблематика, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы өнімділігін төмендету, энергия ресурстарының құнын арттыру және халықаралық қаржыландыруға қол жеткізуді шектеу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Су мәселелерінің жиынтығы Орталық Азия мемлекеттерінің салық, тарифтік және несиелік саясатының айқындаушы қағидаты ретінде су үнемдеуді қабылдай отырып, «Орталық Азия су кодексіне» қол қою мүмкіндігін байыпты зерделеу қажеттігін өзектендіреді. Сонымен қатар Қырғызстан мен Тәжікстан аумағында су-энергетикалық инфрақұрылым жобаларын іске асыруға жәрдемдесу керек. Таулы жерлерде контрреттегіштер желісін салу су элементін басқаруда тиімдірек шара болып табылады.

Бұл мәселені өңірлік деңгейде қою өңірлік ынтымақтастық ісіндегі серпінді мәміле, сондай-ақ Орталық Азияның су-энергетикалық кешенінің пробле-

маларын шешудегі катализатор болады. Бұл ретте трансшекаралық өзендер бассейнінің су пайдаланушылары мемлекеттерінің арасында халықаралық тәжірибені ескере отырып, объектілерді тұрғызудың негіздемесін әзірлеуге заңды қатысуын пысықтау қажет.

Халықаралық тасымалдар мен транзиттен нақты пайда алу үшін көлік дәліздерін кеңейту бойынша үйлестірілген және ұзақ мерзімді жұмыс қажет. Бұл ретте Қазақстан Орталық Азия үшін көліктік коммуникациялар мен логистиканы дамытуда маңызды рөл атқаруға арналған. Сондықтан сауда-экономикалық ынтымақтастық пен ашық көлік саясатына деген ұмтылыс оның саясатында басымдыққа ие. Бұл тәсіл инвесторлардың тікелей қатысуы да, ұлттық көлік жүйелерінің өткізу қуатын арттыру да көзделген кезде жалпы өңірлік дамуға байланысты.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Перестрелка на ирано-афганской границе: не менее 2 погибших // Deutsche Welle. – 28.05.2023. // URL:<https://www.dw.com/ru/perestrelka-na-iranoafganskoj-granice-ne-menee-dvuh-pogibshih/a-65757980> (қаралған күні: 21.06.2023)
2. Не было печали: станет ли строительство канала Кусхтепа катастрофой для Узбекистана? // KUN.UZ. – 10.06.2023. // URL:<https://kun.uz/ru/news/2023/06/10/ne-bylo-pechali-stanet-li-stroitelstvo-kanala-kushtepa-katastrofoy-dlya-uzbekistana> (қаралған күні: 25.06.2023)
3. Генсек ООН: «Гуманитарный кризис в Афганистане - крупнейший в мире» // Asia-Plus. – 03.05.2023. // URL:<https://asiaplustj.info/ru/news/world/20230503/gensek-oon-gumanitarnii-krizis-v-afganistane-krupneishii-v-mire> (қаралған күні: 21.05.2023)
4. Александр Зеличенко. Большую часть наркотиков, поставляемых по «северному пути», провозят через Кыргызстан // Vesti.kg. – 28.03.2023. // URL:<https://vesti.kg/politika/item/110773-aleksandr-zelichenko-bolshuyu-chast-narkotikov-postavlyaemykh-po-severnomu-puti-provozyat-cherez-kyrgyzstan> (қаралған күні: 21.05.2023)
5. Многочисленные пожары в Восточном Казахстане ликвидированы // Zakon.kz. – 28.06.2023. // URL:<https://www.zakon.kz/6398297-mnogochislennye-pozhary-v-vostochnom-kazakhstaneli-kvidirovani.html> (қаралған күні: 25.06.2023)
6. Перспективы развития мировой экономики. Противостояние кризису стоимости жизни // Международный валютный фонд, Вашингтон, округ Колумбия, октябрь. 2022.
7. Углеродный налог ЕС: вызов или возможность для Казахстана. // КАЗИНФОРМ. – 30 Мая 2023. // URL:[https://www.inform.kz/ru/uglerodnyy-nalog-es-vyzov-ili-vozmozhnost-dlya-kazhastana\\_a4073088](https://www.inform.kz/ru/uglerodnyy-nalog-es-vyzov-ili-vozmozhnost-dlya-kazhastana_a4073088) (қаралған күні: 25.06.2023)
8. Страновой доклад о климате и развитии // Группа Всемирного банка. Вашингтон. Ноябрь. 2022.
9. Выгода стран ЦА от сотрудничества по воде может составить до \$4 млрд // Газета.uz. – 05.06.2018. // URL:<https://www.gazeta.uz/ru/2018/06/05/ecology/> (қаралған күні: 21.06.2023)

## REFERENCES:

1. Perestrelka na irano-afganskoj granice: ne menee 2 pogibshih [Skirmish on the Iran-Afghan border: at least 2 dead] // Deutsche Welle. // URL:<https://www.dw.com/ru/perestrelka-na-iranoafganskoj-granice-ne-menee-dvuh-pogibshih/a-65757980> (accessed: 21.06.2023)
2. Ne bylo pechali: stanet li stroitel'stvo kanala Kushtepa katastrofoj dlya Uzbekistana? [There was no sadness: would the construction of the Kushtepa canal be a disaster for Uzbekistan?] // KUN.UZ. URL:<https://kun.uz/ru/news/2023/06/10/ne-bylo-pechali-stanet-li-stroitel'stvo-kanala-kushtepa-katastrofoy-dlya-uzbekistana> (accessed: 25.06.2023)
3. Gensek OON: «Gumanitarnyj krizis v Afganistane - krupnejshij v mire» [UN Secretary General: "The humanitarian crisis in Afghanistan is the largest in the world"] // Asia-Plus. – 03.05.2023. URL:<https://asiaplustj.info/ru/news/world/20230503/gensek-oon-gumanitarnii-krizis-v-afganistane-krupneishii-v-mire> (accessed: 21.05.2023)
4. Aleksandr Zelichenko. Bol'shuyu chast' narkotikov, postavlyaemyh po «severnomu puti», provozyat cherez Kyrgyzstan [Alexander Zelichenko: Most of the drugs supplied along the "northern route" are transported through Kyrgyzstan] // Vesti.kg. – 28.03.2023. URL:<https://vesti.kg/politika/item/110773-aleksandr-zelichenko-bolshuyu-chast-narkotikov-postavlyaemykh-po-severnomu-puti-provozyat-cherez-kyrgyzstan> (accessed: 21.05.2023)

5. Mnogochislennye pozhary v Vostochnom Kazahstane likvidirovaniy [Numerous fires in East Kazakhstan eliminated] // Zakon.kz. – 28.06.2023. URL:<https://www.zakon.kz/6398297-mnogochislennye-pozhary-v-vostochnom-kazahstane-likvidirovaniy.html> (accessed 25.06.2023)
6. Perspektivy razvitiya mirovoj ekonomiki. Protivostoyanie krizisu stoimosti zhizni [Prospects for the development of the world economy. Confronting the Cost of Living Crisis] // International Monetary Fund, Washington, DC, October. 2022.
7. Uglerodnyy nalog ES: vyzov ili vozmozhnost' dlya Kazahstana [EU Carbon Tax: Challenge or Opportunity for Kazakhstan] // KAZINFORM. – 30 May 2023. // URL:[https://www.inform.kz/ru/uglerodnyy-nalog-es-vyzov-ili-vozmozhnost-dlya-kazahstana\\_a4073088](https://www.inform.kz/ru/uglerodnyy-nalog-es-vyzov-ili-vozmozhnost-dlya-kazahstana_a4073088) (accessed: 25.06.2023)
8. Stranovoy doklad o klimate i razvitiy [Country Report on Climate and Development] // World Bank Group. Washington. November. 2022.
9. Vygodya stran CA ot sotrudnichestva po vode mozhet sostavit' do \$4 mlrd [The benefit of the Central Asian countries from cooperation on water can be up to \$4 billion] // Gazeta.uz. – 05.06.2018. //URL:<https://www.gazeta.uz/ru/2018/06/05/ecology/> (accessed: 21.06.2023)

*Амангелді Төлемісов*

*Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты,  
тарих ғылымдарының кандидаты*

*ansarok@mail.ru*

*(Астана, Қазақстан)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖОЛДАУЛАРЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ**

**Аңдатпа.** Мақалада автор Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында жасалынған Президент Жолдауларының тарихи дереккөз ретіндегі маңыздылығына ғылыми талдау жасайды. Егемендік алған уақыттан бастап қазіргі кезге дейінгі жолданған Президент Жолдауларының орын алған жағдайлары мен саяси-экономикалық, мәдени-идеологиялық контексттері қарастырып, олардың ерекшеліктерін ашып көрсетеді.

Оған қоса автор зерттеу барысында жолдаулардың атаулары мен мәтіндік ерекшеліктеріне де мән бере отырып, оларға мазмұндық талдаулар жүргізеді. Әрбір жолдаудың ерекшеліктері мен айшықты тұстарына ажыратып көрсетеді.

Методологиялық тұрғыдан тәуелсіздік жылдарындағы жасалынған Жолдаулар кезеңдерге бөлініп көрсетіліп, оларды салыстырмалы түрде талдайды. Нәтижесінде алынған тұжырымдар негізінде автор Қазақстан Республикасы Президенті Жолдауларының тарихи дереккөз ретіндегі маңыздылығына қатысты өзіндік қорытынды ойларын ұсынады.

**Түйін сөздер:** *Жолдау, Қазақстан Республикасы Президенті, тәуелсіздік, тарихи дереккөз, мемлекеттілік, отандық тарих.*

**Амангельды Толамисов**

## **ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК**

**Аннотация.** В статье автор проводит научный анализ значимости Посланий Президента как исторического источника, адресованных народу за годы независимости Республики Казахстан. Рассматривая имеющиеся обстоятельства и политико-экономический, культурно-идеологический контекст всех Посланий Президента, адресованных с момента обретения суверенитета до настоящего времени, исследователь раскрывают их особенности.

Кроме того, в ходе исследования автор проводит содержательный анализ Посланий, уделяя особое внимание их названиям и текстовым особенностям. Различает особенности каждого послания.



Методологически все послания за годы независимости разбиты на периоды и сравниваются друг с другом. На основе полученных выводов автор предлагает свои заключительные соображения относительно значимости Посланий Президента Республики Казахстан как исторического источника.

**Ключевые слова:** *Послание, Послание Президента Республики Казахстан, независимость, исторический источник, государственность, отечественная история.*

**Amangeldy Tolamissov**

## **MESSAGES OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AS A HISTORICAL SOURCE**

**Abstract.** In the article, the author conducts a scientific analysis of the significance of the President's Messages as a historical source addressed to the people during the years of independence of the Republic of Kazakhstan. Considering the existing circumstances and the political, economic, cultural and ideological context of all the President's Messages addressed from the moment of gaining sovereignty to the present, the researcher reveals their features.

In addition, during the research, the author conducts a meaningful analysis of the Messages, paying special attention to their names and textual features. Distinguishes the features of each message.

Methodologically, all the messages for the years of independence are divided into periods and compared with each other. Based on the findings, the author offers his final considerations on the significance of the Messages of the President of the Republic of Kazakhstan as a historical source.

**Key words:** *Message, Message of the President of the Republic of Kazakhstan, independence, historical source, statehood, native history.*

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда отандық тарих ғылымында зерттеулер жүргізу ісі ерекше қарқынмен дамып жатыр. Қазақстанның төл тарихын тереңнен қарастыру барысында көптеген «ақтаңдақтар» орны толтырылып, талай мәселелер мен көзқарастарға қайта қарауға тура кеп жатыр. Кешегі кеңестік идеологиялық шеңберінен шығып, төл тарихымыздың тура бейнесін қалпына келтіру ісі қолға алынып, бірізділік пен жүйелікке келтірілуде. Елімізде тәуелсіздік алғалы бері көптеген мемлекеттік бағдарламалар аясында іргелі зерттеулер жүргізілуде. Қазақ жеріндегі ежелгі дәуірде мекендеген тайпалық бірлестіктерден бастап қазіргі таңдағы саяси процестерге, тарихи құбылыстарға барынша объективті баға беріліп жатыр деуге болады.

Бұл ретте еліміздің тарихын зерттеуде тәуелсіз Қазақстанның да тарихын назардан тыс қалдыруға болмайтынына көңіл аударамыз. Бұл кезеңнің өзін тұтас отандық тарихымыздың ажырамас бөлшегі деп қарап, іргелі зерттеулер жүргізу керектігін ескеруіміз қажет.

Ал еліміз егемендік алғаннан кейінгі саяси-тарихи оқиғаларды жан-жақты зерттеп, оған тарихи баға беру ісі де кенже қалмауы тиіс. Себебі осы арқылы да еліміздің тәуелсіз, дербес, басқа мемлекеттермен терезесі тең екенін анық көрсету арқылы, ұлттың, жалпы халықтың сана-сезімінде серпіліс тудыруға болатынын ұмытпауымыз қажет.

Осыған байланысты еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бергі тарихи процестердің рөлі ерекше. Соның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа арнаған Жолдауларын еліміздің тарихына қатысты құнды дереккөз ретіндегі рөлін зерттеу өте өзекті мәселе болып табылады.

Егемендік жылдарындағы Президенттік Жолдаулар отандық тарихымыздың қайнаркөзі ретіндегі маңызы мүлдем зерттелінбеген деуге де болады. Тек кейбір жекелеген сәттері қарастырылғанымен, тұтастай зерттеу жұмысы болып, ғылыми тұрғыдан, соның ішінде саяси-қоғамдық маңызы бар тарих ғылымы позициясынан тиісті баға беру ісі әлі де болса қолға дұрыс алынбағаны анық. Сондықтан да аталған мәселе өте өзекті болып табылады.

### **Тақырыптың талқылануы**

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында Президенттің Жолдауларының төл тарихымыздағы деректік маңызы туралы отандық ғылымда зерттеулер жүргізілмеген. Алайда, бұл тақырыптың кейбір жекелеген қырлары ғалымдардың еңбектерінде тікелей немесе жанама түрде көрініс тапқан. Екінші жағынан қарасак, аталған зерттеу проблемасы салыстырмалы түрде тың тақырып болғандықтан, бұл таң қаларлық жағдай да емес. Қалай дегенмен де, солай бола тұра біз тақырыптың зерттелу деңгейін Жолдаулардың түрлі қырларын зерттеп жүрген ғалымдардың ойларынан іздейміз.

Бұл тақырып бойынша Б.М. Сатершиновтың «Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры» [1] атты еңбегі ерекше. Автор қазақстандық қазіргі тарихи сананың жағдайы, қалып-күйіне және ондағы Жолдаудың рөліне кеңінен талдаулар жасайды.

2011 жылы «Азаттық үшін алыскандар. Солтүстік Қазақстан өңіріндегі тәуелсіздік үшін күрес тарихы» атты тақырыпта өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жарияланған белгілі ғалым әрі саясаткерлер Амангелді Айталы мен Камал Бұрхановтың ойлары да маңызды. А. Айталы өзінің «Историческое сознание как фактор стабильности казахстанского общества» [2] атты және К. Бұрханов «Историческое самосознание как основа становления государственников-патриотов» [3] атты еңбектерінде тәуелсіздік жағдайындағы тарихи сананың ерекшеліктерін зерттейді.

Отандық белгілі ғалым З. Шаукенова болса «Идейно-ценностные и политические аспекты Послания Президента Республики Казахстан» атты еңбегінде [4] қазақстандық Жолдаулар практикасын толығымен талдап, ішінде сол жолдаулардағы тарихи сана мәселесін де қамтып өтеді.

Атақты археолог ғалым К.М. Байпақов болса өзінің «Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан и задачи отечественной археологии (к подготовке 10-ти томной истории казахов и Казахстана)» атты

[5] зерттеуінде қазақстандық тарихи сананы жаңғыртудағы археологиялық зерттеулердің алатын орнын талдайды.

Зерттеуші Н.С. Лапинның «Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев и формирование исторического сознания казахстанцев» [6] ізденісі Жолдауларды салыстырмалы талдау арқылы автор ондағы тарихи сана мәселесінің қалыптасуын көрсетеді.

Саясаттанушы Е. Қарин болса «Ұлттық сананың негізі – тарихи таным, тарихи сана-сезім» [7] атты зерттеуінде тарихи сана мен ұлттық сананың жаңғыру мәселелерін талдайды.

Ал ұлттық сананы жаңғыртуға байланысты ең іргелі еңбектердің біріне өте тың жарық көрген, белгілі тарихшы ғалым, зерттеуші Ханкелді Әбжановтың «Рухани жаңғыру және ұлттық тарих» [8] кітабын жатқызуға болады. Бұл кітапта автор қазақ жастарының тәуелсіздік жылдарындағы санасының серпілуін сипаттап, ұлттық сана-сезімді жаңғыртудағы ұлттық тарих пен ұлттық кодтың маңыздылығына ерекше тоқталады.

Сонымен қатар отандық тарих ғылымындағы белгілі ғалымдар Г.Т. Телебаевтың «Жас ұрпақты қазақстандық біртектілік тұрғысынан тәрбиелеу: жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясы» [9], Т.Ә. Төлебаевтың «Рухани жаңғыру және ұлттық тарихты зерттеудің методологиясын жаңарту» [10] және С.О. Смағұлованың ««Рухани жаңғыру» және ұлттық құндылықтар» [11] сияқты зерттеулері де аталған тақырыпты қозғаған болатын.

### **Методологиялық негізі**

Зерттеу жұмысы орындалу барысында тарихи-танымдық, нарративтік әдістерден бөлек, компаративтік анализ тәсілін кеңінен қолданды. Тақырыпқа сай қарастырылған түрлі тарихи кезеңдердің немесе құбылыстардың өзара сабақтастығы сараланып, ерекшеліктері мен ұқсастықтары салыстырмалы түрде келтірілді.

Оған қоса зерттеудің тарихнамалық деңгейін және нақты зерттеу проблеманың өзін анықтауда хронологиялық принципті қатаң сақтады. Мәселенің жүйелі ұсынулы үшін Қазақстан Республикасы Президенті Жолдаулары екі тарихи кезеңге – тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің тарихындағы екі президент тұсындағы Жолдаулар болып бөлініп көрсетілді. Бұл зерттеу проблемасының берілген уақыт аралығындағы өзгерістер динамикасын анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар автор жүйелілік, жіктеу әдістерін де кеңінен қолданды. Зерттеу методологиясында проблемалық, тарихилық, объективтілік сияқты ғылыми таным принциптері мен жүйелеу, сыни-талдау әдістерін қолдану мәселені зерттеуде объективтілікке қол жеткізудің басты шарттары ретінде алынды. Аталған ғылыми-теориялық әдістер, концепциялар мен талдау проблеманы жан-жақты, терең қарастыруға, объективті тарихи қорытынды жасауға көмектесті.

## Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы практикасының тарихи маңызы

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақстандықтардың өмірі түбегейлі өзгергені сөзсіз. Ол өзгерістер саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, идеологиялық, ментальды-психологиялық тұрғыдан – барлық салаларды қамтыды.

1991 жылдан бастап мемлекеттің өмірі қарқынды жүріп жатты. Қазақстан Республикасы барлық салада дерлік реформаларды жүзеге асыра бастады. Мемлекеттің бүкіл өмірі өзгерді.

Ал 1995 жылы елде жалпыхалықтық референдум нәтижесінде жаңадан Конституция қабылданып, елдің саяси-экономикалық өміріне көптеген түрлендірулер алып келді. Солардың өзгерістердің біріне Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жыл сайынғы жасайтын Жолдауын айтуға болады. 1996 жылдан бастап Президенттің жыл сайын халыққа арнап Жолдау жасауы саяси дәстүрге айналды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауларының тарихи аспектілерін зерттегенде оны екі топқа бөліп қарастырамыз. Әрине, ол бірінші Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жасаған жолдаулар және екіншісі – 2019 жылы елдің екінші президенті болып сайланған Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдаулары деп бөлеміз.

Ал бұл жолдаулардың қандай ерекшеліктері бар? Олардың елдің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өміріндегі, жалпы қоғамның дамуындағы рөлі қандай? Тәуелсіздік алғаш алған жылдардағы жолдау мен соңғы жылдардағы жолданған жолдаулардың айырмашылықтары бар ма? Заңдық-құқықтық негізі қандай? Жалпы олардың тарихи аспектілеріне қандай сипаттама беруге болады? Міне, зерттеу жұмысымыздың осы бөлігінде аталған сұрақтардың жауаптарын табуға тырысамыз.

Сонымен ең алдымен Жолдаудың заңнамалық негізінің бар екеніне мән береміз. Себебі 1995 жылы қабылданған Конституцияның 44 бабының 1 тармағында Президенттің жыл сайын елдегі қалыптасқан жағдай туралы халыққа Жолдау жасайды деген нормалары бар [12].

Ал ең алғашқы жолдауды Президент 1996 жылы 8 қазан күні халыққа арнады [13]. Бұл кезде мемлекетте саяси-экономикалық хал-ахуал жақсы деп айтуға қиын еді. КСРО ыдырағаннан кейін еліміз дағдарыс жағдайына түсіп, экономиканың барлық салаларында қиындықтар орын алып жатты. Экономиканың нарықтық сипатқа ауысуы түбегейлі өзгерістерге әкеліп, халық ол түрленуге моральдық-психологиялық жағынан да, қаржылық жағынан да дайын емес болып шықты. Ал саяси-идеологиялық тұрғыдан халықтың коммунистік идеяға сенімдері күйреп, орнына жаңа мемлекеттік идеология орнағанша, қоғамның санасында бос «вакуум» іспеттес жағдайлар орын алды. Міне, осындай жағдайларда мемлекет басшысына қоғамның бірігуін жеделдететін, халықтың бірлігін арттыратын, олардың жарқын

болашаққа деген сенімдерін оятатын саяси құралдардың бірі керек болды. Қысқаша айтқанда, қоғамды біріктіруші күш керек болды.

Оған қоса 1996 жылы елде көптеген оқиғалар орын алды. Осы жылы екі палатадан тұратын Парламенттің алғашқы жұмысы басталды. Қазақстан алғаш рет инфляцияның қарқынын сәл де болса бәсеңдетті. Елдің экономикасын көтеру мақсатында бірнеше инвестициялық форумдар өткізіліп, Қазақстанның инвестициялық картасы әзірленді. Сыртқы саясатта Қазақстан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына қосылып, Ресей мен Иран мемлекеттерімен Каспий ресурстарын пайдалануға байланысты келісімдерге қол жеткізді.

Міне, осы аталған саяси-экономикалық жағдайлар тұсында Қазақстан Республикасы Президенті «Елдегі жағдай және 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» атты алғашқы халыққа Жолдауын жолдады [14]. Бұл бір үлкен тарихи оқиға ретінде саналды.

Біріншіден, аталған жолдау жоғарыда аталған 1996 жылғы проблемаларға қатысты жауап ретіндегі шараларды қамтыды. Оның мазмұнында барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік мәселелер түгел қамтылып кетті.

Екіншіден, бұл жолдау қоғамды біріктіруші күш ретінде де қабылданды. Жалпы алғанда мемлекеттің жағдайы қиын болып, халық кімге және қалай сенерін дұрыс анықтай алмай жатқанда оларды бір мақсатқа біріктіретін, болашақтың жарқын болатынына сендіретін саяси технология сияқты қызметті де атқарды.

Үшіншіден, тәуелсіз Қазақстанның тарихында алғаш рет мемлекет басшысы халыққа арнайы Жолдау жолдап, саяси жағдайларды сипаттаумен қатар, болашаққа қатысты реформалар мен жоспарларымен бөлісті.

Төртіншіден, 1996 жылғы жолдау егеменді мемлекеттің тарихындағы алғашқы мерейтойы – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялағанына 5 жыл толуымен тұспа-тұс келуі белгілі бір символикалық мағынаға да ие болды деуге болады. Сондықтан да алғашқы Жолдау тәуелсіздіктің алғашқы бес жылындағы атқарылған шаруалар мен кездескен қиындықтарға қатысты талдауларды да қамтып кетті.

Осылайша, Қазақстандағы Президенттің Жолдауы практикасы 1996 жылдан бастау алады. Алайда, қазіргі кезде көптеген дереккөздерде елдің өміріндегі тұңғыш Жолдау деп 1997 жылғы Жолдау көрсетіліп жатады. Бұл жерде біраз түсініспеушіліктер бар екенін аңғаруымыз қажет.

Ең алдымен, 1996 жылғы Жолдау туралы ақпарат өте аз кездеседі. Екіншіден, 1997 жылғы Жолдаудың тарихи маңызы тәуелсіз Қазақстан тарихы үшін одан да жоғары болғандықтан болар, көп жерлерде ол бірінші Жолдау ретінде қарастырылып кетеді. Ол, әрине, қате пайымдау. Сондай-ақ, үшіншіден, 1996 жылғы Жолдау туралы ақпараттың тым аздығы жоғарыдағыдай ойға жетелеуі мүмкін. Тіпті, Қазақстан Республикасы Президентінің ресми интернет сайтының өзінде «Жолдаулар» деген арнайы бөлімінде 1997 жылғы Жолдаудан бастап бері қарай жолданған жолдаулардың

тексттері салынған. Бұл да белгілі бір деңгейде түсініспеушіліктерге әкелуі әбден мүмкін екеніне мән беруіміз қажет [15].

Ал 1997 жылғы Президент Жолдауы – тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы екінші жолдау. Ол «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты тақырыпта болып, өзіндік тарихи маңызға ие болды [16].

1997 жылы Жолдау аясында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасын жариялады. Бұл ұзақ мерзімді жоспарды қамтитын үлкен программа ретінде болып, бағдарламасы 7 пункттен тұрды:

1. Ұлттық қауіпсіздік.
2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы.
3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу.
4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты.
5. Энергетика ресурстары.
6. Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс.
7. Кәсіби мемлекет [17].

Бұл пункттер елдің іргесін нығайтып, экономикасын көтеріп, саяси құрылымын жақсартуға бағытталған бағдар іспеттес деп жоспарланды және солай ұсынылды.

Сонымен қатар 1997 жылғы Жолдау өзінің мазмұны жағынан ауқымды әрі қоғамның барлық саласын қамтыған бағдарлама іспеттес болды. Жазбаша нұсқасы 41 беттен тұратын бұл жолдау тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы ең көлемді жолдау ретінде есте қалады.

Ал 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Жолдау «Елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: Қоғамды демократияландыру, жаңа ғасырдағы экономикалық және саяси реформа» деген атпен жарық көрді. Оның да өзіндік ерекшеліктері болды [18].

Алайда көтерген мәселесі бойынша бұл алдыңғы жолдаулардан кем болмады. Әсіресе Қазақстанның жағдайы әлемдік экономика контекстінде терең қарастырылып, сол заманның өзіндік талаптары мен қиындықтарына төтеп беруі туралы айтылды. Тіпті, сол кездегі Президент Н.Ә. Назарбаев Жолдаудың қандай жағдайларда жариялануын өз сөзінде анық түсіндірді. Мәтінде «Сіздерге тарихи бетбұрыс кезеңінде Жолдау арнап отырмын. Әлем драмалық тұрғыдан өзгерді» деп айтуының өзі ғасырлар тоғысындағы әлемнің және Қазақстанның жағдайы жіті назарда болу керектігін меңзейді [19].

1998 жылғы Жолдауда басым бағытты елдің әлеуметтік жағдайына назар аударды. Елдің қаржылық-нарықтың хал-ахуалына қатысты кезек күттірмес тапсырмалар берді. Олай жасамаса болмас еді, - осы кезде Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен қаржылық дағдарыстың лебі сезіле бастап еді. Міне, осыған қарсы шаралар аталған Жолдауда көрініс тапты.

Сонымен қатар 1998 жылғы Жолдау мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты бойынша да, саяси-экономикалық жағдайлар бойынша да өзекті мәселелерді қамтып отырды.

Әрине, әр жылдағы Жолдаудың өзіндік ерекшелігі мен маңызы зор. Алайда 1999 жылғы 15 желтоқсандағы Президенттің «Елдің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» атты Жолдауын [20] ерекшелеп алуға да болады. Бұл Жолдау басқа жолдауларға қарағанда ең қысқа жолдаулардың бірі. Оның мазмұны да, көлемі де ықшамды болды. Оның да өз себебі бар.

1999 жылғы Жолдау негізінен XX-XXI ғасырлар тоғысындағы жаңа өзгерістер тұсындағы жаңа қауіптер мен тұрақтылық мәселелеріне қатысты болды. Бұл кезде әлемнің жер-жерлерінде «ыстық нүктелерде» («горячие точки») түрлі қақтығыстар орын алып жатты. Еуразия кеңістігінің өзінде бірнеше локальдық соғыс ошақтары болып жатты. Ал Орталық Азия аймағында, әсіресе Ауғанстан мен Пәкістан аумақтарында түрлі қызметі рұқсат етілмеген террористік-экстремисттік қозғалыстардың қызметтері қайтадан жанданып жатқан тұсы еді.

Міне, осындай жағдайдың алаңсыз отырмайтын кезінде Президенттің бір жолдауды негізінен қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселесіне арнауы – өте орынды бастама еді. Бұл онсыз да пісіліп, жетіліп отырған мәселелер еді. Сондықтан осындай қордаланған мәселелерді көтеру өте өзекті болды. Осылайша, 1999 жылғы Жолдаудың ең қысқа жолдаулардың бірі болуы да осы қарастырылған мәселелер ауқымында болды.

Екінші жағынан, 1999 жылғы Жолдау тек қана ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздік мәселелеріне ғана арналмады, – ол Жолдауда көтерілген мәселелер сол кездегі бүкіл ортаазиялық, посткеңестік елдерге тән проблемалар еді. Сондықтан осы Жолдауда көтерілген мәселелер өзіміздің, елдің ғана емес, жалпы аймақтың, бүкіл посткеңестік кеңістіктегі қауіпсіздік мәселелерін шешуге де бағытталған шаралар еді.

Осы 1999 жылғы Жолдаудың ең айшықты тұсы – Президенттің сөйлеген сөзіндегі бір ойдың бүкіл Жолдаудың негізгі миссиясын ашатынына мән береміз. Жолдаудың мазмұнында мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мәселесіне қатысты қандай да бір заңсыз әрекеттер Ата заң аясында қарастырылатыны туралы айтылады, ал осы заңдық емес жолмен жасалынған саяси қызмет, мысалы, билікті күшпен немесе басқа да конституциялық емес тәсілдермен басып алуды «тозаққа апапар жол» деп бағалады [20].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 24 қазандағы Жолдауы «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға қадам» деген атпен жарық көрді. Бұл да өзіндік ерекшеліктерге ие [21].

Жалпы 2000 жыл – әлемдегі жаңа мыңжылдықтың бастауы Қазақстан үшін оң өзгерістермен басталды. Саяси тұрақтылып орнап, экономикалық өсімнің алғашқы нәтижелері көріне бастады. Оған қоса елдің, қоғамның мәдени, әлеуметтік өміріне қатысты да көптеген мемлекеттік шаралар да жүзеге асырылды.

---

Сондықтан да болар осы жылғы жолдаудың басқаларға карағанда ерекшеліктерінің бірі оның атауында болды. 2000 жылғы Жолдаудың атауы алдыңғы жолдаулар сияқты проблемалық қойылым сипатында емес, осы жолы атауы – нақты мемлекеттік позицияны білдіріп тұрғандай әсер қалдырады. Осылайша ХХІ ғасырға аяқ басып бара жатқан қазақстандық қоғам Жолдаудың атауында берілгендей еркін, тиімді әрі қауіпсіз қоғам құрады деген ойды меңзейді.

Бұдан кейінгі Жолдау 2001 жылғы 3 қыркүйекте болды. «Елдегі жағдай және 2002 жылға ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» деген атаумен жарияланған бұл жылғы Жолдау [22] Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығына тұспа-тұс келді.

Осыған орай Парламенттің алдында сөйлеген сөзінде Қазақстанның сол кездегі Президенті Н. Назарбаев тәуелсіздік туы астында өткен 10 жыл туралы айтып, оның жетістіктері мен қиындықтары туралы да сөз қозғады.

Келесі 2002 жылы 29 сәуірдегі Президенттің Жолдауы «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылға негізгі бағыттары туралы» деген тақырыпқа ие болды. Бұл Жолдау атауында айтып тұрғандай мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына қатысты өзекті мәселелерді көтерді [23].

Атап айтқанда, ішкі саясатқа байланысты басты көтерген проблема – ауыл мәселесі болды. Қазақстанның ауылдары – елдің ауыл шаруашылығының негізі екенін бөлек, ол халықтың көп бөлігі тұратын әкімшілікті ұяшық екені ескеріле отырып, ауылдың жалпы хал-ахуалын көтеру мен жақсартуға байланысты кешенді шараларды қолға алуды Үкіметке тапсырды. Сол үшін де 2003-2005 жылдарды «Ауыл жылы» деп атап, барлық атқарылар істер осы науқан аясында тез қарқынды даму керек деген жоспарын айтты.

Ал сыртқы саясат бойынша Президент Жолдауда аймақтық қауіпсіздік мәселелерін көтерді. Әсіресе, Орталық Азиядағы, соның ішінде, Ауғанстан жерінен келуі мүмкін түрлі қауіп-қатерлерді еңсеру үшін түрлі шаралар кешенін жүзеге асыру керектігі айтылды. Аталған мәселелердің барлығы осы Жолдауда жарқын көрініс тапты.

Бұдан кейінгі 2003 жылғы 4 сәуірдегі Жолдау «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға негізгі бағыттары» деген тақырыппен жарияланды [24]. Н.Ә. Назарбаевтың өзінің естеліктерінің бірінде осы Жолдау туралы: «2003 жылғы Жолдау еліміздің ұзақ мерзімді «Қазақстан-2030» бағдарламасына сай, онжылдық стратегиялық жоспарға сәйкес дамып келе жатқанын және сапалық өсудің жаңа деңгейіне шығуға әбден дайын екенін көрсетті» [25, 179] деген ойы оның маңызын аша түседі.

Сонымен қатар 2003 жылғы Жолдаудың тағы бір басты ерекшелігі – Президент «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарламаны жариялады. Бұл бағдарлама кейіннен бірнеше кезеңмен жүзеге асырылып, ұлт пен халықтың игілігі үшін қызмет еткені белгілі.

Ал 2004 жылғы Жолдау осы жылдың 19 наурызы жарияланып, «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» деген атауға ие болды [26].



Бұл Жолдау тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында бар қиындықтарды ескеріп, ендігі кезекте экономикалық өсім көрсете бастаған отандық экономикамыздың бәсекеге қабілетті бола бастаған тұсында жарияланды. Тіпті, бұл көрсеткіштер атақты шетелдік аналитикалық компаниялар тарапынан да осылай аталып өтілді.

Сондай-ақ осы жылғы Жолдауда алғаш рет қолданылған «бәсекеге қабілеттілік» деген ұғым бұдан кейінгі жолдауларда да кеңінен қолданыла бастайды.

2005 жылғы 18 ақпандағы кезекті Президенті Жолдауы болды. Бұл жолы тақырып «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» болды [27].

Бұл Жолдауда Президент қазақстандық экономиканың әлемдегі ең қарқынды әрі ең тиімді дамып келе жатқан елдердің қатарына қосқаны және ол көрсеткіштер арнайы халықаралық сарапшы мамандар мен агенттіктердің ресми есептерінде көрініс тапқаны туралы айтылады.

Сондай-ақ осы жылғы Жолдау халықтың әлеуметтік мәселелелеріне көп көңіл бөлді. Зейнетақы, жалақы, шәкіртақы мен пособие мөлшерлерін қарастырып, тұрғын-үй мәселелері жоғары деңгейде қарастырылды. Аталған мәселелер бойынша тиісті тапсырмалар беріліп, кей жағдайларда арнайы мемлекеттік бағдарламалар да әзірленді.

2006 жылғы Жолдау да тарихтағы өз ерекшеліктерімен есте қалды. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында! Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты тақырыпта болған бұл Жолдаудың алдына қойған мақсаттары мен міндеттері басқалардан өзгеше болғаны анық [28].

Бұл жылғы Жолдауда мемлекеттің экономикасын барынша әртраптандыру мен жаңарту, сапалық серпілісін арттыру, әлеуметтік саясатты жандандыру сияқты қызметтер арқылы елді әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елдер қатарына қосу мақсаты айқындалды. Сол мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін жеті бағыт көрсетіліп, нақты шаралар кешені белгіленді.

Ал келесі 2007 жылғы Жолдау осы 2006 жылғы Жолдаудың логикалық жалғасы бола отырып, мемлекет алдына тағы да ерекше мақсаттар қойды. Жолдаудың тақырыбы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан!» деп аталды [29]. Аталған Жолдаудың негізгі кілт сөзі – «Парасатты экономика» құру болды.

Бұдан кейінгі 2008-2009 жылдар еліміздің ғана емес, әлем экономикасы үшін небір қиындықтарға толы болғаны сөзсіз. Дүниежүзілік қаржылық дағдарыстың әсері барлық мемлекеттерді шарпып өтіп, соның ішінде Қазақстан да қалыс қалмағаны белгілі. Еліміздің экономикасы құлдырау көрсеткіштерін көрсетпесе де, жекелеген салаларда ілгерілеушілік байқалмай, стагнация жағдайында тұрып қалды. Міне, осындай жағдайларда жасалатын Жолдау халықтың талап-міндеттеріне, мүдделеріне сай болуы маңызды шарт болғаны айдан анық.

Сонымен осындай дағдарыстық жағдайлар тұсында 2008 жылы Жолдаудың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты

мақсаты» деп [30], ал 2009 жылғы – «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты [31] тақырыптарда болуы Жолдаудың заман талабы мен қалыптасқан жағдайларға уақытында әрекет ететініне көз жеткізді. Аталған екі жолдау да жаһандық дағдарысқа қатысты мемлекет тарапынан қайтарылған жауап іспеттес болды.

Екеуі де бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қарастырып, халықтың хал-ахуалын жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға басты назарды аударды. Әсіресе, әлеуметтік осал топ өкілдері мен ана мен балаға көңіл ерекше бөлінді.

Осылайша, 2008-2009 жылғы Жолдаулар дағдарыстық жағдайларға реакция ретінде қарастырылса, постдағдарыстық жағдайға байланысты алғашқы Жолдау 2010 жылы 29 қаңтарда жарияланды. Оның атауы да дағдарысты еңсерген мемлекеттің ұстанымын білдіріп тұрды: «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» [32].

Осы жолғы Жолдаудың ерекшелігі тек қана дағдарыстан кейінгі кезеңдегі жағдайларға байланысты болмады. Оның екінші бір ерекшелігі – Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет ретіндегі тарихының үшінші онжылдығына аяқ басып бара жатты. Бұл, бір жағынан, өткен уақытта мемлекет белгілі бір тәжірибе жинақтап, экономикасын жақсартуға мүмкіндік алғанын білдірсе, екінші жағынан, елдің экономикасының алдында әлі де атқарылар міндеттердің жетерлік екенін білдірді. Сондай-ақ, 2010 жылғы Жолдау 2008-2009 жылдарда орын алған әлемдік қаржылық дағдарыстан тарихи сабақтар ала отырып, болашаққа бағдар жасау керектігін жіті түсінді. Сондықтан да 2010 жылғы Жолдау экономиканың диверсификациялануы, инвестициялық климаттың жақсаруы, модернизация процестерінің жандануы сияқты мәселелерді қамтыды.

Дегенмен осы жолдауда аталған кейбір мәселелер келесі жолдауларда өзінің логикалық сабақтастығын тапты. Мысалы, 2011 жылдың 28 қаңтарында жарияланған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» [33] және 2012 жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» [34] атты жолдауларын атауға болады. Бұл жылдары сол бір 2008-2009 жылдардағы дағдарыстың қиындықтары толыққанды еңсеріліп бітпегендіктен, бұлар сол қиындықтарды толыққанды жеңіп қана қоймай, болашаққа нық қадамдар жасауға бағыттады. Ол мақсатқа жетудің бір жолы ретінде аймақтардың экономикалық көрсеткіштерін көтеру, халықтың әлеуметтік жаңғыруына жағдай жасау болды.

Сонымен қатар осы 2012 жылы тағы да бір Жолдау жарияланды. Әдетте Президент өзінің халыққа Жолдауын жылдың басында арнап отырса, осы жолы 2013 жылға деген Жолдауын 2012 жылдың соңында – 2012 жылы 14 желтоқсанда арнады. Осы жолғы тақырып «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» болды [35].

Осы Жолдаудың басты ерекшелігі – мемлекет басшысының бұған дейін қойған мемлекеттік межесі – әлемнің дамыған 50 елінің қатарына қосылу мақсаты орындалғанын айтып, ендігі кезекте еліміз жаңа белестер мен

жаңа жетістіктерге ұмтылу керектігін айтты. «Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-орынды иеленді. Біз бүгін осы мақсатымызға таяқ тастам ғана қалдық... Қазақстан ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс». Міне, бұл халыққа бір сәтте мақтаныш пен жарқын болашаққа сенім деген сияқты сезімдерді қатар сыйлаған сәт болды.

2014 жыл 17 қаңтарда Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауын арнады [36]. Бұл Жолдаудың басты идеясы – сонау түркі дүниесінен келе жатқан ұлы ұғым – Мәңгілік ел идеясы болды. Жолдауда Н.Ә. Назарбаев осыған қатысты өз ойын: «Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым» деп ойын топшылаған.

Ал 2015 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы 30 қарашада жарияланды. Бұл жолғы тақырып «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» [37] болды. «Давос экономикалық форумының Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі көрсеткіші бойынша Қазақстан әлемде 42-ші орынға ие болды» дегені осы Жолдаудың ең бір көңіл аударарлық жері болды. Сондай-ақ аталған Жолдау елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына көп назар аударатынын байқатты.

Келесі Жолдау 2017 жылы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деген тақырыппен 31 қаңтарда жарияланды [38]. Жолдауда еліміздің жеткен жетістіктері аталып өтіліп, артынан болашаққа қойылатын міндеттерді қамтыды. Бұл міндеттер көбінесе әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша болды.

2018 жылы тағы бір ерекше оқиға орын алды. Бұл жылы Н.Ә. Назарбаев бір емес, екі мәрте Жолдау жасады. Біріншісі жылдың басында – 10 қаңтар күні «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты тақырыппен болса [39], екіншісі – 5 қазан күні «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» [40] атты тақырыппен жолданды. Екіншісі жылдың аяғына қарай жарияланғанына және мазмұнына қарағанда ол, шамасы, 2019 жылға арналған Жолдау болу керек деп топшылаймыз.

Сонымен бұл жолдаулардың да басты қозғаған мәселелері, бірінші кезекте, елдің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты болды. Халықтың барлық топ өкілдерінің әлеуметтік тұрғыдан қорғалуы мемлекеттің басты парыздарының бірі екені нақтылан өтілді.

Әсіресе, осы жолдауларда ерекше қызығушылық тудырғаны қазақстандық қоғамның латын әліпбиіне көшу және ұштұғырлы тілдік қоғам құру керектігі айтылды. Бұл, біріншіден, латын әліпбиі арқылы қазақстандық қоғамның тарихи санасын рухани тұрғыдан жаңғыртуды көздесе, екінші жағынан, қазақстандық азаматтардың әлемдік бәсекеге қабілетті болуын көздейтін стратегиялық үлкен шараларды қамтиды.

---

Келесі 2019 жылдан бастап Қазақстандық Жолдау практикасында үлкен өзгеріс орын алды. Еліміздің президенттік жолдаулары тарихының екінші кезеңі басталды. Бәріміз білетіндей, 2019 жылы 19 наурызда Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев президенттік қызметін босатынын айтып, артынша 9 маусымда болған президенттік сайлау жеңіске жеткен Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа мемлекет басшысы ретінде тағайындалды. Міне, сол 2019 жылы алғашқы Жолдауын арнаған жаңа президент осы күнге дейін – 2022 жылға дейін 4 мәрте Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Сонымен жаңа басшы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ең алғашқы жолдауы 2019 жылы 2 қыркүйекте «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты тақырыппен жүзеге асты [41]. Екінші президенттің бірінші Жолдауының басты кілт сөзі – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру принципі болды. Сондай-ақ Жолдауда Қ. Тоқаев келесі 2020 жылы әл-Фараби бабамыздың 1150 және ұлы ақын Абайдың 175 жылдығын атап өту маңызын да тілге тиек етті.

Ал Президенттің 2020 жылы 1 қыркүйектегі Жолдауы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деп аталды [42]. Бұл шынымен де жаңа жағдайлардағы жолдау болды. Себебі, бәріміз білетіндей, осы 2020 жылы наурыздың бас кезінде бүкіләлемдік пандемия жағдайы басталып, өмірдің кейпі мен ағыны өзгерді. Қорқыныш пен үрей бойлаған уақытта халықтың әлеуметтік-экономикалық қамтылуына сенім ұялату осы жылғы Жолдау үшін өте маңызды мәселе болды. Халық тарапынан да осы жылғы Жолдаудың мазмұны бұрынғыдан әлдеқайда өзгерек, әлдеқайда маңыздырақ болды. Сондықтан да бұл жолдау қазақстандық қоғам үшін өте өзекті болды.

Осылайша 2020 жылғы Жолдау қоғамның барлық саласына қатысты проблемаларды қозғап, соның ішінде, әсіресе, халықты бүкіләлемдік пандемия жағдайында әлеуметтік, медициналық жағынан қорғау мәселелері бірінші кезекке қойылды.

Бұдан кейінгі Жолдау 2021 жылы 1 қыркүйек күні «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты тақырыппен жүзеге асты [43]. Бұл Жолдау әлемді жаулаған пандемиядан аман-есен шығудың жолын іздеген, оның салдарлары мен қиындықтарын жоюға бағытталған шараларды қамтыды.

Ал 2022 жылы Президент Жолдауы жылдағы уақыттан ертерек орын алды. Оның да өзіндік саяси себептері бар. 2022 жылдың қаңтар айының басында елдегі орын алған тәртіпсіздік оқиғалары салдарынан Қазақстан Республикасы Президенті алдымен елде төтенше жағдайды енгізіп, артынан мемлекеттің құрылымына қатысты әкімшіліктік-саяси реформалар жасау керектігін айтты. Міне, сол реформалар мен өзгерістерге қатысты ойларын жылдағы әдеті бойынша қыркүйек айында емес, кезек күттірмес мәселе болғандықтан, 2022 жылдың наурыз айының 16 жұлдызында Жолдау жариялауына тура келді. Бұл жолғы Жолдау «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» [44] атты тақырыпта болды және бұл тәуелсіз Қазақстан

тарихындағы ең елеулі әрі реформаларға толы Жолдау болды. Бұл жолғы реформалар терең өзгерістерді қамтыды. Тіпті Президент өкілеттілігінен бастап, бүкіл билік аппараты, елдің әкімшіліктік-аумақтық бөлінісі, саулау жүйесі – жалпы мемлекеттің көптеген салаларын реформалау бойынша нақты ұсыныстар жасады. Осылайша бұл жылғы жолдау елдің саяси өмірін түбегейлі өзгертуге бағытталған кешенді шараларды қамтығаны айдан анық.

Сонымен қатар осы 2022 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тағы да халыққа Жолдауын арнады. Осы жолы Жолдау әдеттегідей күзде, қарқүйектің басында орын алды да, ол алдағы 2023 жылға бағытталды. Ол Жолдаудың ресми тақырыбы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» болды [45]. Жалпы бұл жолдаудың атауының өзі Президент пен биліктің негізгі мақсатын көрсетіп тұрғандай әсер қалдырады. Себебі Қ.-Ж. Тоқаев жолдауда: «Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жана, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс» деп бастап, елдегі өзгерістердің қоғамды біртұтас болып бірігуі мен еліміздің өркендеуіне бағытталуы керек екенін нақты көрсетті. Сондай-ақ мемлекет басшысы осы жолдауында көптеген саяси-экономикалық реформалардың бастау алатынын атап өтті.

### **Қорытынды**

Жалпы қорыта айтқанда, 1996 жыл мен 2022 жыл аралығындағы Президент Жолдауларын талқылау арқылы төмендегідей ой-тұжырымдар жасауға мүмкіндік аламыз.

Біріншіден, Қазақстанда Президенттің халыққа Жолдау жасау практикасы 1995 жылғы Конституцияда заңдық негізге ие болғаннан кейін басталған саяси дискурс екені анық. Осы уақытқа дейін тәуелсіз Қазақстан тарихында барлығы 28 мәрте халыққа Жолдау жолданды. Оның 23-і Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еншісінде болса, соңғы төрт жылдағы (2019-2022 жж.) бес жолдауды қазіргі мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жолдаған. Сондықтан да қазақстандық Жолдаулар тарихын екі кезеңге бөліп қарастырған дұрыс болады.

Екіншіден, Нұрсұлтан Назарбаев тұсында жолдаулар әдетте жылдың әр түрлі уақытында жүзеге асырылып отырды. Сонау XX ғасырдың 90-жылдарының аяғында күз айларында болса, 2000-жылдардың басында Н. Назарбаев Жолдауды көбінесе жылдың бас кезінде – ақпан-наурыз айларында жариялап жүрді. 2010-жылдардан бастап, тіпті, қаңтар айына ауыса бастады. Алайда бұл қатып қалған ереже, қағида болмаған рас. Себебі кейбір жылдардағы жолдауларда уақыт кестесі мен аралық жиіліктері әрдайым сақтала берді деп айта алмаймыз.

Мысалы, 2012 жылы қаңтарда және желтоқсанда екі рет Жолдау болды. Екіншісі жылдың соңында болды да, ол 2013 жылға арналды. Есесіне 2013 жылы Жолдау болмады. Немесе 2016 жылды алып қарасақ болады. 2015 жылы

---

қарашаның соңында болғаннан кейін, 2016 жылы болмай, 2017 жылдың басында келесі жолдау бірақ болды. Мұнда да интервал жиілігі сақталмады. Ал 2018 жылы жылдың басындағы орындалған Жолдау сол жылға арналған, ал жылдың соңындағысы – келесі 2019 жылға арналған болатын деп қабылдау керек. Алайда келесі 2019 жылы жаңа сайланған президент Қ. Тоқаев 2019 жылы соған қарамастан өзінің алғашқы Жолдауын жариялаған болатын.

Үшіншіден, екінші президент Қ. Тоқаевтың тұсында орын алған төрт жолдаудың үшеуі бір уақытта – әр жылдың қыркүйек айының басында болып жүрді. Алайда 2022 жылдың «қаңтар оқиғасы» жоспарды өзгертіп, осы жылғы Жолдаудың ертерек жүзеге асырылуына түрткі болды. Сондықтан да осы жылғы жолдау наурыз айында жарияланды. Алайда бұдан кейінгі Жолдау сол әдеттегідей қыркүйек айының басында орын алды.

Төртіншіден, жылдағы жолдаулардың мазмұндарын салыстырып қарасақ, барлық мәтіндердің жартысынан көбі елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін қамтиды. Ал саяси-идеологиялық, әкімшіліктік, мәдени-рухани мәселелер екінші маңыздылықта тұр.

Бесіншіден, қазақстандық Президент Жолдауы практикасы елдегі ауқымды шаралар мен мемлекеттік бағдарламаларды жариялау мен ұсынудың ерекше платформасы іспеттес қызметті атқарады. Сонау 1997 жылғы «Қазақстан 2030» стратегиясынан бастап «Мәдени мұра», «Мәңгілік ел», «Цифрландыру саясаты», «Дамыған 50 елдің қатарына кіру», «Дамыған 30 елдің қатарына кіру», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет құру идеясы» деген сияқты басқа да түрлі мемлекеттік саясат пен жоспарлардың барлығы осы Жолдаулар арқылы елге жол тартқанын көре аламыз.

Алтыншыдан, барлық жолдаулар белгілі бір уақыттың қиындықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып құрылғанын, сондай-ақ олардың сол талаптарға сай әрі икемделіп бағдарламалар жасағанын анық көре аламыз. Басқаша айтқанда, жолдаулардың кез келген заман талабына сай реакция көріністеріне ие екенін көреміз.

Тіпті, жолдаулардың тақырыптарының өзі белгілі бір сәт пен кезеңдегі жағдайдың проблемалары немесе олардың шешімдерін ұсынатындай сипатта екенін байқауға болады. Әрбір атау – белгілі бір ойды, мақсатты көздейтіні, Президент пен биліктің межелерін айқындайтыны анық.

Жетіншіден, Қазақстан Президентінің халыққа жолдауы құрылымы бойынша бір адресатқа – Қазақстан халқына бағытталады. Мазмұны бойынша үш уақыттық белдеуді – Қазақстанның өткенін, қазіргі жағдайы мен болашаққа бағдарларын қамтиды.

Сегізіншіден, қалай дегенмен де, аталған жолдаулардың барлығы белгілі бір деңгейде тәуелсіз Қазақстанның тарихы бойынша ерекше қайнаркөз – деректер ретіндегі маңызы зор екенін естен шығармауымыз керек.

Оған қоса жолдаулардың мазмұны көптеген мәселелерді қамтығанына байланысты осы жолдарлар Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өмірін зерттеуге құнды деректер бере

алады. Соның ішінде, жолдаулардың мазмұны қазақстандық тарихи сананы жаңғыртуға байланысты зерттеу жұмысына да маңызды ақпарат беретін дереккөздер ретінде қызмет ете алатынын естен шығармау керек.

Осылайша, жоғарыда аталған тұжырымдар негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдау жасау практикасының тарихи аспектілеріне баға бере аламыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сатершинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБӨ, 2011. – 291 б.
2. Айталы А. Историческое сознание как фактор стабильности казахстанского общества // Азаттық үшін алысқандар Солтүстік Қазақстан өңіріндегі тәуелсіздік үшін күрес тарихы: Халықар. ғыл.-практ. конф. материалдары. История борьбы за независимость в Северном Казахстане: Мат-лы междунар. науч.-практ. конф. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – С. 37-43.
3. Бурханов К.Н. Историческое самосознание как основа становления государственников-патриотов // Азаттық үшін алысқандар Солтүстік Қазақстан өңіріндегі тәуелсіздік үшін күрес тарихы: Халықар. ғыл.-практ. конф. материалдары. История борьбы за независимость в Северном Казахстане: Мат-лы междунар. науч.-практ. конф. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – С. 23-36.
4. Шаукенова З. Идеино-ценностные и политические аспекты Послания Президента Республики Казахстан. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 205 с.
5. Байпаков К.М. Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан и задачи отечественной археологии (к подготовке 10-ти томной истории казахов и Казахстана) // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук. – Сентябрь-октябрь 2014 г., № 5 (297). – С. 226-232.
6. Лапин Н.С. Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев и формирование исторического сознания казахстанцев. – Астана: «БиКА», 2017. – 296 с.
7. Қарин Е. Ұлттық сананың негізі – тарихи таным, тарихи сана-сезім // URL:<https://old.abai.kz/content/erlan-karin-sayasattanushy-yltтыk-sananyн-negizi-tarikh-i-tanyм-tarikh-i-sana-sezim>
8. Әбжанов Х. Рухани жаңғыру және ұлттық тарих. Алматы, 2020. – 256 б.
9. Телебаев Г.Т. Жас ұрпақты қазақстандық біртектілік тұрғысынан тәрбиелеу: жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясы / Г.Т. Телебаев // Білім – Образование. – 2017. – № 1 (80). – Астана, 2017. – 50–56-б.
10. Телебаев Т.Ә. Рухани жаңғыру және ұлттық тарихты зерттеудің методологиясын жаңарту // <https://articlekz.com/kk/article/24575>
11. Смағұлова С.О., Дүйсенова Н.К. «Рухани жаңғыру» және ұлттық құндылықтар // URL:<https://articlekz.com/kk/article/24574>
12. Қазақстан Республикасы Конституциясы // URL:[https://adilet.zan.kz/ru/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/ru/docs/K950001000_)
13. Летопись Независимости: 1996 – Президент РК впервые обратился с Посланием к народу Казахстана // URL:[https://www.inform.kz/ru/20-let-nezavisimosti-1996-prezident-rk-vpervye-obratilsya-s-poslaniem-k-narodu-kazahstana\\_a2962533](https://www.inform.kz/ru/20-let-nezavisimosti-1996-prezident-rk-vpervye-obratilsya-s-poslaniem-k-narodu-kazahstana_a2962533)
14. «Елдегі жағдай және 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының негізгі қағидаларын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары туралы // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P960001289\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P960001289_)
15. Послания // <https://www.akorda.kz/ru/addresses?page=3>
16. «Қазақстан - 2030» стратегиялық даму бағдарламасы Қазақстанның өсіп-өркендеуінің кепілі // URL:<https://abai.kz/post/15039>
17. Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030_)
18. Қазақстанның қарышты қадамдары // URL:<https://egemen.kz/article/1800-qazaqstannynh-qaryshty-qadamdary>
19. Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010002002\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010002002_)
20. Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990001999\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990001999_)

21. Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға қадам // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K000002000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K000002000_)
22. Елдегі жағдай және 2002 жылға ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010002002\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010002002_)
23. Об основных направлениях внутренней и внешней политики на 2003 год // URL:[https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-aprel-2002-g\\_1342416567](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-aprel-2002-g_1342416567)
24. Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға негізгі бағыттары // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030002004\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030002004_)
25. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
26. Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін! // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K040002005\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K040002005_)
27. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K050002006\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K050002006_)
28. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында! Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K060002007\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K060002007_)
29. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан! // URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007_)
30. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext=>
31. Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakistan-khalkyna-zholdauy-2009-zhylhy-6-nauryz\\_1342854661](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakistan-khalkyna-zholdauy-2009-zhylhy-6-nauryz_1342854661)
32. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-khalykka-zholdauy-2010-zh\\_1341123470](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-khalykka-zholdauy-2010-zh_1341123470)
33. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100002011>
34. Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakistan-khalkyna-zholdauy-27-01-2012zh\\_1341124121](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakistan-khalkyna-zholdauy-27-01-2012zh_1341124121)
35. Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan)
36. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar)
37. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500002015>
38. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysyn-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysyn-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar)
39. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar)
40. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysyn-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysyn-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan)
41. Сындалры қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy)
42. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі // URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek)
43. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі // URL:<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-183555>
44. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы // URL:<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-1622340>
45. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // URL:<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-181416>



## REFERENCES:

1. Satershinov B.M. Tarikhi sana – taelisizdiktin rukhani tugyry [Historical consciousness is the spiritual foundation of independence]. – Almaty: KR BGM GK FzhSI KBO, 2011. – 291 b.
2. Aitaly A. Istoricheskoye soznaniye kak faktor stabil'nosti kazakhstanskogo obshchestva [Historical consciousness as a factor in the stability of Kazakhstani society]. Istoriya bor'by za nezavisimost' v Severnom Kazakhstane: Mat-ly mezhdunar. nauch.-prakt. konf. [The history of the struggle for independence in Northern Kazakhstan: Materials of the international. scientific-practical. conference] – Almaty: “Kazakh entsiklopediasy” – “Kazakh encyclopedia”, 2011. – s. 37-43.
3. Burkhanov K.N. Istoricheskoye samosoznaniye kak osnova stanovleniya gosudarstvennikov-patriotov [Historical self-awareness as the basis for the formation of statesmen-patriots]. Istoriya bor'by za nezavisimost' v Severnom Kazakhstane: Mat-ly mezhdunar. nauch.-prakt. konf. – The history of the struggle for independence in Northern Kazakhstan: Materials of the international. scientific-practical. conference – Almaty: “Kazakh entsiklopediasy” – “Kazakh encyclopedia”, 2011. – C. 23-36.
4. Shaukenova Z. Ideyno-tsennostnyye i politicheskiye aspekty Poslaniya Prezidenta Respubliki Kazakhstan [Ideological, Value and Political Aspects of the Message of the President of the Republic of Kazakhstan]. – Almaty: IFPR KN MON RK, 2013. – 205 s.
5. Baipakov K.M. Kontseptsiya stanovleniya istoricheskogo soznaniya v Respublike Kazakhstan i zadachi otechestvennoy arkheologii (k podgotovke 10-ti tomnoy istorii kazakhov i Kazakhstana) [The concept of the formation of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan and the tasks of domestic archeology (for the preparation of a 10-volume history of the Kazakhs and Kazakhstan)]. Izvestiya Natsional'noy akademii nauk Respubliki Kazakhstan. Seriya obshchestvennykh i gumanitarnykh nauk. – Sentyabr'-oktyabr' – Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences. – September-October 2014., № 5 (297). – s. 226-232.
6. Lapin N.S. Prezident Respubliki Kazakhstan N.A. Nazarbayev i formirovaniye istoricheskogo soznaniya kazakhstantsev [President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev and the formation of the historical consciousness of Kazakhstanis] – Astana: “BiKA”, 2017. – 296 s.
7. Karin Ye. Ul'tytk sananyn negizi – tarikhi tanym, tarikhi sana-sezim. URL: <http://old.abai.kz/content/erlan-karin-sayasattanushy-ylytyk-sananyn-negizi-tarikhi-tanyim-tarikhi-sana-sezim> (accessed: 31.05.2023)
8. Abzhanov Kh. Rukhani zhangyru zhane ul'tytk tarikhi [The spiritual revival and the native history]. Almaty, 2020. – 256 b.
9. Telebayev G.T. Zhas urpakty kazakhstandyk birtektilik turgysynan tarbieleu: zhalpyul'tytk “Mangilik el” ideyasy [Education of the younger generation in the context of Kazakhstan's identity: the idea of the National “Mangilik El”] / G.T. Telebayev. Bilim – Education. – 2017. – № 1 (80). – Astana, 2017. – 50–56-b.
10. Tolebayev T.A. Rukhani zhangyru zhane ul'tytk tarikhty zertteudin metodologiyasyn zhanartu [Modernization of the methodology of spiritual revival and research of national history]. URL: <https://articlekz.com/kk/article/24575> (accessed: 31.05.2023)
11. Smagulova S.O., Duisenova N.K. “Rukhani zhangyru” zhane ul'tytk kundylyktar [The spiritual modernization and national values]. URL: <https://articlekz.com/kk/article/24574> (accessed: 31.05.2023)
12. Kazakhstan respublikasy Konstitutsiasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan]. URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_) (accessed: 31.05.2023)
13. Letopis' Nezavisimosti: 1996 – Prezident RK v pervyye obratilsya s Poslaniyem k narodu Kazakhstana [Chronicle of Independence: 1996 - The President of the Republic of Kazakhstan addressed the people of Kazakhstan for the first time]. URL: [https://www.inform.kz/ru/20-let-nezavisimosti-1996-prezident-rk-vpervyye-obratilsya-s-poslaniem-k-narodu-kazakhstana\\_a2962533](https://www.inform.kz/ru/20-let-nezavisimosti-1996-prezident-rk-vpervyye-obratilsya-s-poslaniem-k-narodu-kazakhstana_a2962533) (accessed: 31.05.2023)
14. «Eldegi jaǵday jáne 1997 jilǵa arnalǵan ishki jáne sırtqı sayasattıń negizgi baǵıttarı twralı» Qazaqstan Respwblıkası Prezidentiniń Qazaqstan xalqına Joldawınıń negizgi qaǵıdaların júzege asırw jónindegi şaralar josparı twralı [On the plan of measures to implement the main principles of the Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan “On the situation in the country and the main directions of internal and foreign policy for 1997”]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P960001289\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P960001289_) (accessed: 31.05.2023)
15. Poslaniya [Messages]. URL: <https://www.akorda.kz/ru/addresses?page=3> (accessed: 31.05.2023)
16. «Qazaqstan - 2030» strategialyq damu baǵdarlamasy Qazaqstannyń ósip-órkendeuinıń kepili [The strategic development program “Kazakhstan-2030” is the key to the growth and prosperity of Kazakhstan]. URL: <https://abai.kz/post/15039> (accessed: 31.05.2023)
17. Qazaqstan - 2030. Barlyq Qazaqstandyqtardyń ósip-órkendeu, qaupısızdıǵı jáne ál-

- auqatynyń artuy [Kazakhstan - 2030. Increasing prosperity, security and well-being of all Kazakhstanis]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030_) (accessed: 31.05.2023)
18. Qazaqstannyń qarysty qadamdary [Breakthrough steps of Kazakhstan]. URL: <https://egemen.kz/article/1800-qazaqstannynh-qaryshty-qadamdary> (accessed: 31.05.2023)
19. Eldegi jaǵdai jáne 2002 jylǵy işki jáne syrtqy saiasattyń negizgi baǵyttary turaly [About the situation in the country and the main directions of domestic and foreign policy in 2002]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010002002\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010002002_) (accessed: 31.05.2023)
20. Elimızdın jańa ǵasyrdaǵy túraqtylyǵy men qaupsızdıǵı [Stability and security of our country in the new century]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990001999\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990001999_) (accessed: 31.05.2023)
21. Erkin, tiimdi jáne qaupsız qoǵamǵa qadam [Step into a free, effective and safe society]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K000002000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K000002000_) (accessed: 31.05.2023)
22. Eldegi jaǵdai jáne 2002 jylǵa işki jáne syrtqy saiasattyń negizgi baǵyttary turaly [About the situation in the country and the main directions of domestic and foreign policy for 2002]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010002002\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010002002_) (accessed: 31.05.2023)
23. Ob osnovnykh napravleniyakh vnutrenney i vneshney politiki na 2003 god [On the main directions of domestic and foreign policy for 2003]. URL: [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-a-aprel-2002-g\\_1342416567](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-a-aprel-2002-g_1342416567) (accessed: 31.05.2023)
24. İşki jáne syrtqy saiasattyń 2004 jylǵa negizgi baǵyttary [The main directions of domestic and foreign policy for 2004]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030002004\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030002004_) (accessed: 31.05.2023)
25. Nazarbayev N.A. Tauelsizdik dauiri [The era of the Independence]. – Astana, 2017. – 508 b.
26. Bāsekege qabiletti Qazaqstan ūsın, bāsekege qabiletti ekonomika ūsın, bāsekege qabiletti halyq ūsın! [For competitive Kazakhstan, for a competitive economy, for a competitive population!]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K040002005\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K040002005_) (accessed: 31.05.2023)
27. Qazaqstan ekonomikalıq, āleumettik jáne saiasi jedel jańaru jolynda [Kazakhstan is on the path of rapid economic, social and political modernization]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K050002006\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K050002006_) (accessed: 31.05.2023)
28. Qazaqstan ōz damuyndaǵy jańa serpilis jasau qarsaıynda! Qazaqstannyń ālemdegi bāsekege baryńsa qabiletti 50 eldin qataryna kiru strategiasy [Kazakhstan is on the verge of making a new breakthrough in its development! Strategy of Kazakhstan's entry into the top 50 most competitive countries in the world]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K060002007\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K060002007_) (accessed: 31.05.2023)
29. Jańa ālemdegi jańa Qazaqstan! [New Kazakhstan in a new world!]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007_) (accessed: 31.05.2023)
30. Qazaqstan halqynyń āl-auqatyn arttyru – memlekettik saiasattyń basty maqsaty [Improving the welfare of the people of Kazakhstan is the main goal of state policy]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext=%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD+%D1%85%D0%B0%D0%BB%D2%9B%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D2%A3+%D3%99%D0%BB> (accessed: 31.05.2023)
31. Daǵdarys arqyly jańaru men damuǵa [To renewal and development through the crisis]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevyn-kazakistan-khalkynaa-zholdauy-2009-zhylyh-6-nauryz-1342854661](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevyn-kazakistan-khalkynaa-zholdauy-2009-zhylyh-6-nauryz-1342854661) (accessed: 31.05.2023)
32. Jańa onjyldyq – jańa ekonomikalıq ōrleu – Qazaqstannyń jańa mŭmkindikteri [New decade - new economic growth-new opportunities for Kazakhstan]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakistan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevyn-khalykka-zholdauy-2010-zh\\_1341123470](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakistan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevyn-khalykka-zholdauy-2010-zh_1341123470) (accessed: 31.05.2023)
33. Bolaşaqtyń irgesin birge qalaimyz! [We will build a future together!]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100002011> (accessed: 31.05.2023)
34. Āleumettik-ekonomikalıq jańǵyru – Qazaqstan damuyynyń basty baǵyty [Socio-economic modernization is the main direction of Kazakhstan's development]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakistan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevyn-kazakistan-khalkyna-zholdauy-27-01-2012zh\\_1341124121](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakistan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevyn-kazakistan-khalkyna-zholdauy-27-01-2012zh_1341124121) (accessed: 31.05.2023)
35. "Qazaqstan-2050" Strategiasy qalyptasqan memlekettiń jańa saiasi baǵyty [Strategy" Kazakhstan-2050 " new political course of the established state]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakistan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevyn-kazakistan-halkyna-zholdauy-2012-zhylyg-14-zheltoqsan](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakistan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevyn-kazakistan-halkyna-zholdauy-2012-zhylyg-14-zheltoqsan) (accessed: 31.05.2023)
36. Bir maqsat, bir mŭdde, bir bolaşaq [Common goal, common interests, common future]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakistan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevyn-kazakistan-halkyna-zholdauy-2014-zhylyg-17-kantar](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakistan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevyn-kazakistan-halkyna-zholdauy-2014-zhylyg-17-kantar) (accessed: 31.05.2023)

37. Qazaqstan jaña jahandyq naqty ahualda: ösu, reformalar, damu [Kazakhstan in a new global reality: growth, reforms, development]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500002015> (accessed: 31.05.2023)
38. «Qazaqstannyñ üşinşi jañğyruy: jahandyq bāsekege qabilettlik» [“Third modernization of Kazakhstan: Global Competitiveness”]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar) (accessed: 31.05.2023)
39. Törtinşi önerkāsiptik revölusia jağdaiyndağy damudyñ jaña mümkindikteri [New development opportunities in the context of the Fourth Industrial Revolution]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar) (accessed: 31.05.2023)
40. Qazaqstandyqtardyñ āl-auqatynyñ ösu: tabys pen tūrmys sapasyn artyru [Increasing the welfare of Kazakhstan: increasing income and quality of life]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan) (accessed: 31.05.2023)
41. Syndarly qoğamdyq dialog – Qazaqstannyñ tūraqtylyğy men örkendeuiniñ negizi [Constructive public dialogue is the basis for stability and prosperity of Kazakhstan]. // URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy) (accessed: 31.05.2023)
42. Jaña jağdaidağy Qazaqstan: is-qimyl kezeñi [Kazakhstan in the new conditions: period of action]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek) (accessed: 31.05.2023)
43. Halyq birligi jāne jūieli reformalar – el örkendeuiniñ berik negizi [People's unity and systemic reforms are a solid foundation for the country's prosperity]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (accessed: 31.05.2023)
44. Jaña Qazaqstan: jañaru men jañğyru joly [New Kazakhstan: the path of renewal and modernization]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (accessed: 31.05.2023)
45. Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevyñ Qazaqstan halqyna Joldauy [Address of the head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (accessed: 31.05.2023)

*Алуа Жолдыбалина<sup>1</sup>, Бауыржан Бокаев<sup>2</sup>,  
Куралай Садыкова<sup>3</sup>, Жұлдыз Байжомартова<sup>4</sup>*

*<sup>1</sup>ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, PhD.  
e-mail: zholdybalina@kisi.kz*

*<sup>2</sup> ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебінің профессоры, PhD.  
e-mail: b.bokayev@ara.kz*

*<sup>3</sup> ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының доценті, Басқару институты директорының орынбасары, PhD.  
e-mail: k.sadykova@ara.kz*

*<sup>4</sup> ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты  
Z.Baizhomartova@ara.kz  
(Астана, Қазақстан)*

## МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ КЕШЕНДІ ТАЛДАУЫН ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР

**Андатпа.** Мақалада мемлекеттік органдарға әдістемелік тұрғыдан кешенді талдау жүргізу, мемлекеттік органдардың қызметіне функционалдық талдау жүргізудің мақсаттары мен түрлері қарастырылған. Зерттеу функционалдық талдауды жүргізудің тұжырымдамалық бастауларын және оның құқықтық негіздерін анықтауға, тұжырымдамалық аппаратты институционалдық топтастырудың заңнамалық базасын қарастыруға және салалық функционалдық шолуларды жүргізудің бірыңғай әдістемесін белгілеуге бағытталған. Мемлекеттік органдардың қызметін талдау арқылы олардың ағымдағы жай-күйі мен қызметін жетілдіру бойынша қорытындылар берілген.

**Түйін сөздер:** *функционалдық талдау, мемлекеттік орган, қызмет тиімділігі, әдістемелік негіздер, құқықтық негіздер.*

## Алуа Жолдыбалина, Бауыржан Бокаев, Куралай Садыкова, Жұлдыз Байжомартова МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ ПО ПРОВЕДЕНИЮ КОМПЛЕКСНОГО АНАЛИЗА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы проведения комплексного анализа государственных органов с методологической точки зрения, цели и типы проведения функционального анализа деятельности государственных органов. Исследование направлено на определение концептуальных основ проведения функционального анализа и его правовых основ, рассмотрена законодательная база институционального закрепления понятийного аппарата и установления единой методики по проведению отраслевых функциональных обзоров. Представлены выводы по текущему состоянию и совершенствованию деятельности государственных органов посредством проведения анализа их деятельности.

*Ключевые слова:* функциональный анализ, государственный орган, эффективность службы, методологические основы, правовые основы.

**Alua Zholdybalina, Baurzhan Bokayev, Kuralai Sadykova,  
Zhuldyz Baizhomartova**  
**METHODOLOGICAL APPROACHES FOR CONDUCTING A  
COMPREHENSIVE ANALYSIS OF STATE BODIES**

**Abstract.** This article discusses the issues of conducting a comprehensive analysis of the competencies of state bodies with a methodological point of view, goals and types of functional analyzes of the functions of state bodies. The article is aimed at defining the conceptual foundations for conducting a functional analysis and its legal foundations, reviewing the legislative framework for the institutional consolidation of the conceptual basics and determining a unified methodology for studying sectoral functional reviews. The article presents conclusions on the current state and improvement of the functions of state bodies through the analysis of their competencies.

**Key words:** functional analysis, state body, performance efficiency, methodological basics, legal basics.

### **Кіріспе**

Мемлекеттік органдардың қызметін кешенді талдау әлемдік трендтер мен стандарттарға сәйкес мемлекеттік басқаруды үнемі жаңғыртуға және жетілдіруге мүмкіндік береді.

2022 жылғы 13 сәуірде «Мемлекеттік аппаратта шешімдер қабылдаудың тиімділігі мен жеделдігін арттыру, атқарушы биліктің қызметін заңнамалық тұрғыдан артық регламенттеуді болдырмау, құжат айналымы мен есептілікті қысқарту, мемлекеттік органдар басшыларының дербестігі мен дербес жауапкершілігін арттыру мақсатында» Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығы қабылданды [1].

Одан кейін 2022 жылғы 29 сәуірде аталған Жарлықты жүзеге асыру үшін «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» 33 тармақтан тұратын және жүзеге асыру мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 274 қаулысы қабылданды.

Бұл жағдай мемлекеттік органдардың қызметін жан-жақты талдауды қолдану, оның әдістемесін, құралдарын, тәсілдерін, оны ұйымдастыру және жүзеге асыру кезеңдерін жетілдіру мәселесін өзекті етеді.

### **Зерттеу әдістері**

Жұмыста зерттеу объектісін талдауға және терең зерттеуге, сонымен қатар мемлекеттік органдардың қызметіне функционалдық талдау жүргізудің анағұрлым тиімді құралдарын тиімді қолдану жолдарын іздеуге мүмкіндік берген мемлекеттік органдардың қызметін талдау бойынша

материалдарды жүйелендіру және жалпылау әдістері қолданылды.

### **Зерттеу нәтижелері мен нәтижелерді талдау**

Мемлекеттік органдарды талдаудың бір түрі **функционалдық талдау** болып табылады, ол белгілі бір аралықта соңғы зерттеу әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы жүргізілуі тиіс.

#### **Функционалдық талдаудың анықтамасы**

Функционалдық талдаудың қолданыстағы анықтамаларын талдау бірнеше түрлерін ажыратуға мүмкіндік береді:

1. **Мемлекеттік органдардың қызметін** талдау және олардың жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру бойынша жүйелі ұсыныстарды дайындау құралы ретінде [2].

2. **Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін** талдау құралы ретінде [3].

3. **Процестерді, бағдарламаларды және мемлекеттік органдарды әкімшілендіруді** талдау құралы ретінде [4].

4. **Әкімшілік басқаруды жаңғырту** үшін жағдайлар жасауға бағытталған талдау құралы ретінде [5].

5. Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіндегі **адами капиталды**, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын, азаматтардың қанағаттану деңгейін арттыруға әкелетін талдау құралы ретінде.

Жалпы алғанда, функционалдық талдау ұйымның ережелерінде бекітілген функциялардың тиімді орындалуын, сондай-ақ оның өзектілігі мен сәйкестігін талдауға мүмкіндік беретін зерттеу құралы болып табылады.

### **Функционалдық талдаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері**

Функционалдық талдаудың негізгі міндеттері «не үшін жүргізіледі?» деген сұрақты қоюға байланысты.

Бірқатар елдерде әртүрлі кезеңдердегі міндет болуы мүмкін – **басқару деңгейлері арасында функцияларды қайта бөлу**, яғни биліктің әртүрлі тармақтары арасында. Мәселен, 2022 жылы Қазақстан конституциялық реформаны жүзеге асырып, Сенат, Мәжіліс және жергілікті атқарушы билік функцияларын қайта бөлді. Қайта бөлудің арқасында Үкімет «халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға және халықтың экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Парламентке заң жобаларын енгізуге жаңа құқық алды», олар Парламент палаталарының бірлескен отырысында дереу қаралуға жатады [6].

Бұдан кейінгі міндет – мемлекеттік органдар мен басқару деңгейлерінің **міндеттерін нақты бөлуді қамтамасыз ету** болуы мүмкін. Мысалы, Қазақстандағы Korn Ferry басқару консалтингі саласындағы халықаралық компанияның талдауына сәйкес, мемлекеттік жастар саясатын іске асыру функцияларын жергілікті атқарушы органдарды есептемегенде, 11 орталық мемлекеттік орган жүзеге асырады [7]. Сонымен қатар, қайталау немесе бұрмалау болмас үшін осы мемлекеттік органдардың барлығы бір-бірімен

тиімді өзара әрекеттесу керек екенін түсіну қажет.

Кейбір жағдайларда мемлекеттік органдардағы бизнес-процестерді, **қызметті жіктеу және оңтайландыру міндеті** қойылады. Бұл жағдайда өкілеттіктерді қайта бөлу процесі жүзеге асырылуы мүмкін. Мәселен, көп жылдар бойы еліміздегі қандастар мәселесімен Ішкі істер министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар айналысып келді. Қандастарға қатысты барлық статистикалық деректер шашыраңқы болды, олардың қоныс аударуы, кәсібі, білім деңгейі бойынша бірыңғай база болмады. Сондықтан 2018 жылы көші-қон саласындағы функциялар жіктелді – көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру функциялары Ұлттық экономика министрлігінен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне берілді, ал көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты ведомстваралық үйлестіру және іске асыру бойынша функциялар Еңбек министрлігінен Ішкі істер министрлігіне берілді.

Қазақстандық сарапшылар Мухамеджанова А.Г., Кенжебаева А.А., Кадырова М.Б., Турчкенова Р.А., Джунусбекова Г.А. функционалдық талдау мемлекеттік шығыстарды азайту мақсатында жүргізіледі деп пайымдайды. Алайда, ол персонал санының қысқаруына және соның салдарынан мемлекеттік органның жұмыс сапасының төмендеуіне әкеліп соғуы мүмкін. Сонымен бірге, функционалдық талдау тапсырманы орындайтын қызметкер, тапсырма түрі, тапсырманы орындауға жұмсалатын уақыт туралы нақты ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сарапшылардың пікірінше, талдау жүргізудегі ең басты проблемаларға құрылымдық бөлімшелердің құрамын, сондай-ақ олардың функцияларын, байланысын анықтау және қажетті персонал санын есептеп шығару жатады. Дегенмен, функционалдық талдаудың мақсаттары мен одан күтілетін нәтижелерді алдын-ала нақты анықтау арқылы жүйелік және құрылымдық-функционалдық міндеттерді шешуге болады [8].

Өз кезегінде, сарапшылар Альжанова Н.Ш., Бейсенова А.С. функционалдық талдаудың келесі міндеттерін көрсетеді [9]: артық функцияларды жою, ұйымдар мен мекемелердің қызметінде қайталануларды азайту, жетіспейтін функцияларды қосу, функцияларды бөлуде рационализациялау.

Сонымен қатар бірқатар сарапшылар функционалдық талдаудың **келесі міндеттерін** анықтайды [10]:

1) **Билік жүйесін қайта ұйымдастыру және қайта құрылымдау.** Көбінесе бұл міндет оңтайлы билік құрылымын, бірінші кезекте Үкіметті, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өзара тиімді әрекетін құру үшін жүзеге асырылады. Мысалы, 2023 жылдың басында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі қайта құрылды.

2) **Атқарушы билік органдарының функционалын нақтылау.** Бұл міндет қазақстандық сарапшылар белгілеген міндеттерге ұқсас деп есептейміз, атап айтқанда, қайталануды азайту және мемлекеттік органдардың жетіспейтін функцияларын қосу.

3) **Атқарушы билік органдарының функцияларының ресурстық сыйымдылығын бағалау.** Бұл міндет мемлекеттік органдар арасында кадрлық, қаржылық, инфрақұрылымдық ресурстарды қайта бөлуге, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын қайта қарауға ықпал етеді.

Отандық сарапшы Д.А. Секенов мемлекеттік органдар қызметінің функционалдық талдауын өткізу бойынша шетелдік тәжірибеге шолу жасап, функционалдық талдау:

- мемлекеттік функцияларды оңтайландыру;
- мемлекеттік қызметшілер санын оңтайландыру;
- бюджеттік қаражатты тиімді қолдану;
- мемлекетке әдеттен тыс функцияларды мемлекеттік емес секторға беру үшін қолданылатынын атап өтті [11].

Біздің ойымызша, функционалдық талдаудың міндеттері тұтастай алғанда оны жүзеге асыру мақсатына байланысты, алайда, функционалдық талдаудың негізгі міндеті ұйымның процестері мен функцияларын оңтайландыру болып табылады.

Мемлекеттік басқарудың барлық жүйесінің аясында орындалатын функцияларға келесілер енгізілетіндігін анықтаған жөн: мемлекеттік органдардың көпшілігінің немесе барлығының жалпы функцияларды орындауға байланысты жеке іс-әрекеттері, мысалы, адами ресурстарды басқару, қаржылық менеджмент, қоғаммен байланыс, мемлекеттік сатып алу, стратегиялық жоспарлау, ішкі аудит, құжат айналымын басқару және т.б.

#### **Функционалдық талдаудың тектері мен әдістемелік тәсілдері**

Қазіргі уақытта талдаудың барлық тәсілдерін жүйелеу **функционалдық талдаудың бірнеше әдістемелік тәсілдерін жіктеуге** мүмкіндік береді:

#### **БІРІНШІ ТӘСІЛ – дәстүрлі.**

Мемлекеттік органдардың функционалдық талдауын жүргізу олардың нормативтік құқықтық актілерінде және ережелерінде көрсетілген функцияларды талдау мен функциялардың арақатынасына негізделеді. Талдау тапсырмалар мен функциялардың араласуын анықтауға, сондай-ақ функциялар арасындағы теңгерімсіздікті анықтауға мүмкіндік беретін **функцияларды типтендіруді** қамтиды.

Міндеттер мен функциялардың араласуын анықтау мемлекеттік басқару органының алдына қойылған мақсаттарға, мемлекеттік органдардың алдында тұрған міндеттерді шешу үшін мәлімделген функциялардың қажеттілігі мен жеткіліктілігіне негізделген мемлекеттік органдар шешетін міндеттердің көлемін нақтылауға мүмкіндік береді. Министрлік атқаратын функциялар арасындағы теңгерімсіздікті анықтау министрлікті шектеулі мүмкіндіктер шеңберінде қайта құрылымдау бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.


#### **ЕКІНШІ ТӘСІЛ [7]**

Бұл әдістемені орталық және жергілікті деңгейде мемлекеттік функциялардың бірыңғай базасын қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік



функцияларды орындау үшін мемлекеттік органдардың мақсатты штат санын анықтау мақсатында халықаралық Korn Ferry компаниясы әзірлеген.


Функцияның келесі параметрлерін анықтау үшін талдау жүргізіледі (1-сурет):



**1-сурет. Функционалдық талдау процесі**

### ҮШІНШІ ТӘСІЛ [3]

Әдістеме осы функционалдық талдау процесін құрайтын үш әрекеттер блогынан тұрады (2-сурет).



**2-сурет. Функционалдық талдау процесі**

Нәтижесінде тікелей атқарушы органдар орындауға тиісті функциялар тізбесі, сондай-ақ өкілеттіктер арасында қайта бөлінуі, мемлекеттік ұйымдарға берілуі, аутсорсингке берілуі немесе таратылуы мүмкін функциялар тізбесі алынуы тиіс.

	Тип	Объект	Бағыт
Функционалдық талдау	Тік	Бір мемлекеттік орган	Салалық функциялар
	Көлденең	Бірнеше мемлекеттік орган (бір деңгейдегі)	Салалық функциялар
	Жүйелі	Бірнеше немесе барлық мемлекеттік органдар (қосымша қызметтер)	Жалпы функциялар

Ескерту: авторлармен құрастырылған.

**3-сурет. Функционалдық талдау типтерінің ерекшеліктері**

Осылайша, **функционалдық талдаудың мақсаты** – мемлекеттік басқарудың сапасын арттыру, одан әрі саяси реформалар, сондай-ақ де бюрократизация процесін жүзеге асыру жағдайында мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін функционалдық дизайн мен құрылымын құру.

Мемлекеттік органдардың қызметіне сапалы функционалдық талдау жүргізуде функционалдық талдаудың тиісті түрін таңдау ерекше рөл атқарады. Мазмұнды және әдістемелік тұрғыдан қазіргі тәжірибеде талдаудың үш негізгі түрі бар: тік, көлденең және жүйелі (3-сурет).

Осы бағыттағы зерттеулерді жүргізу тәжірибесі функционалдық талдауды мемлекеттік басқарудың барлық деңгейін қамтитын ішінара немесе толық жүзеге асыруға болатындығын көрсетті. Функционалдық талдау арқылы бір органның қызметін тігінен немесе бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін көлденеңінен талдауға болады.

Функционалдық талдау жүргізудің құқықтық негіздері 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде айқындалған, онда мемлекеттік органның қызметі саласындағы тұжырымдамалық аппараты арасындағы институционалдық айырмашылықтар белгіленген (1-кесте) [10].

**1-кесте. Мемлекеттік орган қызметі саласындағы түсініктер аппараты**

Құзырет	Мемлекеттік орган қызметінің нысанасын айқындайтын оның белгіленген өкілеттіктерінің жиынтығы
Өкілеттіктер	Мемлекеттік органның құқықтары мен міндеттері
Міндет	Мемлекеттік орган қызметінің негізгі бағыттары
Функция	Мемлекеттік органның өз құзыреті шегінде қызметті жүзеге асыруы

Мемлекеттік органдар қызметіне функционалдық талдау жасау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 27 ақпандағы бұйрығымен Мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізу жөніндегі әдістемесі бекітілген [12].

Әдістеменің міндеті ретінде мемлекеттік орган функцияларының оның міндеттері мен мақсаттарына сәйкестігін белгілеу; мемлекеттік органның артық функцияларын анықтау; мемлекеттік органға тән емес функцияларды анықтау; мемлекеттік орган қызметінде қайталануды болдырмау; мемлекеттік органның жетіспейтін функцияларын айқындау; мемлекеттік органның алға қойған міндеттерін тиімді іске асыру үшін оның штат санының оңтайлы лимитін айқындау анықталған.

Функционалдық талдауды жүргізудің құралдары ретінде келесілер бекітілген:


- сарапшылық бағалау әдісі;

- тәуелсіз салалық сарапшының хронометражды жұмыстарды жүргізуі;

- мемлекеттік органның әрекет етуші құрылымын зерттеу;

- мемлекеттік орган қызметкерлеріне пікіртерім жүргізу.

Әдістемеге сәйкес орталық атқарушы органдар мен жергілікті атқарушы органдарға функционалдық шолу жүргізу процесі анықталған (4-сурет).



#### 4-сурет. Функционалдық шолу жүргізу процесі


Функционалдық талдау процесінде функциялардың мемлекеттік орган ережелерінің міндеттеріне сәйкестігіне талдау жүргізіледі. Бұл ретте жағдайдың міндеттері, даму жоспарлары мен бағдарламаларының мақсаттары айқындалады, қосымша функцияларды қалыптастыру қажеттілігі айқындалады және осы міндеттерді іске асыруда пайдаланылмаған функциялар анықталады. Мемлекеттік орган ережелерінің міндеттеріне функциялардың сәйкестігін талдау элементтері:

### МІНДЕТТЕР ↔ ФУНКЦИЯНЫҢ ТІКЕЛЕЙ НӘТИЖЕСІ

Осы орайда мемлекеттік органның міндеттері мемлекеттік орган қызметінің негізгі бағыттары болып табылады, ал функцияның тікелей нәтижесі осы функцияны жүзеге асырудың тікелей нәтижесі болып табылады.

Функционалдық шолуды жүргізу кезінде **функцияларды талдаудың**

**синтаксистік әдісі** қолданылады. Бұл әдіс семантикалық мағынаны талдау және тікелей нәтижені алушылардың әртүрлі интерпретацияларын болдырмау үшін қабылданған бірыңғай стандартқа сәйкес функцияларды тұжырымдауды дұрыс көрсету үшін қолданылады. Синтаксистік талдау әдісіне келесі үлгі тән (5-сурет):



**5-сурет. Функцияны талдау моделі**

Функцияларды синтаксистік талдау кезінде іс-әрекет етістікпен немесе сөздік зат есіммен анықталады (мысалы, тіркейді, шығарады, үлес қосады), ал тікелей нәтиже – әкімшілік сипаттағы өнім немесе функцияны орындау нәтижесі болып табылатын мемлекеттік қызмет және ол тікелей нәтижені алушымен тұтынылады (мысалы, құжаттар, бақылау, қадағалау). Сонымен қатар, әртүрлі функциялардың бір жалпы нәтижесі болмауы керек, бір әрекетте бір ғана тікелей нәтиже болуы керек.

Тікелей нәтижені алушы осы мемлекеттік орган үшін сыртқы болып табылады, ол не тұлғалар санаты (мысалы, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, салық төлеушілер) немесе нақты контрагенттер (мысалы, аудан әкімі) болуы мүмкін. Функция мәлімдемесінде тікелей нәтиженің бірнеше алушысы болмауы керек.

Функцияларды талдау функцияларды және олардың тікелей нәтижелерін сипаттау және тұжырымдау үшін бірыңғай терминологияны қамтамасыз етеді.

**Функцияларды беру** – стратегиялық бақылау және қадағалау функцияларын қоспағанда, мемлекетке тән емес функцияларды мемлекеттік органдардан бәсекелес ортаға беру. Бұл жағдайда стратегиялық, бақылау және қадағалау функцияларын беру мүмкін емес. Функцияларды беру әдістемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 31 мамырдағы №55 бұйрығымен бекітілген Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады [12].

Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың функцияларын аутсорсинг, мемлекеттік тапсырма, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, пайдаланушылар есебінен беру, міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу арқылы беруге болады. Бәсекелес орта ретінде квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, нарық субъектілері танылады.

Бұл әдістеме аутсорсинг функцияларын жүзеге асыру Ережелерін, берілген функцияларды таңдау әдістемесін және осы функциялардың құнын анықтау әдістемесін анықтайды. Сонымен қатар, ауыстырылатын функцияларға нарықтың дайындығына талдау жүргізудің жалпы әдістері белгіленеді. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қоспағанда, берілген функциялар мониторингке жатады. Мониторинг жүргізу кезінде азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін талдау, бәсекелес ортадан, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан ақпараттар, мәліметтерді жинау, талдау және нарықтың дайындығына талдау жүргізіледі.

Сонымен қатар, мемлекеттік органның қызметіне функционалдық талдау жүргізу кезінде **функцияларды түрлендіру** үшін функциялардың семантикалық және процестік топтастыру жүзеге асырылады.

**Семантикалық топтастыру** арқылы функция тұжырымдарының әрқайсысының семантикалық мағынасы анықталып, біртұтас соңғы функцияға айналады. Бұл жағдайда тікелей нәтижелердің бірнеше ішкі санаттары мен ішкі түрлерін біріктіретін бір жалпы тікелей нәтиже анықталады.

**Процестік топтастыру** кезінде бір функцияға түрлендіру кезінде бірін-бірі толықтыруы тиіс кадамдық әрекеттерден тұратын функциялардың бірнеше бөлек топтары таңдалады.

Осы әдістердің көмегімен, сондай-ақ мемлекеттік орган үшін әдеттен тыс функцияларды анықтау, қайталанатын функцияларды жою, жаңа функцияларды анықтау арқылы нақты мемлекеттік орган **функцияларының оңтайлы көлемі** қалыптасады.

## **Қорытынды**

**Біріншіден**, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру басты міндеттердің бірі ретінде Мемлекет басшысының Жолдауларында, әсіресе, 2020 және 2022 жылдарға арналған Жолдауларында бірнеше рет атап өтілді. Жақын арада «мемлекеттік басқаруға, кадрлық саясатқа, шешімдер қабылдау жүйесіне және оларды жүзеге асыру жауапкершілігіне көзқарастарды» өзгертуіміз қажет [14].

**Екіншіден**, экономикалық және әлеуметтік реформалардың табысты болуы мемлекеттік органдардың тиімді, сонымен бірге, нәтижелі жұмысын талап етеді. Мемлекеттік органдардың жүйесі мен олардың функциялары мемлекеттің алдында тұрған негізгі міндеттерге байланысты түрлендіріледі.


**Үшіншіден**, мемлекеттік органдардың ішкі және сыртқы, тұрақты және уақытша, негізгі және көмекші функцияларының өзгеруіне геосаяси

жағдай, икемділік пен функцияларды жылдам бөлуді, жедел әрекеттесуді талап ететін экономикалық дағдарыс та әсер етуі мүмкін.

**Төртіншіден**, бірқатар мемлекеттік функциялар бәсекелестік ортаға бөлінгенін атап өткен жөн, осыған байланысты мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін, құқықтары мен міндеттерін қайта бөлу қажеттілігі туындайды.

**Бесіншіден**, 2019 жылы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге ықпал ету» жобасы аясында ұйымдастыру мәселелеріне маманданған Korn Ferry басқарушылық консалтинг саласындағы халықаралық компаниясы мемлекеттік органдардың функцияларын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік функцияларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру әдістемесін әзірледі.

Korn Ferry өзінің қорытынды есебінде Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесіне 10 негізгі ағымдағы қауіптерді анықтады [7] (6-сурет):



### ***6-сурет. Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың өзекті қауіптері***

Жоғарыда аталған қауіптердің ішінде үшінші қауіп ерекше назар аударуды қажет етеді – функционалдық тәсілдің қалыптылығы мен қарапайымдылығы, яғни мемлекеттік басқару жүйемізде функционалдық тәсілді қолдануды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тиісті функционалдық талдауын одан әрі нақтылау қажет. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері бойынша мемлекеттік басқару жүйесін бағалаған халықаралық ұйым елімізге орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарда барлық бизнес-процестерді кезең-кезеңімен жетілдіруді ұсынатынын айта кеткен жөн.

**Алтыншыдан**, мемлекеттік органдардың жұмысын талдау

қажеттілігіне еліміздегі орталықсыздандыру процесі де әсер етіп отыр. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту шаралары көптен бері жүргізіліп келеді. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң әрекет етеді және оған өзгерістер енгізілуде. 2012 жылы Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы бекітілді, онда бірқатар өзгерістер көрініс тапты, оны іске асыру 2012-2020 жылдар аралығын қамтыды.

Жетіншіден, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша де бюрократизация процесін жүзеге асыруға байланысты мемлекеттік органдардың жұмысын талдау талап етіледі.

Мақала «Мемлекеттік қызметті дамыту үрдістерін ғылыми-әдіснамалық негіздеу және Жаңа Қазақстанды құру тұрғысынан мемлекеттік органдардың қызметін трансформациялау» (ИРТН BR18574203) ғылыми-техникалық бағдарлама шеңберінде орындалды.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуіріндегі № 872 Жарлығы. [Электронды ресурсы]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000872> // (қаралған күні: 28.03.2023).
2. Функциональные обзоры. [Электронный ресурс] // URL: <http://www.pro-gramma.ru/Pages/A1-1.html> (қаралған күні: 28.03.2023).
3. Методика проведения функционального анализа деятельности исполнительных органов государственной власти. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.pro-gramma.ru/Pages/A1-3.html>. (қаралған күні: 28.03.2023).
4. Функциональный анализ как инструмент управления человеческими ресурсами: опыт бывшей Югославской Республики Македония // The International Journal of Civil Service Reform and Practice. – 2017. - Vol. 2. - №1. – С. 2.
5. Организация функционального анализа – Режим доступа: URL: [https://gov.cap.ru/home/25/fr\\_glava%20rus.pdf](https://gov.cap.ru/home/25/fr_glava%20rus.pdf) (қаралған күні: 28.03.2023).
6. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы № 51-VI Заңы. [Электронды ресурсы]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000051> (қаралған күні: 28.03.2023).
7. Финальный отчет проекта по формированию единого реестра государственных функций Республики Казахстан. – Korn Ferry. – 2019. – Август. – С. 116.
8. Методологические аспекты проведения функционального анализа в государственных органах // Государственное управление и государственная служба. – Астана, 2012. № 4/2012. – С.14-22.
9. Устойчивое развитие государственного управления: предложения по совершенствованию функционального анализа в государственных органах // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2015. - Том 108. - № 2. – С. 32.
10. Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі [Электронды ресурсы]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350> // (қаралған күні: 28.03.2023).
11. Зарубежный опыт проведения функционального анализа деятельности государственных органов // Казахстан Спектр. – Нур-Султан, 2021. Том 99. - № 3. – С. 59-79.
12. Мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 84 бұйрығы [Электронды ресурсы]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700014941> // (қаралған күні: 30.03.2023).
13. Мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға берудің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 55 бұйрығы [Электронды ресурсы]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022891> // (қаралған күні: 04.04.2023).
14. Казахстан в новой реальности: время действий. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. 1 сентября 2020 г. // URL: [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g) (қаралған күні: 28.03.2023).

## REFERENCES

1. Memleketik apparatyn qyzmetin byurokratiyadan aryltu zhónindegi sharalar turaly. Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2022 zhylygy 13 saúirdegi № 872 Zharlygy [On measures to rid the activities of the state apparatus of bureaucracy. Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated April 13, 2022 No. 872]. [Elektronnyy resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000872> // (zhúginu kúni: 28.03.2023).
2. Funktsional'nye obzory [Functional reviews]. [Elektronnyy resurs]. URL: <http://www.pro-gramma.ru/Pages/A1-1.html> (Accessed: 28.03.2023).
3. Metodika provedeniya funktsional'nogo analiza deyatel'nosti ispolnitel'nykh organov gosudarstvennoi vlasti [Methodology of functional analysis of the activities of executive bodies of state power]. [Elektronnyy resurs]. URL: <http://www.pro-gramma.ru/Pages/A1-3.html>. (Accessed: 28.03.2023).
4. Funktsional'nyi analiz kak instrument upravleniya chelovecheskimi resursami: opyt byvshei Yugoslavskoi Respubliki Makedoniya [Functional analysis as a human resource management tool: the experience of the former Yugoslav Republic of Macedonia]. The International Journal of Civil Service Reform and Practice. – 2017. - Vol. 2. - №1. – P. 2.
5. Organizatsiya funktsional'nogo analiza [Organization of functional analysis]. URL: [https://gov.cap.ru/home/25/fr\\_glava%202\\_rus.pdf](https://gov.cap.ru/home/25/fr_glava%202_rus.pdf) (zhúginu kúni: 28.03.2023).
6. Qazaqstan Respublikasynyn «Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiyasyma ózgerister men tolyqtyrular engizu turaly» 2017 zhylygy 10 nauryzdagy № 51-VI Zańy [«On amendments and additions to the Constitution of the Republic of Kazakhstan» Law of the Republic of Kazakhstan dated March 10, 2017 No. 51-VI]. [Elektronnyy resurs]. –URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000051> (Accessed: 28.03.2023).
7. Final'nyi otchet proekta po formirovaniyu edinogo reestra gosudarstvennykh funktsii Respubliki Kazakhstan [The final report of the project on the formation of a unified register of state functions of the Republic of Kazakhstan]. Korn Ferry. - 2019. – Avgust. – S. 116.
8. Metodologicheskie aspekty provedeniya funktsional'nogo analiza v gosudarstvennykh organakh [Methodological aspects of conducting functional analysis in state bodies] // Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaya service. - Astana, 2012. No. 4/2012. - P. 14-22.
9. Ustoichivoerazvitie gosudarstvennogo upravleniya: predlozheniya po sovershenstvovaniyu funktsional'nogo analiza v gosudarstvennykh organakh [Sustainable development of public administration: proposals for improving functional analysis in government agencies]. Vestnik KazNU. Economic series. – 2015. – T.108. - № 2. – P. 32.
10. Qazaqstan Respublikasynyn ákimshilik rásimdik-protsestik kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyn 2020 zhylygy 29 mausymdagy № 350-VI QRZ Kodeksi [Administrative procedural and Procedural Code of the Republic of Kazakhstan. Code of the Republic of Kazakhstan dated June 29, 2020 No. 350-VI]. [Elektronnyy resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350>. (Accessed: 28.03.2023).
11. Zarubezhnyy opyt provedeniya funktsional'nogo analiza dejatel'nosti gosudarstvennykh organov [Foreign experience of conducting functional analysis of the activities of state bodies] // Kazahstan Spektr. – Nur-Sultan, 2021. Tom 99. - № 3. – P. 59-79.
12. Memleketik organdardyń qyzmetine salalyq (vedomstvolyq) funktsionaldyq sholu zhúrgizu zhónindegi ádistemeni bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Ulttyq ekonomika ministriniń 2017 zhylygy 27 aqpandagy № 84 buirygy [On approval of the methodology for conducting a sectoral (departmental) functional review of the activities of state bodies. Order of the minister of national economy of the Republic of Kazakhstan dated February 27, 2017 No. 84]. [Elektronnyy resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700014941> // (Accessed: 30.03.2023).
13. Memleketik funktsiyalardy básekeles ortaga berudir keibir máseleleri turaly Qazaqstan Respublikasy Ulttyq ekonomika ministriniń 2021 zhylygy 31 мамыrdagy № 55 buirygy [Order of the minister of national economy of the Republic of Kazakhstan dated May 31, 2021 No. 55 on some issues of transferring state functions to a competitive environment]. [Elektronnyy resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022891>. (Accessed: 04.04.2023).
14. Kazakhstan v novoi real'nosti: vremya deistvii. Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazakhstana. 1 sentyabrya 2020 g. [Kazakhstan in a new reality: a time for action. The message of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan. September 1, 2020]. URL: [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazakhstana-1-sentyabrya-2020-g](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazakhstana-1-sentyabrya-2020-g) (Accessed: 28.03.2023).



**Мұхит Ықылас<sup>1</sup>, Бағыш Габдулина<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты  
e-mail: muhkit@mail.ru

<sup>2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты  
e-mail: bagish68@yandex.kz  
(Астана, Қазақстан)

## **ІШКІ КӨШІ-ҚОНДЫ ДАМЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАҒАЛАУ: ТИІМДІЛІГІ МЕН КЕМШІЛІГІ**

**Аңдатпа.** Солтүстіктің төрт облысында (Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан) онсыз да аз қоныстанған тұрғындар саны кеміп келеді, халық саны екі жылда 12 000 адамға азайған. Керісінше, оңтүстіктің төрт облысында (Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда) тұрғындар, солтүстік аймақтармен салыстырғанда, екі есе артық қоныстанып, 186 000 адамға халық санын көбейткен.

Қазақстан Республикасындағы облыстар бойынша халықтың орналасуындағы теңгерімсіздік, соған сәйкес аймақтар арасындағы әрқилы экономикалық даму, жұмыс күші – еңбек ресурстарын қайта бөлу қажеттігінің туындауы – көші-қон саясатына деген көзқарасты өзгертті, ішкі көші-қонды реттеуге деген алаңдаушылықты арттырды. Мақала халықтың орналасуындағы теңгерімсіздікті ескере отырып, көші-қон проблемаларына және осы мәселелерді шешуге бағытталған мемлекет бастамаларына талдау жасайды. Соңғы бес жыл бойы, халқы тығыз орналасқан оңтүстік өңірлерден халық саны азайып бара жатқан солтүстік аймақтарға жұмыс күші ретінде тұрғындарды орналастыру шараларына қажетті басты құжат болған мемлекеттік «Еңбек» бағдарламасы, көші-қонға серпін бергені анық. Бірақ, тиімділігі көрініп тұрса да, нәтижесі тиісті деңгейге жетпеді. Мақала авторлары басты кемшіліктер ретінде ақпараттандыру науқанының дұрыс жолға қойылмауы, бағдарламаға деген сенімсіздік, жергілікті биліктің сылбыр қимылдары сияқты факторларды атап, проблеманың шығу себептерін, оларды шешу жолдарын ұсынады.

**Түйін сөздер:** ішкі көші-қон, миграция проблемалары, «Еңбек» бағдарламасы, ақпараттандыру проблемалары, респонденттер, еңбек нарығы, үгіт-насихат, бағдарламаны бағалау.

---

**Мухит Ықылас, Бағыш Габдулина**  
**ОЦЕНКА ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ ВНУТРЕННЕЙ МИГРАЦИИ:  
ЭФФЕКТИВНОСТЬ И НЕДОСТАТКИ**

**Аннотация.** Четыре северные области (Акмолинская, Костанайская, Павлодарская и Северо-Казахстанская) остаются малонаселенными, и численность населения там за два года уменьшилась на 12 000 человек. Напротив, в четырех южных областях (Алматы, Жамбылская, Туркестанская и Кызылординская) заселение, по сравнению с северными регионами, в два раза больше, за два года увеличив численность населения на 186 000 человек.

Соответствующий дисбаланс населения по областям в Республике Казахстан рождает разное экономическое развитие между регионами, принуждая к необходимости перераспределения рабочей силы – трудовых ресурсов. Все это меняет отношение к миграционной политике, обеспокоенность регулированием внутренней миграции. Статья анализирует проблемы миграции с учетом решения дисбаланса населения, также инициатив государства, направленные на решение этих проблем. На протяжении последних пяти лет государственная программа «Еңбек», являясь главным официальным документом по мерам по размещению населения из густонаселенных южных регионов в северные регионы, дала импульс внутренней миграции. Но, несмотря на очевидную эффективность, результат не достиг должного уровня. В качестве главных недостатков авторы статьи выделяют такие факторы, как неэффективная информационная кампания, недоверие к программе, нерасторопные действия местных властей и отмечая причины возникновения проблемы, предлагают пути их решения.

**Ключевые слова:** внутренняя миграция, проблемы миграции, программа "Еңбек", проблемы информирования, респонденты, рынок труда, агитация, оценка программы.

---

**Mukhit Ykylas, Bagysh Gabdulina**  
**EVALUATION OF THE INTERNAL MIGRATION DEVELOPMENT  
PROGRAM: EFFECTIVENESS AND DISADVANTAGES**

**Abstract.** Four northern regions (Akmola, Kostanay, Pavlodar and North Kazakhstan) remain sparsely populated, and the population there has decreased by 12,000 people in two years. On the contrary, in four southern regions (Almaty, Zhambyl, Turkestan and Kyzylorda), the population, compared with the northern regions, is twice as large, having increased the population by 186,000 people in two years.

The corresponding imbalance of the population by regions in the Republic of Kazakhstan gives rise to different economic development between regions, forcing the need for the redistribution of labor – labor resources. All this changes the attitude to migration policy, concerns about the regulation of internal

migration. The article analyzes the problems of migration, taking into account the solution of the imbalance of the population, as well as the initiatives of the state aimed at solving these problems. Over the past five years, the state program "Enbek", being the main official document on measures to accommodate the population from densely populated southern regions to northern regions, has given impetus to internal migration. But, despite the obvious effectiveness, the result did not reach the proper level. As the main drawbacks, the authors of the article highlight such factors as an ineffective information campaign, distrust of the program, slow actions of local authorities and noting the causes of the problem, suggest ways to solve them.

**Keywords:** *internal migration, migration problems, "Enbek" program, informatization problems, respondents, labor market, agitation, evaluation of the program.*

### **Кіріспе**

Территориясы үлкен, бірақ сол жерде қоныстанған халқы аз мемлекет ретінде, Қазақстан бойынша соңғы жылдары халықтың қоныстануында үлкен диспропорция байқалғаны анық. Елдің оңтүстік аймақтарында халықтың уақыт өте көбейіп, тығыз орналасуына орай жұмыс күші көбейді, олардың бәрін жұмыспен қамту жақын арада мүмкін емес. Осы жағдайға керісінше, елдің солтүстік аймақтарында халық саны азайып келеді. Міне, осы теңгерімсіздікті қалпына келтіру үшін жұмыс күшін оңтүстік өңірлерден солтүстік аймақтарға көшіру – Қазақстан жағдайында экономикалық тұрғыдан өте тиімді болмақ.

Әрбір көші-қонның артында адам факторы, көшіп-қонуға себеп болар өзіндік тарихы, одан шығатын салдары тұрады. Көші-қонға бұған дейін бір мекеннен өзге мекенге қоныс аудару тұрғысынан қарап келсек, енді көші-қон мәселесі аймақтарды экономикалық дамытуға себеп болатын фактор ретінде қабылдануда. Қазақстанның мысалында бұл соңғы жылдары анық байқалып отыр.

Қазақстан Республикасында халықтың әр аймақ бойынша орналасуында теңгерімсіздіктің бар екені рас. Осы диспропорцияны өзгертіп, қалпына келтіру үшін мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалар бойынша арнайы жұмыстар істелуде. Мақаланың зерттеу тақырыбы да осы мемлекеттік бағдарламалардың атқарылу барысы мен оны жүзеге асыру кезінде туындаған мәселелерді анықтау. Осы бағдарлама аясындағы көші-қонға қатысты проблемалы сұрақтардың жауабын табу – мақаланың негізгі мақсаты. Ол үшін мемлекеттік бағдарламаның тиімді тұстары мен проблемалы жақтарын анықтап, салыстырмалы түрде саралап, тиісті қорытынды шығару.

### **Зерттеу әдісі**

Зерттеудің негізгі әдісі – деректер арқылы сараптама жасау, бағдарлама

нәтижесіне орай бағалау жүргізген сарапшылар пікірін саралау. Бұл үшін қоныстанушылар арасында жүргізілген сауалнама қорытындысына сүйене отырып, сол нәтижелерге орай нақты ұсыныстар әзірленді. Сараптама жасалатын деректерді жинақтау соңғы жылдары қиындық тудырмайды. Статистикалық бюро жариялаған ресми деректерден өзге, әр аймақтағы жұмыспен қамту бойынша облыстық басқармалар мен аудандық бөлімдер ақпараты нақты цифрларды жинауға көмектесті. Бұдан өзге осы көші-қон тақырыбымен тығыз айналысып жүрген ҚР Парламенті Сенаты және Мәжілісінің депутаттарымен, оңтүстік өңір мен қабылдаушы жақ – Павлодар, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы көші-қонға атсалысып жүрген белсенді азаматтармен бірлескен семинарлар өткізу арқылы қажетті ақпараттарды «бірінші көзден» алуға мүмкіндік болды. Осылайша, қажетті деректер молынан жиналғандықтан, зерттеуге керекті сараптама жасау, түрлі пікірді саралау оңайға түсті. Осы арқылы зерттеуіміздің негізгі әдістерін толықтай қолдана алдық. Соның арқасында еліміздің солтүстік аймақтарында кеңінен көрініс тапқан жаппай көшу процесін тоқтатуға, оңтүстік өңірлерден солтүстік облыстарға көшуге ниет білдіргендер санын арттыруға бағытталған жұмыстар жан-жақты сараланды.

### **Көші-қон теориясы**

Көші-қон тақырыбын зерттеушілер көші-қон теориясын бірнеше бағытқа бөледі. Көші-қонның деңгейіне орай макродеңгей мен микродеңгей болып, зерттеудің бағытына орай экономиканы, географиясын, демографияны, әлеуметтануды қамтитын көші-қон теорияларын Қазақстандағы миграциялық процестерді зерттеуге толық қолдануға болады. Әсіресе, соңғы кездері жиі аталып жүрген көші-қонның неоклассикалық теориясы – нағыз қазақстандық көші-қон сипатына дәл келеді.

Көші-қонның макродеңгейінде қандай да бір жұмыс орнының болуы көші-қонға себеп болар факторға айналады. Яғни, жұмыс орны көп, ал еңбек күші аз болған сайын, көші-қон деңгейі де жоғары болады.

Көші-қонның микродеңгейінде қоныс аударушы жаңа жұмыс орны арқылы мол табыс табуды көздейді. Зерттеушілердің пайымынша, бұл жерде жаңа жерге қоныс аударған адам жол мен жаңа жерге үйренуге кететін шығынын есептемейді, ол өзін алда мол табыс күтіп тұрғанына сенеді.

Макродеңгей болсын, микродеңгей болсын, екеуінде де қоныс аударушының аз уақытта табыс табуына көші-қон себеп болатынын барлық зерттеушілер растайды. Осыдан келіп шыққан көші-қонның неоклассикалық теориясы жұмыс күшінің бір аймақтан екінші жаққа көшуін экономикалық пайда табу тұрғысынан қарастырады. Бұл теория да Қазақстанның халқы тығыз орналасқан оңтүстік аймақтардан жұмыс күші жетіспейтін солтүстік өңірлерге адамдарды қоныстандыру шараларын

зерттеуге толық сәйкес келеді. Бұл теорияға сәйкес, Қазақстанның оңтүстік аймағынан солтүстік өңіріне қоныс аударған адам, бірінші кезекте, тұрақты болмаса да, жұмыс орнын тауып, өз табысын молайтуды көздейді. Оның бұл мақсаты мемлекеттің көші-қон саясатының ұстанымына, көздеген мақсатына бүгінгі күні дәл келіп тұр.

### **Көші-қон қарқыны**

Ал еліміздегі көші-қонды, оның ішінде ішкі-көші-қонды ретттеу үшін мемлекетт тарапынан бірнеше нақты шаралар қолға алынғаны аян. Арнайы бағдарлама ретінде бекітілген бұл құжаттар іс жүзінде қалай жұмыс істеді? Биылға дейін соңғы бес жыл қатарынан «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – «Еңбек» бағдарламасы) аясында тұрақты жұмыс іздеген оңтүстік өңірлердің тұрғындарының солтүстік облыстарға көшуі біршама қарқын алды. Осы «Еңбек» бағдарламасының тиімділігі көрініп тұрса да, оның нәтижесі тиісті деңгейде болмады. Бағдарлама өз өкілеттігі шеңберінде жұмыс істей бастағанымен, нақты жүзеге асыру барысында түрлі кемшіліктердің бар екендігі анықталды. Иә, солтүстік облыстарға көшіп келгендер мемлекеттің қаржылай көмегін алды.

Көшіп келушілерге:

- отбасының әрбір мүшесіне көшуге 70 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем (2022 жылы – 222,6 мың теңге);

- тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығындарын жабу үшін төлем 1 жыл ішінде ай сайын төленеді. Төлем мөлшері қалаға қоныс аударғандар үшін бір адам үшін 20 АЕК-тен (61,3 мың теңге), отбасы мүшелерінің саны бес және одан көп адам болса 30 АЕК-ке (91,9 мың теңге) дейін, ауылдық жерлерге қоныс аударғандар үшін – бір адам үшін 15 АЕК-тен (45,9 мың теңге) бастап, отбасы мүшелерінің саны бес және одан көп болса 21 АЕК-ке дейін (64,3 мың теңге) құрайды.

Өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге кемінде 2 жыл мерзімге тұрақты жұмысқа орналасқан және тұрғын үймен қамтамасыз етілген әрбір қызметкер үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі. Сондай-ақ, мемлекет жұмыс берушілерге қоныс аударушылар үшін ауылдық жерлерде жаңа тұрғын үй салуға жұмсалған шығынның 50%-на дейін субсидиялайды [6].

Сонымен, көшіп келушілерге баспана берілді, олар жұмысқа орналастырылды. Бірақ осы жұмыстардың өзінде жүйелілік болмай, көшіп барғандар арасында өз сұрақтарына жауап таба алмаған сәттер көп кездесті. Біріншіден ақпараттандыру жұмысы жолға дұрыс қойылмады. Осы олқылықты бірінші байқаған көшіп барушылар ерікті ретінде үгіт-

насихат жұмыстарын өздері жүргізуді қолға алды. Оның мысалы ретінде Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударғандардың бірі - Бурахан Даданов бүгінде «Тәуекел» атты қор құрып, солтүстік өңірлерге көшіп келушілер мен көшуге ынта білдіргендерге ақыл-кеңес беру жағын қолға алған. Өйткені, «Еңбек» бағдарламасының қорытындысына арналған бағалау нәтижесінде, ең маңызды фактор – адамның көші-қон туралы шешім қабылдауы бірінші кезекте тұрғаны анықталды.

«Еңбек» бағдарламасының нәтижесін бағалауды түрлі зерттеушілермен қатар, Қазақстандағы көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым – БҰҰ көші-қон агенттігі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен ынтымақтаса отырып жүргізді.

Бағдарламаны бағалау барысында әртүрлі зерттеу әдістері қолданылған, олар: сауалнамалар және қоныс аударушылармен сұхбаттар, құқықтық және саяси құжаттар, сондай-ақ ресми өтініштерді талдау, статистикалық деректер, орталық және жергілікті деңгейдегі лауазымды тұлғалардың айғақтары. Дала жұмыстарын жүргізу үшін сауалнамаға қатысушылар бірнеше санатқа бөлініп іріктелді, осы іріктемеге ерекше назар аударылды. Сұхбат пен сауалнамаға басты қатысушылар айқындалған соң, бірнеше кезеңге бөлінетін қоныстанудың әрбір кезеңінде туындайтын басты-басты мәселелерді жіктеп, тақырыптарға бөліп, әдістемелік негізге орай бірыңғай бағалау жүргізілді.

Далалық жұмыстар барысында жалпыға ортақ ақпараттарға талдау жүргізу, орталықтағы және жергілікті биліктегі лауазымды тұлғалармен алдын ала келісім бойынша сұхбат жүргізу, далалық жұмыстар жүргізу барысында ішінара белгілі бір қысқа мерзім нәтижелерін шығарып отыру арқылы талдау жасау - далалық жұмыс құралдарын айқындауға көмектесті

Осы бағалау нәтижесі бойынша анықталған деректерді, арнайы жасалған кестелерді біз де осы мақаламызға пайдаландық.

### **Көші-қон: шешім қабылдау жолдары**

Сауалнамаға жалпы саны 354 қоныс аударушы қатысып, олардың 73,3 пайызы өз отбасында, отбасы мүшелерімен бірге көшуге өз бетінше шешім қабылдаған. Бұл 354 жауап беруші Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарына қоныс аударған азаматтар. Өзге өңірге көшу туралы шешімді өз бетінше қабылдағандардың 61 пайызы Қостанай облысын, 66 пайызы Шығыс Қазақстан облысын, 83 пайызы Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарын таңдаған. Қоныс аудару туралы ойын туған-туыстарына, достарына айтып, ақылдасып шешкен көші-қон қатысушылары 15 жарым пайыз. Көшіп баратын аймағында бұрыннан тұрып келе жатқан туыстары мен достарының кеңестері арқылы шешім қабылдаған қоныс аударушылар көрсеткіші – 10,7 пайызды құрады.

Жалпы «Еңбек» бағдарламасының «насихатталуы аз болды» дегенімізге

жоғарыдағы көрсеткіштер жанама дәлел бола алады. Сауалнама барысында анықталған кейбір деректерге тоқталайық.

Сауалнамаларды сараптау барысында «Еңбек» бағдарламасы туралы дереккөз негізінен ішкі ресурстарға негізделгені белгілі болды. Ішкі ресурс дегеніміз – көші-қон бағдарламасының бар екенін, оның талаптары қандай екенін қоныс аударушының алдымен отбасы мүшесінен, туыстарынан, достары мен таныстарынан естуді.

Ал бұқаралық ақпарат құралдары, ТВ, әкімдіктердің ресми сайттары, жергілікті әкімдіктердегі жұмыспен қамту оралықтары сияқты ресми орындар, яғни сыртқы ақпарат көздері – екінші орында.

Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облыстарына көшіп барғандардың жауаптарына сәйкес, көші-қон бағдарламасы туралы жан-жақты ақпаратты олар достарынан, таныстары мен туыстарынан естіген. Осы ақпарат көздері берілген жауаптардың 45–55 пайызын құрады. Жауаптардың 10–17 пайызы ақпарат көздері ретінде бұқаралық ақпарат құралдарын, оның ішінде теледидарды атады.

Ал кейбір аймақтарда ақпарат алудың жаңа дереккөздері аталды.

Соңғы уақыттарда интернет желісіне қосылған кез-келген азаматтың деректерді көбіне интернет көздерінен және әлеуметтік желілерден алатыны таңсық емес. Солтүстік өңірлерге қоныс аударушылар да бұл үрдістен шет қалмаған. Солтүстік Қазақстан облысына көшіп барғандар арасындағы сұхбаттасқандар ішінен 25,7 пайызы интернет сайттары мен әлеуметтік желіні кеңінен қолданып, өзіне қажетті ақпараттарды тапқан. Осындай жолмен көші-қон туралы ақпаратқа Қостанай облысына көшкендердің 12 жарым пайызы қаныққан. Жалпы сұрау салынғандардың үштен бірі көшу туралы деректерді нақты қайдан алғанын көрсетсе, жалпы көшу жолдары, қоныс аударудың негізгі бағыттары туралы ақпарат қандан, кімнен естігендерін білмейтіндер де бар болып шықты. Олар көші-қон бағдарламасы туралы қайдан білгендерін есіне түсіре алмады. Қоныс аудару туралы ақпаратты жинауда ерлер мен әйелдердің сүйенетін дереккөздері әртүрлі болып шықты. Әйелдер жағы жақын туысқандарының пікіріне сүйеніп, бұқаралық ақпарат көздеріне көбірек жүгініп отырған. Яғни көші-қон туралы күнделікті газет-журнал, теледидарда айтылған ақпараттарды жібермей қадағалап отырған. Оқып, көрген деректерін жергілікті жұмыспен қамту орталықтарынан барып толықтырып отырғанын сауал қойылған әйелдердің 23 пайызы растады. Ерлер жағы болса, қажет ақпаратты интернет пен әлеуметтік желілерден алып отырған. Яғни еркектер қолындағы телефоны арқылы деректерді білуге тырысқан.

Қалай болғанда да, көші-қон жұмысын насихаттауда ақпараттандыру мәселесі бірінші орында екенін байқадық. Әзірге ресми ақпараттан гөрі, туған-туыс пен дос-жақындарының, таныстарының үгіті қоныс аударуға

негізгі итермелеуші күш екені анықталды. Сондықтан қоғамға ықпалды тұлғаларды үгіт-насихат жұмыстарына көбірек тарту – көші-қон жұмысын жандандыруға себеп болатыны сөзсіз.

Сөйтіп, «Еңбек» бағдарламасының мерзімі аяқталды, 2022 жылы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы басталды. Бұл жобаның да басты мақсаты - Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстары, сондай-ақ Алматы, Шымкент және Нұр-Сұлтан қалаларынан Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарына қоныс аударушыларға қолдау көрсету.

### **Нәтижелері мен талқылама деректері**

Бұл бағдарламаның да нәтижесін уақыт көрсетеді. Өзірге осы бағдарламаны дер кезінде насихаттаған қарқынды ақпараттандыру жұмыстарын байқамадық. Ал 2021 жылғы дейін созылған «Еңбек» бағдарламасының нәтижесін шығарып, қорытынды жасаған зертеулерге сүйенсек, бағдарламаның тиімді жақтары мен шешілуі тиіс сұрақтары айқын көрінеді.

Бағдарламаның тиімді жағы – жаппай көшу салдарынан солтүстік өңірлердегі ауыл-аймақтың босап жатқанына өзге өңірлердің назары ауды, бұл мәселе баспасөз бетінде кеңірек талқылана бастады.

Ал кемшіліктер туралы айтар болсақ, кейбірін тізбелеп көрейік. Бұл бағдарлама алдымен солтүстік аймақтарды мамандармен қамтамасыз етуде алғашқы проблемаға тап болды. Ең алдымен, еліміздің қай аймағы болмасын кәсіби және техникалық мамандықтар әрдайым сұранысқа ие болып келеді. Сондықтан жұмыс күші көп оңтүстік аумақтар болсын, жұмыс орны жетерлік солтүстік өңірлер болсын кәсіби және техникалық мамандар үшін бәсекелесетіні айқын. Бұдан бөлек барлық өңірлер үшін қажетті мамандық – ұстаздар. Осы ұстаздардан бөлек, Солтүстік облыстарға қажетті мамандықтар тізімі оңтүстік аймақтардан көшіп келушілердің мамандығына көбіне сәйкес келмейтін болып шықты.

Жалпы солтүстік өңірлерге мұғалімдер керек десек те, ұстаздар барлық өңірлер үшін тапшы екенін ескерсек, оңтүстік аймақтарда мұғалімдер үшін ұсынылатын жұмыс орындары көбірек болып шықты. «Еңбек» электронды биржасында білім саласына қатысты ұсынылған жұмыс орындарын салыстырсақ, оңтүстік өңірлерде 1264 мұғалімге жұмыс орны бар екен. Ал солтүстік аймақтар тек 565 ұстазға ғана жұмыс орнын ұсына алады. Бұл дегенің солтүстік өңірлерге мұғалімдерді көшіру жұмысы оңай болмайтынын көрсетеді.

«Еңбек» бағдарламасы барысында бір Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облыстарына 9200-ден аса адам қоныс аударыпты. Жап-жақсы көрсеткіш, бірақ бұл облыстарға көшіп барғандардың арасында барған жерін «жерсінбей» кеткендер саны да едәуір болып шыққан. Жоғарыда



айтылған тоғыз мыңнан асатын қоныстанушының 770-і келген жақтарына қайта оралған, пайызға шақсақ, - 8,3 пайыз болады. Сегіз жүзге жуық адамның көшіп барған жеріне тұрақтай алмауы – аймақаралық көші-қонның тағы бір қырын зерттеу қажеттігін тудырады. Бұл тақырыпқа алдағы зерттеулерімізде айналып соғатын боламыз.

*1-кесте. «Еңбек» электронды еңбек нарығында  
тіркелген бос жұмыс орындары*

Аймақ	Білім, ғылым	Медицина, фармацевтика	Ауыл шаруашылық
Ірі қалалар			
Астана	189	329	22
Қабылдау аймақтары			
Солтүстік Қазақстан	66	98	38
Шығыс Қазақстан	183	248	61
Қостанай	90	295	57
Ақмола	96	155	66
Павлодар	64	64	62
Қарағанды	66	204	186
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>565</b>	<b>1 064</b>	<b>470</b>
Кету аймақтары			
Алматы	527	101	10
Маңғыстау	80	70	9
Қызылора	41	42	10
Жамбыл	107	66	27
Түркістан	509	272	174
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>1 264</b>	<b>551</b>	<b>230</b>

Дереккөзі: <https://www.enbek.kz>.

Сұхбат алу барысында мынадай бір тенденцияға да кез болдық. Белгілі бір аймақтың тұрғындары тек бір облыстарға ғана қоныс аударатын бейресми заңдылықты байқадық. Мысалы, оңтүстіктен қоныс аударушылар саны бойынша көш бастап тұрған Түркістан облысынан тұрғындар көшу үшін көбіне Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарын таңдаса, Алматы облысынан қоныс аударуға шешім қабылдағандар негізінен Шығыс Қазақстан мен Павлодар облыстарына көшеді екен.

Аймақаралық көші-қонды сауалнама арқылы зерттей келе, солтүстік өңірлерге қоныстану туралы шешім қабылдағандардың жастық құрамы қуантты. Ол аймақтарға көшкендердің дені 30 жастан асқандар, яғни шешімді саналы түрде қабылдап, өз өмірін өзгертуге ғана емес, аймақтың

тыныс-тіршілігіне де өз үлесін қосуға барғандар екенін байқаймыз. Сұқбаттасқандардың 38 пайызы 30 жасқа толмағандар болды. Бұл да көші-қон үшін оң көрсеткіштердің бірі. Көшіп барғандардың жартысына жуығының білімі жоғары, отбасылы қоныстанушылардың 80 пайызға жуығы балалы отбасылар.

### 2-кесте. Сауалнамаға қатысқан көшіп барушылар құрамы

Облыстар	Ерлер	Әйелдер
Шығыс Қазақстан	46,4%	53,6%
Солтүстік Қазақстан	51,8%	48,2%
Павлодар	58,7%	41,3%
Қостанай	50,7%	49,3%

### Қорытынды және тұжырымдама

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы болсын, одан кейінгі бағдарламалар болсын, барлығының шешетін бірнеше басты мәселесі бар. Ең бастысы – тұрғындардың аймақаралық орналасуындағы теңгерімсіздікті жоюы. Бұдан бөлек, еңбек күшінің бөлінісін реттеу, жұмыс күшін сұранысына орай әр аймақта дұрыс қалыптастыру.

Дегенмен, келу аймақтары қоныстанушыларға бос жұмыс орындарын көптеп ұсынбайтыны анықталды. Мұнымен қатар әр аймақтың ұсынатын қажетті мамандық аталымында едәуір өзгешеліктер бар болып шықты.

### 3-кесте. Қоныс аудару көрсеткіштері

Келу аймағы	Адам саны	Өз аймақтарына қайтып кеткендер саны	Экономикалық белсенді қоныс аударушылар саны
Қостанай облысы	2 441	275	1 068 (999 – жұмысқа орналасты,
Солтүстік Қазақстан	2	-	1
Павлодар облысы	6 765	495	3 197 (2242 – жұмысқа орналасты, 378 – жеке кәсіпкер)
Шығыс Қазақстан	6 363	-	-

Жоғарыдағы көрсеткіштер Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстарына қоныс аударушылардың көп екенін көрсетеді. Бұл осы екі облысты таңдағандар үшін жағдай жасаумен қатар, аталған облыстың жұмыспен қамту орталықтары ақпараттандыру жұмыстарын дұрыс

жүргізгенін көрсетеді. Сонымен қатар, көшіп келгендердің орналасқаннан кейінгі өмірлері туралы да деректер жинау жағынан Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс біршама жүйеленгенін байқатты. Бұл аймаққа көшіп келгендердің 47 пайыздан астамы жұмысқа орналасу немесе өз кәсібін ашу жағынан белсенді болып шықты. Мұндай мәліметтерді жинау Қостанай облысында да жолға қойылыпты. Мұнда қоныстанғандардың жұмыс істеу мен кәсіп ашу жағынан 44 пайызға жуығы белсенділік танытқан.

Негізі көші-қон бойынша қалыптасқан халықаралық үрдістерге сай, көбіне қоныс аударушылар мен қоныстанғандар саны бірдей болып шықпайды. Белгілі бір аймаққа қоныс аудару туралы шешім қабылдап, сол өңірге табан тіреген адам белгілі бір мерзім ішінде өз шешімінен айнып қалуы мүмкін, яғни толыққанды қоныстану болмай қалуы да мүмкін.

Біздегі статистикалық деректердің кейде ай сайын, кейде белгілі бір мерзім ішінде өзгеріп тұратыны осыны көрсетсе керек.

«Еңбек» бағдарламасын талдау барысында ресми статистика және стратегиялық құжаттар мен құқықтық актілердің даму, өзгеру бағыттарына да баса назар аудардық. Мемлекет тарапынан қолға алынған шараларды іске асыру жұмыстарына көбіне-көп жергілікті атқарушы билік жауапты болғанымен, түрлі құжаттарды саралау барысында бұл мәселеге мемлекет басшысы да назар аударып отырғанын байқадық. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың соңғы мәлімдемелеріне қарасақ, мемлекет басшысы «оңтүстік аймақтардағы шектелген әлеуметтік қолдау инфрақұрылымына қысымды төмендету үшін» ішкі көші-қон процестеріне тиімді бақылау жасау керектігін айтқан. Президенттің бұл мәлімдемесі денсаулық сақтау және білім саласындағы проблемаларды атап өту кезінде жасалған. Сондай-ақ, 2020 жылдың қазан айында Президент Қ.К. Тоқаев әлеуметтік инфрақұрылымға әрі қарай инвестицияларды тарту, сондай-ақ тікелей қаржылай қолдауды арттыру арқылы халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етудің басымдығын атап өтті. Өткен уақыттағы Президенттің бұл мәлімдемелеріне назар аударуымыздың себебі – сол кезеңдерде «Еңбек» бағдарламасы әлі жұмыс істеп тұрған еді.

Осылайша, мемлекеттік деңгейде қабылданып, мемлекеттік бақылау бола тұра, «Еңбек» бағдарламасының нәтижесі көпшілік күткендей болмады. Бірақ көші-қон процесін қалай жүргізу керектігін, көші-қон стратегиясын қалай жүйелеу қажеттігін көрсетуге өз септігін тигізген бағдарлама болды деп есептейміз. Бастысы, көші-қон саясатындағы кемшіліктер сараланған, жетістіктері қолдау тапқан бастамашыл бағдарлама болды. Тек осы көші-қонға жауапты мекемелердің мамандары тиісті қорытынды шығарып, көші-қонды одан әрі жандандыратын қажетті ұсыныстарды жасақтап, оларды келесі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда пайдаланса дейміз.

Осыған орай бірнеше ұсыныстың жүзеге асқаны дұрыс болар еді.

Бұл өзіміз сұхбаттасқан көші-қон процесіне тікелей араласып жүрген азаматтардың ортақ ұсынысы:

- алдымен, бұдан кейін қабылданатын бағдарламаның насихатталуы дұрыс жолға қойылуы тиіс, ол үшін арнайы жоспарлы жұмыс жасалуы керек;

- елімізде ерікті қоныс аударуға және жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыруға бағытталған бөлек орган құрылса! Дұрысы, бастапқыда ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі құрылымынан қоныс аудару бағдарламасын бақылау және зерттеу бойынша бөлек департамент құрылуы тиіс;

- бұған қоса жергілікті жерлерде әкімге тікелей бағынатын көші-қонмен арнайы айналысатын бөлімдерді ашу жолдары қарастырылуы керек;

- және бірінші кезекте халықпен дұрыс жұмыс жасайтын, оларды психологиялық тұрғыдан дайындайтын, бағдарламаның мәнін терең түсіндіретін орталықтар ашу керек.

Әзірге – көші-қон сұрағына жекелеген сарапшылар мен зерттеушілер ғана талдау жасап келеді. Ал ақпараттандыру жағын көші-қонға қатысы бар еріктілер мен кейбір облыстардағы тиісті басқармалардың мамандары ғана атқарауда. Ал бұл жұмыс жұрт болып жұмылуы қажет етеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Үкіметінің 29.09.2017 ж. №602 қаулысы // ҚР көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын және ҚР көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000602> (қаралған күні: 11.12.2022)
2. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы // URL:<https://stat.gov.kz/search> (қаралған күні: 11.12.2022)
3. Кучмаева О., «Демография и человеческий капитал: демографические дивиденды», Сборник научно-практического семинара. 2021. 14-18.
4. Теоретические основы демографии, о народонаселении и развитии, концепция демографической устойчивости // URL:<https://learning.idrras.ru/course/view.php?id=2>
5. Электрондық еңбек биржасы // Барлық облыстар // URL:<https://www.enbek.kz/kk/search/vac?prof=%D0%BF%D0%B0%D0%B2%D0%BB%D0%BE%D0%B4%D0%B0%D1%80> (қаралған күні: 01.12.2022)
6. ҚР Үкіметінің 13.11.2018 ж. №746 қаулысы // Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746#z802> (қаралған күні: 11.12.2022)
7. 2022 жылғы қаңтар-наурыздағы демографиялық ахуал туралы // 16.05.2022. – URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/372063?lang=kk>
8. Institut demograficheskikh issledovaniy FNISTS RAN «Demograficheskoe razvitiye stran SNG» [Institute of Demographic Research of the Russian Academy of Sciences "Demographic Development of the CIS countries"] 2021 – p.39-40
9. Садвокасова А., Бағлай Б., Жампеисов Д., Турсымбаева Г., Жасымбекова С. «Оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару бағдарламасын бағалау». Халықаралық көші-қон ұйымының есебі, 2022. – 10-13 б.
10. Ұлттық статистика бюросының дерегі. 2022. – Қаңтар-маусым, Herізгі бет.
11. Основные доклады о народонаселении мира // URL:<https://www.un.org/ru/development/surveys/population.shtml> (қаралған күні: 06.06.2022)
12. Көшек Қ., Тамбетова Н., «Теріскейді бетке ал, қауым!». «Jas Qazaq» газеті. 18.03.2022. 3-4 б.

13. Институт демографических исследований ФНИСЦ РАН «Миграция и развитие». Сборник курса 6. апрель, 2021.
14. Рязанцев С.В. // Кейсы демографической политики // Демографическое развитие стран СНГ // URL:[https://learning.idrras.ru/pluginfile.php/911/mod\\_resource/content/9/presentation\\_5.2\\_Demographic-policy-cases\\_Ryazantsev.mp4](https://learning.idrras.ru/pluginfile.php/911/mod_resource/content/9/presentation_5.2_Demographic-policy-cases_Ryazantsev.mp4) (қаралған күні: 30.06.2022)
15. Татимов М.Б., Татимова М.М., Глобализация демографии. – Алматы, типография ЦАУ, 2010 – 157-158 с.

## REFERENCES:

1. QR Ukimetinin 29.09.2017 zh. №602 қаулысы // QR koshi-kon sayasatynyn 2017-2021 zhyldarga amalghan tuzhyrymdamasyn zhane QR koshi-kon sayasatynyn 2017-2021 zhyldarga amalghan tuzhyrymdamasyn iske asyru zhonindegі is-sharalar zhosparyn bekitu turaly [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated 29.09.2017 No. 602 // Approval of the Concept of Migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021 and the concept of migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021] URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000602> (Accessed: 11.12.2022)
2. QR Strategiyalyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ultyk statistika byurosy [Bureau of national statistics of the agency for Strategic Planning and reforms of the Republic of Kazakhstan] URL:<https://stat.gov.kz/search> (Accessed: 11.12.2022)
3. Kuchmaeva O., «Demografiya i chelovecheskii kapital: demograficheskie dividendy» [“Demography and human capital: demographic dividends”, Collection of scientific and practical seminar] 2021 – p. 14-18.
4. Teoreticheskie osnovy demografii, o narodonaselenii i razvitiі, kontseptsiya demograficheskoi ustoiçivosti [Theoretical foundations of demography, population and development, the concept of demographic sustainability] URL:<https://learning.idrras.ru/course/view.php?id=2>
5. Ehlektronдық еңбек бирzhасы // Barlyq oblystar [Electronic labor exchange // all regions] URL:<https://www.enbek.kz/kk/search/vac?prof=%D0%BF%D0%B0%D0%B2%D0%BB%D0%BE%D0%B4%D0%B0%D1%80> (Accessed: 01.12.2022)
6. QR Ukimetinin 13.11.2018 zh. №746 қаулысы // Natizheli zhumyspen kamtydy zhane zhappai kasipkerlikti damytudyn 2017 – 2021 zhyldarga amalghan "Enbek" memlekettik bagdarlamasyn bekitu turaly [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated 13.11.2018 No. 746 // On approval of the State Program for the development of productive employment and mass entrepreneurship "Enbek" for 2017-2021] URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746#z802> (Accessed: 11.12.2022)
7. 2022 zhylyq қantar-nauryzdagy demografiyalyk akhual turaly [Demographic situation in 2022] 16.05.2022. – URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/372063?lang=kk>
8. Institut demograficheskikh issledovaniy FNISC RAN «Demograficheskoe razvitie stran SNG» [Institute of Demographic Studies, FNISC, RAS "Demographic Development of CIS Countries"]. collection, 39-40, May, 2021.
9. Sadvokasova A., Baglai B., Zhampeisov D., Tursymbaeva G., Zhasymbekova S. 2021. «Ontustikten soltustikke konys audaru bagdarlamasyn bagalau» [“Assessment of the resettlement program from South to North”] Report of the International Organization for Migration p.10-13.
10. Ultyk statistika byurosynyn deregi [Data from the National Bureau of Statistics]. 2022, – January-June, Main page.
11. Osnovnye doklady o narodonaselenii mira [Major reports on world population] // URL:<https://www.un.org/ru/development/surveys/population.shtml> (Accessed: 06.06.2022)
12. Koshek K., Tambetova N., «Teriskeidi betke al, kauym!». «Jas Qazaq» gazetі [“Moving North!”] Newspaper "JasQazaq" – 18.03.2022. p.3-4.
13. яяяяInstitut demograficheskikh issledovaniy FNISC RAN «Demograficheskoe razvitie stran SNG» [Institute of Demographic Studies, FNISC, RAS "Demographic Development of CIS Countries"]. Collection 6, 39-40, april, 2021.
14. Ryazantsev S.V. // Keisy demograficheskoi politiki // Demograficheskoe razvitie stran SNG [Cases of demographic policy // Demographic development of the CIS countries] // URL:[https://learning.idrras.ru/pluginfile.php/911/mod\\_resource/content/9/presentation\\_5.2\\_Demographic-policy-cases\\_Ryazantsev.mp4](https://learning.idrras.ru/pluginfile.php/911/mod_resource/content/9/presentation_5.2_Demographic-policy-cases_Ryazantsev.mp4) (Accessed: 30.06.2022)
15. Tatimov M.B., Tatimova M.M., Globalizatsiya demografii [Globalization of demography] – Алматы, TSAU printing house – 2010, p.157-158.

*Arman Kassymbayev<sup>1</sup>, Galym Malik<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>PhD students of Al-Farabi Kazakh National University,  
email: galim.malik@mail.ru*

*<sup>2</sup>PhD students of Al-Farabi Kazakh National University,  
email: 1251546@mail.ru  
(Almaty, Kazakhstan)*

## GLOBALIZATION AND LANGUAGE POLICY: CHALLENGES AND OPPORTUNITIES

**Abstract.** The article examines the patterns of the influence of globalization on language processes in the world and analyzes the interaction of language policy and globalization. The proposed paper has demonstrated that English is the language of globalization and how this factor affects changes in the states' language policies. The article underlines that Chinese may become the world language in the long-term perspective. It was determined that globalization is not only a threat to the national policy of preserving one's own identity, however at the same time an opportunity for a number of countries to integrate into the global system of distribution of economic benefits since globalization provides an equal opportunity for all participants in the «free market». In addition, authors considered Kazakhstan's experience of integration into the world economic system that changed some aspects of language policy was also considered.

**Keywords:** *language policy, modern globalization, English language, hegemony of the English language, Chinese language, neoliberal ideology.*

## Арман Қасымбаев, Ғалым Мәлік ЖАҢАДАНУ ЖӘНЕ ТІЛ САЯСАТЫ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

**Аңдатпа.** Мақалада жаһанданудың әлемдегі тілдік процестерге әсер ету заңдылықтары қарастырылады. Тіл саясаты мен жаһанданудың өзара іс-қимылына талдау жасалды. Мақала аясында ағылшын тілінің жаһандандық тіл екендігі және бұл тілдің мемлекеттер дамуының тілдік векторының өзгеруіне қалай әсер ететіндігі дәлелмен көрсетіледі. Мақалада қытай тілі алыс мерзімді перспективада әлемдік тілге айналуы мүмкін екендігі атап өтілген. Жаһандану тек ұлттық саясатқа қауіп төндіріп қоймай ондағы ұлттың өзіндік бірегейлігіне қауіп келтіретіндігі анықталды, сонымен біре бірқатар елдердің әлемдік жүйеге ену мүмкіндігі айтылады, өйткені жаһандану еркін нарықтың барлық қатысушылары үшін тең мүмкіндікті қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, тіл саясатының векторын

өзгерту арқылы әлемдік экономикалық жүйеге интеграциялаудың қазақстандық тәжірибесі де қаралды.

*Түйін сөздер: тіл саясаты, қазіргі жаһандану, ағылшын тілі, ағылшын тілінің гегемониясы, қытай тілі, неолибералдық идеология.*

**Арман Касымбаев, Малик Галым**

## **ГЛОБАЛИЗАЦИЯ И ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА: ВЫЗОВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ**

**Аннотация.** Статья рассматривает закономерности влияния глобализации на языковые процессы в мире. Проведен анализ взаимодействия языковой политики и глобализации. В рамках статьи было доказано, что английский язык является языком глобализации, и то, как данный язык влияет на изменения языкового вектора развития государств. В статье отмечается, что мировым языком в долгосрочной перспективе может стать китайский язык. Было определено, что глобализация – это не только угроза для национальной политики сохранения собственной идентичности, но и возможность для ряда стран встроиться в мировую систему распределения экономических благ, поскольку глобализация обеспечивает равную возможность для всех участников свободного рынка. Кроме того, был рассмотрен и Казахстанский опыт интеграции в мировую экономическую систему посредством изменения вектора языковой политики.

**Ключевые слова:** языковая политика, современная глобализация, английский язык, гегемония английского языка, китайский язык, неолиберальная идеология.

### **Introduction**

Globalization is an integral part of the current processes of the world order. As a comprehensive process globalization has a significant impact on the language policy of states at the present stage of the development [1]. Due to the fact that globalization is a universal part of social, economic, cultural, and political processes. Globalization as socio-political phenomenon has been the subject of considerable debate. [1]. Thus, a number of authors consider globalization as an obvious dominance of the English language in non-English-speaking countries of the world. [2]. In turn Tollefson notes the fact that the hegemony of the English language is based on the development of science and technology of the Anglo-Saxon states. Consequently, non-English-speaking countries are forced to react sharply by adapting their language policy to the technological challenges of our time. In this regard globalization serves as a driving force for strengthening the position of the English language as the language of globalization.

The comprehensive importance of using English as an instrument of international communication combined with the significant impact of globalization on non-English-speaking countries has led to the dominance of English in the world [3]. The challenge is the fact that most modern states marginalize their own languages in favor of the demands of globalization. Crucial

---

importance in this matter is that English as a key instrument of mediation in the process of globalization, which is not their native language.

Nevertheless, English as the language of globalization is connected with the fact that over the past thirty years a number of countries have faced a technological collapse namely the technological underdevelopment of their internal potential, which in turn has led to the significant use of English as the language of world communication. This language allows you to open access to information and above all technology transfer, which makes it possible to improve the economic and social situation of the population of a particular country.

The language policy of any non-English-speaking state faces the problem of using English. Thus, their own language policy based on the use of English leads to inequality among the population in various fields of human activity: communication, education, science, and knowledge production [4].

More specifically, the introduction of language planning in historically non-English-speaking regions has served as a catalyst for bilingual research and the role of bilingualism in solving linguistic problems resulting from language contact [5]. De Swann presented a three-level hierarchical structure of world languages to explain the global demand for English. He placed most of the world's languages at the base of this constellation, identified twelve "supercentral" languages (one of which is Russian) at the next level and allocated the top position to English, which is the only "hypercentral" language. Subsequently, this hierarchical system was used to show that native speakers tend to learn languages located at higher levels, with English being preferred [6]. Although this framework explains how demand for English has formed, it does not fully describe how supply fuels demand, how demand creates the potential to suppress other languages, and how demand contributes to language shift and English hegemony.

### **Research methodology**

The methodology of the work is based on determining the specifics of the object and subject of the study. The subject of the study is the peculiarities of the functioning of language policy in the context of globalization. Globalization is a complex multi-level process that requires a comprehensive methodological approach in the condition of studying various aspects of this subject. The methodology of this research includes various general scientific methods: induction, and deduction, synthesis, and analysis. In addition, the dialectical method plays a key role in the study, which allows us to consider the phenomenon of globalization of language processes as a pattern of development of the language landscape on a global scale. And the methods of formal logic were used to study the patterns of changes in the functioning of linguistic trends in the context of globalization.

This study is based on the foundations of the neoclassical linguistic method, which allows summing up the methodological foundations of pluralism and the synergetic unity of several theoretical concepts. In turn, historical and



comparative methods made it possible to study the models of language policies in different regions of the world and how these language paradigms are changing under the influence of globalization; "intertemporal" comparison made it possible to identify common and distinctive features and classify approaches to identifying the sources of language policy in various countries of the world. The systematic method is aimed at studying current political trends in the context of globalization.

The key method was the synchronic approach of sociolinguistics, which made it possible to analyze the globalization of language changes as a process occurring at a certain point in time. While the diachronic method provided an opportunity to consider the globalization of language trends in a full historical perspective starting with the emergence of globalization as a socio-political phenomenon and ending with the stages of evolution throughout the history of globalization.

### **The main part**

First of all, the sphere of language policy is associated with interference and control by the authorities on the language processes in any states of the world. Language policy is determined explicitly or implicitly by state bodies, members of civil society, political and social institutions, enclaves, and simply representatives of local communities in order to preserve the low-level linguistic space or change the linguistic field to transform the behavior of various speakers of a particular language at the local, regional or national levels. [7].

In modern political sociolinguistics there are two levels of language policy are distinguished: the macro level and the micro level. The macro-level is aimed at forming a national policy in the field of formal regulation of language processes in the state. The status of the language is determined by official laws and acts of state bodies. In turn, the microlevel is characteristic of informal practice. Its application is observed in the activities of individuals, various groups of the population, families when these members of society interact at a domestic or professional level. [8].

One of the key representatives of political sociolinguistics is Robert Phillipson who notes the influence on the sovereign language policies of various states of the world through the widespread use of English. Thus, this author comes to the conclusion that the English language occupies a dominant position in the world, which in turn is a significant challenge for the national policy of language planning for individual states.

R. Phillipson notes that English is the most important part of modern globalization. R. Phillipson puts the following meanings into the definition of globalization is the processes of aggressive capitalism after the collapse of the USSR, financial restructuring, «mcdonalization», and subsequent militarization. An important feature of globalization is the dominance of the English language as well as NATO's special military operations to maintain peace and harmony.

---

R. Phillipson notes that the use of ubiquitous English does not lead to a simple copying of Western values. Nevertheless, British culture and US corporate interests influence on the formation of the dominance of the US hegemony in non-English-speaking states. Consequently, it leads to the marginalization of other sovereign languages. Moreover, there is a tendency that the growing popularity of the English language is undoubtedly related to the economic and financial situation of the United States in various parts of the world. This is explained by the fact that the English language and its dissemination is associated with the so-called "ecology of language" paradigm, which is based on cultural diversity and equally provides equivalent rights for all native speakers of this language, protecting the interests of equality and human rights as a counterweight to the free market.

The ecology of language requires specific efforts, starting from the local and ending with the global level. The ecology of language policy requires a full understanding of the consequences of the linguistic dominance of a particular language in the world taking into account the consequences for the local language. This trend is characteristic of all non-English-speaking states, therefore, when introducing language policy in the context of globalization it is necessary to take into account linguistic imperialism, which causes serious damage to national identity. In this regard, the question arises about the equality of languages in a global format or the ecology of the languages of non-English-speaking States. Thus, Phillipson argues that efforts should be made to preserve the status of a local (national) language due to the fact that English is gaining widespread popularity or global expansion in particular over the past fifty years. Therefore, the status of the concept of ecology of local languages acquires an essential position, which will make it possible to suspend the expansion of the hegemony of the English language. Moreover, Phillipson insists that local authorities can strengthen the economic attractiveness of their territory in order to improve the social situation of the population. These actions should ensure the protection of linguistic sovereignty and increase the importance of local (national) languages. By the way, according to Phillipson that it is important to establish local production and ensure economic freedom by introducing a free market policy. Consequently, these efforts will ensure the ecology of national languages and ensure the preservation of national identity. This call is for a basic change in the current global financial situation (and not for finding an alternative to the role played by English in global economic activity), which has a significant bearing on the importance of national languages; nevertheless, the national language consists of a long list of items that are not ordered and prioritized in any consistent way.

Does the ecology of local languages imply economic liberalization of national economies to ensure equal access for all native speakers to the free market? English unlike local languages provides access to the free market. The concept of language ecology is invested with the importance of democratization and market liberalization. However, a number of states with "local languages"

are characterized by an undemocratic regime of government, which does not allow creating conditions for economic liberalization. Which in turn leads to the dominance of the English language and the status of the local language is experiencing the effect of marginalization in the economic, technological, scientific spheres.

The concept of linguistic ideology may become a challenge for national states. The factor of the importance of the English language is undoubtedly globalization, which allows access to the world economy and the global capitalist market [9]. At the same time, English is becoming the language of mobility for large groups of the population on a global scale. This mobility gives native English speakers access to building their own careers in the non-national corporations of world-class business [10].

The overwhelming number of experts came to the conclusion that the importance of the English language is overestimated on a global scale due to the fact that the economic hegemony of the English language is in an uncertain position. The fact of overestimating the importance and status of the English language is caused by the growing importance of local languages. There is a process of regionalization between countries and specific regions of the world. This trend is due to the gradual development of the Chinese "Mandarin" language, Spanish, Arabic. These languages have a significant impact not only at the regional level, but also in other parts of the world. China began to strengthen its position in the region thanks to the Chinese language and economic growth is determined the importance of the development of this language [11]. China as a promising global economic power has provided the conditions for the Chinese language to become more widespread as a regional and global language. Chinese is an important factor in employment in East and Southeast Asia and other regions that are popular with the Chinese population. There is a trend that more and more workers with knowledge of several languages are required. These potential employees should know not only English, but also Chinese in the Southeast Asian region. In this regard, there is an appearance of a particularly linguistic element called a "language springboard", which allows you to be more competitive in the labor market. Globalization has a significant role on the labor market. If you do not know a single foreign language then there is no opportunity for employment and for successful career growth [12]. The more languages a person knows, the more he is in demand both within his country and abroad [12].

Modern globalization has determined the importance of not only the English language, but also the Chinese language. The Chinese language is an important and valuable tool for competitiveness in the market, while providing quite significant mobility [13].

One of the directions in the study of language policy and globalization is the ideology of the importance of learning a foreign language and the insignificance of national languages. Knowledge of a foreign language in society causes social differences as a factor of social and political tension within society. Native

---

speakers of national languages lose the possibility of labor mobility and are forced to suffer losses economically than people who speak foreign languages. Language ideologies reflect the values that are characteristic of its native speaker. These values construct a personality on an individual or group level. These values are reflected in the formation of hierarchy in society. Therefore, globalization only reinforces these divergences of intra-group interactions on an institutional scale.

Linguistic ideologies are a projector of a person's beliefs about the importance of different languages, which provide the benefits of language in communication between people. Such use of language forms the discourse of the social format of relations. In this sense, the discourse of neoliberalism stands out, which defends the idea of interaction of global capital, goods, services, and cooperation of individuals at the transnational level by crossing national borders [14]. Neoliberal ideologies formulate the positions of language as a means of producing material goods. The language acts in this neoliberal context as a commodity, and the functions of the language are determined by the currency indicators of the stock market. Thus, at different levels of interaction, the language is only a tool for currency transactions, where users of the language live and work.

Proponents of neoliberal ideology argue that language is capital that is associated with an individual user or product. This product is in demand and supply on the market. At the same time, it is necessary to allocate human capital and goods that are in demand. Capital and commodity are overlapping concepts. However, a noticeable difference between these concepts is found in Byrne's study on the relationship between employers and employees, in which the author describes capital as "knowledge" and goods as "transaction". In accordance with this discussion, this study attempts to consider human capital and a commodity suitable for sale as interrelated but separate concepts, correlating human capital with knowledge and abilities, and competitiveness with a marketable product [15]. The view of language as human capital emphasizes language owners who conceptualize themselves as owners of language skills, knowledge and abilities as a source of self-development and life benefits.

During the meeting of the Assembly of Peoples of Kazakhstan the former head of State N.A. Nazarbayev put forward the concept of three languages. In addition, as part of the address to the people of Kazakhstan in 2007 was noted the need to introduce a system of three languages. The trinity of languages has become a response to the challenges of modern globalization. In this regard, a policy of gradual introduction of a system of three languages was proposed. This idea was based on the need for domestic policy, which was to form a language policy for the next years of the development of the language landscape. According to this project every citizen of the Republic of Kazakhstan should speak three languages: English, Kazakh, and Russian. This innovation was supposed to ensure the competitive ability of citizens. This will open up huge opportunities for self-realization in front of a person, help him significantly expand his horizons

and become as useful to his country as possible. This position of the President is particularly clear from the point of view of global challenges. Today, knowledge of languages helps to receive diverse and versatile information, using of the Internet, establish business contacts, conclude profitable contracts, adequately represent Kazakhstan on the world stage in any field of activity [16].

Thus, language is seen as a form of human capital (linguistic capital) that can be used to access numerous life opportunities, such as employment, education, travel, social relations or other benefits. Language learning can thus be incorporated into their own human capital development project, which aims to liberate their entrepreneurial freedom and improve their economic competition in a tough neoliberal and competitive global economy.

Language is a product that is created and defined as a commodity in a free competitive market by entrepreneurs and consumer choice, companies and employers, as well as supply and demand.

Today's globalized world is threatened by mass migration, urbanization, climate change, and etc. For this reason, the formation of a national language policy is under very serious threat. Since globalization removes borders between states, making the countries of the world transparent to each other. Globalization is a huge challenge for any nation-state, there is a risk of the disappearance of entire linguistic groups and the marginalization of the languages of national minorities. Due to economic integration, countries are forced to interact with other states. In the context of globalization processes Kazakhstan faces a number of challenges, one of which is the need for "linguistic" support of the national identity model.

### **Conclusion**

The problem of understanding and interpreting language and globalization has become a key problem in modern sociolinguistics. The problem has acquired the status of significance only in a much more recent time since the last decade of the twentieth century. In this regard, the expert communities have not formed a unified point of view of understanding globalization in the context of language processes in one or another part of the world. Moreover, there is a very complex scientific picture of the world about the functioning of globalization as a number of experts claim about the dynamism of the process. Therefore, descriptions of the essential features of this phenomenon are summarized in a partial understanding or in an intermittent description of the globalization process. However, it is worth noting the fact that globalization should not be considered from the point of view of the numerical dominance of the English language in the public sphere. Preferences in the choice of types of language policy have become noticeable. In the first place in the nation states came deacularization and monolingualism supported by linguistic purism or neo-purism of the new globalizing era [17].

The problem of globalization and language processes is that there is a constant change of paradigms on a linguistic scale – the hegemony of one language is

---

replaced by another. For example, UNESCO suggests that English in the world ranking of languages will be replaced by Chinese. Due to the fact that native speakers of the Chinese language are growing from year to year. There will be a trend of mass mastering of the Chinese language, which in turn will lead to a surge in the popularity of Chinese culture. Nevertheless, this prospect is considered rather distantly.

According to S. Huntington, globalization is the interaction and contacts of states and societies that may be at different levels of their existence. Globalization as a ubiquitous process manifests itself in all spheres of interaction of society. For example, economics, politics, medicine, finance, and technology are part of a single process of universal globalization. Globalization affects not only the everyday part of a person's life but can also become part of the mass worldview of the community. The ideology of mass culture can be found in any corner of the globe. Through such tools as mass media, advertising, TV shows, pop music and pop culture. There is a broadcast of patterns of behavior that affects the formation of value orientations of an individual and society as a whole [18].

---

## REFERENCES:

1. Tollefson J. Language policy, culture, and identity in Asian contexts. Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum, 2007. P. 283.
2. Kachru B. Teaching world Englishes. The other tongue: English across cultures. Chicago, IL: University of Illinois Press, 1992. P. 355–366.
3. Kachru B. Language Teaching. Volume 25: Issue 1, 1992, P. 1 – 14.
4. Graddol D. The Future of English. The British Council, 1997. P. 18.
5. Amy B. Medium of Instruction Policies: Which Agenda? Language Problems & Language Planning: 29 (1), 2005. P. 94-95.
6. Christian M. Globalisation and the World System of Standard and Non-standard Englishes. The Variability of Current World Englishes, 2014. P. 65-96.
7. González F. Review of Thomas Ricento. Ideology, Politics and Language Policies. Focus on English Impact Studies in Language and Society. ITL - International Journal of Applied Linguistics, 2004. P. 137-145.
8. Pennycook A. A Critical Introduction. Critical Applied Linguistics, 2001. P. 13.
9. Piller I. Neoliberalism as language policy. Language in Society, 2013. P. 220.
10. Park J.S. A practice-based critique of English as a Lingua Franca August. World Englishes: 30(3), 2011. P. 360 – 374.
11. Kung F. Bilingualism in an academic perspective: Exploring the implementation of English-medium instruction in Taiwanese tertiary education. Asian EFL Journal Research Articles: 15(4), 2013. P. 8–36.
12. Fishman J. A. Reversing language shift: Theoretical and empirical foundations of assistance to threatened languages. Clevedon: Multilingual Matters, 1991.
13. Codo E. Localisable English: New linguistic hierarchies in 'democratising' English in Spanish education, 2019.
14. Heller, M. The commodification of language. Annual Review of Anthropology: 39(1), 2010. P. 101– 114.
15. De Schutter H. Language policy and political philosophy: On the emerging linguistic justice debate. Language Problems and Language Planning: 31(1), 2007. P. 1–23.
16. Uskenbayeva S. T. language policy in the context of globalization and its impact on education. The Lavrov Collection. Materials of the XXXIV and XXXV Central Asian-Caucasian readings, 2011. P. 489 – 491.
17. Suleimenova E.D. Globalization and Language Policy. Vol. 17. No. 1, 2020. P. 112-120.
18. Huntington S. The Clash of Civilizations? Foreign Affairs. Vol.72. No. 3, 1993. P. 22–49.

*Данагуль Блялова<sup>1</sup>, Бибигуль Бюлегенова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Саясаттану кафедрасының магистранты  
e-mail: danagul@list.ru*

*<sup>2</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Саясаттану кафедрасының профессоры м.а.,  
саяси ғылымдарының кандидаты  
e-mail: Bibigul\_bb@mail.ru  
(Астана, Қазақстан)*

## **ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮЛҒАНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақстандықтардың негізгі ақпарат көздері туралы зерттеудің нәтижелері талданып, алынған мәліметтердің негізінде азаматтардың басты дереккөз ретінде әлеуметтік желілерге деген сұранысының жоғары екені баяндалады. Осы орайда полиэтникалық мемлекеттің азаматы ретінде тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі мәселесінің өзектілігі туындайды. Бүгінде ақпараттық кеңістікте контент үзіліссіз негізде өндіріледі. Бұл трансформациялық құбылыстар адам мен тұлға өмірінің барлық салаларын қамтып үлгерді. Азаматтардың «ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік», «ақпараттың теріс әсері» түсініктерін түйсіну деңгейін анықтау мақсатында авторлар сауалнама жүргізді. Әлеуметтанулық зерттеудің қорытындысы бойынша ақпараттық технологиялардың дамуы жағдайында полиэтникалық қоғамдағы тұлғаның ақпараттық-тұлғалық қауіпсіздігі мәселесінің өзектілігі айқын деген тұжырым жасалды.

**Түйін сөздер:** *әлеуметтік желілер, ақпарат көзі, фейк, ақпараттық ықпал, ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік, полиэтникалық қоғам, ұлтаралық алауыздық.*

---

## **Данагуль Блялова, Бибигуль Бюлегенова ИНФОРМАЦИОННО-ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ЛИЧНОСТИ В ПОЛИЭТНИЧЕСКОМ ОБЩЕСТВЕ**

**Аннотация.** В статье представлены результаты исследования об основных источниках информации казахстанцев, которые показали востребованность социальных сетей в качестве главного информационного источника. В связи с этим актуализируется проблема информационно-психологической безопасности личности как гражданина полиэтнического

---

государства. Бесперывное производство информационного контента вносит кардинальные изменения в информационное пространство и эти трансформации затрагивают все сферы жизни человека и личности. Авторами был проведен опрос с целью выявления понимания гражданами понятий «информационно-психологическая безопасность», «негативное воздействие информации». По результатам социологического опроса и последующего анализа данных автор приходит к выводам об актуальности проблемы информационно-психологической безопасности личности в полиэтничном обществе в условиях развития информационных технологий.

***Ключевые слова:** социальные сети, источник информации, фейк, информационное воздействие, информационно-психологическая безопасность, полиэтничное общество, межнациональная рознь*

---

**Danagul Blyalova, Bibigul Byulegenova**  
**INFORMATION AND PSYCHOLOGICAL SECURITY OF A PERSON  
IN A POLYETHNIC SOCIETY**

**Absrtact.** The article presents the results of a study on the main sources of information of Kazakhstanis, which showed the demand for social networks as the main information source. In this regard, the problem of information and psychological security of the individual as a citizen of a multi-ethnic state is actualized. The continuous production of information content makes fundamental changes in the information space and these transformations affect all spheres of human life and personality. The authors conducted a survey to identify citizens' understanding of the concepts of "information and psychological security", "negative impact of information". Based on the results of a sociological survey and subsequent data analysis, the author comes to conclusions about the relevance of the problem of information and psychological security of a person in a multi-ethnic society in the context of the development of information technologies.

***Keywords:** social networks, source of information, fake, information impact, information and psychological security, multi-ethnic, interethnic strife.*

---

### **Кіріспе**

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адамзат санасы мен әрекетіне, әлеуметтік құбылыстар мен процестерге өз әсерін тигізіп, әлеуметтік өзара ықпалдастықтың түр-сипатын өзгертті, тіпті қоғамдық-саяси өзгерістердің маңызды факторына айналды [1]. Жеке тұлға мен қоғамның, тіпті мемлекеттер өмірінің барлық салаларына терең енген Интернеттің ролін жоққа шығаруға болмайды. Интернет жеке тұлғаның санасына және қоғамдық санаға ақпараттық-психологиялық ықпал



етуші мықты құралға айналды. Ол қоғамдық пікір қалыптастырушы медиакеністікке де еніп, оны да елеулі өзгерістерге ұшыратты. Интернеттің дамуымен пайда болған әлеуметтік желілер ғаламдық сипатқа ие бола отырып, бастапқыдағыдай электрондық хабарламалар алмасатын, көңіл көтеріп, бос уақытты өткізетін орыннан әлеуметтік-саяси сипаттағы ұжымдастырушы күшке (төңкерістер, толқулар) айналды [2,3,4]. Бүгінгі күні біз бұқаралық ақпарат құралдары аудиториясының қаншалықты әртараптанғанына куә болып отырмыз. Аудитория үшін талас-тартыста дәстүрлі медиа құралдары желілік ресурстардан жеңіліс табуда. Адам үшін Интернет – басты ақпарат көзі. 2021 жылы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысымен жүргізілген «Мемлекеттік саясатты БАҚ-та жүргізуімен халықтың қанағаттану деңгейі» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандықтардың елдегі жаңалықтарды пікір көшбасшыларынан бейресми түрде алуды жөн көретіні анықталды [5]. Бұл жағдай әлеуметтік желілер қызметінің ерекшеліктерін ескермегенімізді көрсетеді: әлеуметтік желілер пайдаланушыларға шамадан тыс еркіндік береді (псевдоеркіндік), желідегі анонимділіктің арқасында адамдар жазаланудан қауіптенбейді және олардың түрлі теріс ой-пікірлерге еріп кету қаупі бар. Осы аталған жағдайлар полиэтникалық мемлекетте өмір сүретін азаматтарға әлеуметтік желілерде төнетін қауіптерді тереңірек қарастыруға итермелейді. Солардың бірі – тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі мәселесі. Зерттеуде осы түсінік жан-жақты қарастырыла отырып, Қазақстанда әлеуметтік желілерді пайдалану көрсеткіштері талданады және алынған мәліметтердің негізінде әлеуметтік желілердегі жалған, деструктивті ақпаратқа азаматтардың қарсы тұру мүмкіндіктерін кеңейту бойынша ұсыныстар жасалады.

### **Зерттеу әдістемесі**


Жұмыстың әдіснамалық негізі ретінде республикалық деңгейде жүргізілген әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелері пайдаланылды. Аталған зерттеуді Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 2021 жылғы қарашаның 05-25 аралығында еліміздің 14 облысы мен республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларында жүргізді. Сауалнама 20 қалалық және 48 ауылдық елді мекенді, бас-аяғы 68 елді мекенді қамтыды. Бастапқы кезеңде ақпарат жинау қазақ және орыс тілдерінде сауалнама әдісімен, кейін фокус-топтық талқылаулар мен жеке кабинеттік зерттеу түрінде жүзеге асты. Респонденттер – 18 жастан асқан тұрғындар. Іріктемелік жиынтық саны – 2500 адам. Фокус-топтық пікірталастарға 38 респондент тартылды. Аталған зерттеудің республикалық деңгейде бірнеше кезеңмен өткізілгені және оның барысында бірнеше әдістің пайдаланылғаны оның нәтижелерінің негізділігіне сенім артуға болатынын көрсетеді. Сонымен бірге әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың «ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі», «ақпараттың теріс әсері» деген түсініктерден хабардар немесе хабардар

еместігін анықтау үшін шағын топта қосымша сауалнама жүргізілді. Оған 18 бен 50 жас аралығындағы түрлі мамандық өкілдері болып табылатын 25 респондент қатысты.

### Зерттеу нәтижелері

2022 жылдың басында әлемдегі интернет пайдаланушылардың саны 4,95 миллиардқа жетті, яғни соңғы бір жылда олардың саны 192 миллион адамға артқан (+4,0 процент) [6]. Алайда COVID-19 пандемиясына байланысты мәлімет жинау мүмкіндіктері шектеулі болғанын ескергенде, бұл көрсеткіш бұдан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін, деп ескертеді Digital 2022: Global Overview Report зерттеуінің авторлары. Аталған есепте көрсетілген деректерге сәйкес, 2022 жылдың қаңтар айында Қазақстанда әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың саны 13,80 миллионды құраған. Бұл елдегі жалпы халық санының 72,3 процентін құрайды. Осы ретте бір адамның бірнеше аккаунт ашу мүмкіндігі бар екенін ескерсек, әрбір желі пайдаланушысының бірегей емес екенін де назарға алу керек [6].


Сонымен, қазақстандықтар ең көп тіркелген әлеуметтік желілер: Facebook, Instagram және Tik-Tok (№1 диаграмма).



### 1-диаграмма. Қазақстандықтар ең көп тіркелген әлеуметтік желілер

Біз қарастырған екінші зерттеу – Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің сауалнамасы әлеуметтік желілер қазақстандықтардың басты ақпарат көзіне айналғанын көрсетті. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларды, бас-аяғы 68 елді мекенді, оның ішінде 20 қалалық және 48 ауылдық елді мекенді қамтыған әлеуметтанулық зерттеу қорытындысына сәйкес, қазақстандықтардың 45% әлеуметтік

желілерді ақпарат көзі ретінде пайдаланады [5]. Жаңалықты республикалық телевизиялық арналардан көретіндер саны да айтарлықтай көп (38%). Сонымен бірге, достарымен және туыстарымен әңгіме барысында және интернет-сайттар арқылы жаңалық білетіндер жеткілікті, тиісінше 29% (2020 жылы - 38%) және 14% (2020 жылы - 29%) (№2 диаграмма).



## 2-диаграмма. Қазақстандықтардың басты ақпарат көздері

18-25 жастағы респонденттер тобындағыларда 62% және 25-34 жастағы топтағыларда 56% деңгейінде әлеуметтік желілер маңызды дереккөз болып табылатыны анықталды. Респонденттердің жасы неғұрлым үлкен болса, көрсеткіш соғұрлым төмен. Дегенмен, тіпті 55-64 жастағы зерттеуге қатысушылардың арасындағы әрбір төртінші азаматтың әлеуметтік желілерді пайдаланып, жаңалықтарды дәл осы ақпарат көзінен алатыны белгілі болды. Тағы бір анықталғаны - 2020 жылмен салыстырғанда елдік оқиғалар туралы ақпаратқа қызығушылық 25%-тен 33%-ке дейін артқан.

Сөйтіп, қазақстандықтардың негізгі бөлігі елдегі жаңалықтарды Instagram әлеуметтік желісінен білгенді жөн көреді екен – 46% (2020 жылғы көрсеткішке +18%). Сондай-ақ, Youtube – 34% (2020 жылмен салыстырғанда +24) және Facebook – 13% (2020 жылмен салыстырғанда +4%) маңызды ресурстар болып қалды (№3-кесте).

Қазақстандықтар үшін әлеуметтік желілерден кейінгі ақпарат көзі – республикалық телеарналар ішінде ең танымалы «КТК» – 22%, одан кейін «Хабар» – 16% және 15% көрсеткішпен «Еуразия бірінші арнасы» орналасты (№3-кесте).

Ал 18-24 жастағылар жаңалықтарды достарымен/туыстарымен әңгіме барысында білетіні анықталды - 31%. Сондай-ақ қазақстандықтардың басты ақпарат көздерінің рейтингінде төртінші орында тұрған интернет-

сайттарды тұтынудың ең жоғары деңгейі 25-34 жас аралығындағы респонденттерге тән болған (19%). Ең танымал жаңалықтар сайттары: Nur.kz - 11%, Zakon.kz - 5%, Tengrinews.kz - 4% және inform.kz - 2% (№1-кесте).

**1-кесте. Қазақстандықтардың басты ақпарат көздері бойынша көрсеткіштер**

Әлеуметтік желілер	Телеарналар	Интернет сайттар
Instagram 46%	«КТК» 22%	Nur.kz 11%
Youtube 34%	«Хабар» 16%	Zakon.kz 5%
Facebook 13%	«Еуразия» бірінші арнасы» 15%	Tengrinews 4%

Анықталған мәліметтер түрлі әлеуметтік-демографиялық топтардың жаңалықтарды қабылдаудағы ортақ сипаттарын көрсетеді. Ал БАҚ арқылы өтетін ақпараттық ағындарды дұрыс саралай білу үшін оған қызығушылық таныту жеткіліксіз, ол үшін бірнеше және түрлі дереккөздерді пайдалану қажет. Ал ақпарат көздері санының шектеулі болуы (тек бір немесе екі түрін пайдалануы) халықтың ақпараттық сауатсыздығына, оқиғаларды дәйекті және рационалды бағалау қабілетсіздігіне, бейнелерді стереотиптеуге әкеп соқтыруы мүмкін. Тіпті, адамдарды жеке тұлғалардың мүдделері үшін пайдалануға болатын ыңғайлы құралға айналдыра отырып, хайп пен эмоционалды спекуляцияның көмегімен олардың санасында жалған түсініктерді қалыптастыру қаупі бар. Жалған және қауіпті ақпарат адамның жадында сақталып, көзқарас, пікір, түсінік, білім, дағдыға айналуы мүмкін. Кейін ол тұлғаның дүниетанымына әсер етіп, соңында іс-әрекетінен көрініс табуы да ықтимал. Осы ретте психикалық қоздырушы, тұрақсыздандырушы әсері бар ақпарат аса қауіпті. Мамандар ақпараттық әсер етуді бірнеше деңгейге бөледі: мемлекеттік, қоғамдық, топтық және тұлғалық. Алайда қалай болғанда да сол ықпалдың басты нысанасы тұлға екені белгілі. Мамандар әсіресе адамның қорқыныш, қызғаныш, жеккөрушілік, тоқмейілділік сынды сезімдерін ояту оңай екенін айтады. Адам санасынан тыс шыққан соң бұл сезімдерді іштей басқару қиын және олар айрықша жарқын көрініс тауып жатады [7]. Мысалы, анонимділіктің арқасында әлеуметтік желілерде белгілі тұлғалардың, ұйымдардың атынан жалған (фейк) парақшалар құрып, этносаяси дискурсқа қатысуға жол ашық. Өдетте жалған аккаунттар арандатушылық және үгіт-насихат мақсатында, яғни желі пайдаланушыларының бойында теріс эмоциялар шақыру, этнос өкілдерінің арасында қақтығыстар тудыру, оқиғалар туралы жалған ақпарат тарату үшін құрылады. Ақыр соңында ондай жалған

парақшаларда жарияланған ақпарат көп есе көшіріліп, әлеуметтік желі қоғамдастығында тез тарап, «шынайылық», «ақиқаттылық» сипатына ие болады. Мысалы, ресейлік эcobлогердің Қазақстанда жылқыны жөнсіз союға қарсы шығып, аталған жануарды қорғау акциясын бастағаны туралы ақпарат Facebook-те жарияланып, басқа әлеуметтік желілерге тез тарап, кейбір қазақстандықтардың наразылығын тудырды. Желідегі жұрт блогердің бұл үндеуіне түрлі пікір қалдырған. Бірі «жат елде өз ережесін орнатпай-ақ қойсын, еліне қайтқаны дұрыс» дегенді жазса, енді өзгелері «кері еліне қайтару керек» деп ашулы пікірлер қалдырған [8,9].

Осылайша, бастапқыда бұрмаланған күйде әлеуметтік желіде жарияланып, кейін басқа дереккөздерде де таралған ақпарат ұлтаралық араздық көңіл күйлерге негіз бола жаздады. Сол себепті тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі мәселесі қазіргідей ақпарат ағылған заманда айрықша өзекті [7,10].

Осы ретте қарапайым қазақстандықтардың «тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі» түсінігінен хабардарлық деңгейін анықтау үшін шағын топта сауалнама жүргізілді. Зерттеу гипотезасы: респонденттердің әлеуметтік желілердегі ақпаратқа сенім арту және «тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі» түсінігінен хабардарлығын анықтай отырып, азаматтардың ақпараттық сауаттылық, сыни ойлау қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде сұралғандардың 28% «тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі» түсінігінен бейхабар екені анықталды. Ал «Әлеуметтік желідегі ақпарат сіздің пікіріңізге әсер еткен жағдайлар болды ма?» деген сұраққа «Иә» деп жауап бергендер үлесі 52%-ке тең болды. Респонденттердің 44% ақпараттың теріс әсерін сезінгендерін, 32% ондай жағдайға жиі ұшырайтындарын растады. Сондай-ақ, сұралғандардың 36% мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілердегі парақшаларындағы ақпаратқа ғана сенетіндерін көрсеткен. Алайда 24% әлеуметтік желілердегі ақпаратты тексермейтіндерін мойындады. Осы ретте қоғамдық келісім мен бейбітшілікті ту еткен Қазақстанда аудиторияның этносаралық қатынастар тақырыбында әлеуметтік желілерде жарияланып жататын ақпаратты дұрыс бағалау, лайықты үн қата білу қабілетін арттыру мәселесі алға шығады. Әлеуметтік желілердің ұлтаралық алауыздықты өршітуге әсер ету күшін 0-ден 10-ға дейінгі баған бойынша (0-мүлде әсері жоқ, 10 – қатты әсері бар) бағалау ұсынылған респонденттердің 92% немесе 25 адамның 23-і 5-тен 10-ға дейінгі межелерді көрсетті. Ал әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың дені тұлға ретінде толық қалыптасып үлгермеген, сыни ойлау қабілеті жеткілікті деңгейде жетілмеген жастар болғандықтан, өскелең ұрпақ өкілдеріне ақпаратпен жұмыс дағдыларын үйрету маңызды. Бұл тұрғыда ең осал топ – 24 жасқа дейінгі жастар болса, ұсынылған ақпаратқа сыни талдау жасау қабілеті ең жоғары топ 35-44 жастағылар екені анықталып

отыр [5]. Сол себепті қауіп тобына жататындар арасында (жоғары оқу орындарында, жастар құрамы басым еңбек ұжымдарында) ақпараттың ықтимал теріс әсері туралы талқылаулар өткізіп, түрлі медиамәтіндерді талдап, ол мәтіндерді жасаушылар көздеуі мүмкін мақсаттарды анықтап, жастардың ақпаратты түсіну дағдыларын дамыту бойынша шағын курстар ұйымдастыру ұсынылады. Жоғары оқу орындарында «ақпараттық–психологиялық әсер ету құралдары» тақырыбына назар аударатын пәндер мен зерттеулер көптеп жүргізу мәселесі де туындап отыр. Сондай-ақ, қазақстандық пайдаланушылардың желілік сауаттылығын арттыру, олардың жалған ақпараттың қауіпті ағынына ілінбеулерінің алдын алу бағытында нақты шаралар қабылдау қажет. Жақында Біріккен Ұлттар ұйымы фейктерді анықтаудың жаңа курсын әзірлеп шығарды. «Жалған ақпаратпен қалай күресуге болады» деп аталатын курс ағылшын, неміс, француз, чех және орыс тілдерінде қолжетімді [11]. Бұған қоса, Online Factcheck Academy фейк ақпаратты ажырату, фото және видеоны шынайылыққа тексеру, фактчекингтік материалдар әзірлеу дағдыларын меңгеру бойынша тегін курстар ұйымдастыруды қолға алған. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде вебинар форматында ұйымдастырылып, екі айға есептелген [12]. Бұл жоба Конрад Аденауэр қорының қолдауымен қолға алынған. Осындай жобалар туралы қазақстандық пайдаланушыларды кеңінен ақпараттандырудың маңызы зор.

### **Қорытынды**

Зерттеу мәліметтері Интернет пен әлеуметтік желілердің әлеуметтік ролі едәуір артып, қазақстандықтар өмірінің көп бөлігін виртуалды кеңістікте өткізетінін көрсетіп отыр. Елдегі қоғамдық, мәдени, тіпті саяси оқиғалар, халықаралық ахуал туралы жаңалықтармен танысатын, пікір алмасатын орынға айналған әлеуметтік желілерді шын мәнінде басқару объектісі және билік ету құралы ретінде саясат кеңістігі тұрғысынан қарайтын кез жетті. ҚР Президенті Қ.Тоқаев 2022 жылдың 16 наурызындағы ел халқына арнаған жолдауында осы мәселеге жеке тоқталып, журналистерден жоғары азаматтық жауапкершілік танытуды талап етіп, жұрттың санасы мен сезіміне ықпал ету мәселесіне мұқият қарауға шақырды және мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарауды ұсынды [13]. Бүгінде осы мақсатта арнайы жұмыс тобы жұмыс жүргізуде. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің, ҰЕҰ, БАҚ, жарнама агенттіктерінің өкілдері және бұқаралық ақпарат саласындағы сарапшылар коммуникацияның жаңа түрлерінің қызметін құқықтық жағынан реттеу, атап айтқанда жаңа медиа мен бұқаралық коммуникациялардың құқықтық нысанын енгізу, БАҚ тіркеуді қайта қарау және басқа да назар аударуды талап ететін мәселелерді талқылау үстінде [14]. Осы ретте әлеуметтік медиа қызметін реттеу (лицензиялау, нақты

құқықтық нормалар мен әдеп кодексіні енгізу) мәселесіне назар аудару жөн деп санаймыз. Өйткені киберкеңістіктегі қарым-қатынас ерекшелігі бүгінгі күні аса өзекті этносаяси дискурсты ұйымдастыруға айтарлықтай ықпал етеді. Анонимділік, ақпараттың бір мезетте тез таралып кетуі, шексіз еркіндік сезімі, цензураның жоқтығы – осының барлығы ақпараттық технологиялардың жетістігінің арқасында мүмкін болып отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Toffler A. The Third Wave. 2002. Random House Publishing Group pp.112-120.
2. Филимонов Г. Ю., Цатурян С. А. Социальные сети как инновационный механизм «мягкого» воздействия и управления массовым сознанием // Политика и общество. 2012. No 1. С.65-75.
3. M.Lim Clicks, Cabs, and Co ee Houses: Social Media and Oppositional Movements in Egypt, 2004–2011. Journal of Communication. No62 (2012). Pp. 231–248. URL:[https://www.researchgate.net/publication/264216092\\_Clicks\\_Cabs\\_and\\_Coffee\\_Houses\\_Social\\_Media\\_and\\_Oppositional\\_Movements\\_in\\_Egypt\\_2004-2011](https://www.researchgate.net/publication/264216092_Clicks_Cabs_and_Coffee_Houses_Social_Media_and_Oppositional_Movements_in_Egypt_2004-2011) (қаралған күні: 06.12.2022)
4. A.Mitchell, M.Jurkowitz, J. Baxter Oliphant, E. Shearer. Americans Who Mainly Get Their News on Social Media Are Less Engaged, Less Knowledgeable. URL:<https://www.pewresearch.org/journalism/2020/07/30/americans-who-mainly-get-their-news-on-social-media-are-less-engaged-less-knowledgeable/> (қаралған күні:06.12.2022)
5. «Мемлекеттік саясатты БАҚ-та жүргізуімен халықтың қанағаттану деңгейі» 2021 ж. социологиялық зерттеу нәтижелері бойынша анықтама. // URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/documents/details/356953?lang=kk> (қаралған күні: 06.12.2022)
6. Digital 2022: Global Overview Report. URL:<https://datareportal.com/reports/digital-2022-global-overview-report> (қаралған күні: 06.12.2022)
7. Васью Т.П. Тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі: деңгейлік моделі ISSN 1563-0307 Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. №1 (44). 2013.
8. Нұржақып О. Елімізге мобилизациядан кейін келген ресейлік блогер жылқыны союға қарсы шықты. - Экспресс К - 01.11.2022. URL:<https://exk.kz/kk/news/146648/ielimizghie-mobilizatsiadan-kieiin-kielghien-riesieiilik-blogghier-zhylykny-soiuga-karsy-shyky> (қаралған күні 07.12.2022).
9. Нұржақып О.Мобилизациядан кейін елімізге келген блогер жылқы сою мәселесіне нүкте қойды. - Экспресс К - 04.11.2022. URL:<https://exk.kz/kk/news/146960/mobilizatsiadan-kieiin-ielimizghie-kielghien-blogghier-zhylykny-soiui-mieliesinie-nuktie-koidy> (қаралған күні 07.12.2022).
10. Чемоданова М. В. Проблема информационно-психологической безопасности личности в современных психологических исследованиях // Вестник Марийского государственного университета. 2017. No 4 (28). С. 98-104.
11. Как бороться с дезинформацией в Интернете. URL:<https://www.wikihow.com/Course/How-to-Fight-Misinformation-Online> (қаралған күні 07.12.2022).
12. Online Factcheck Academy. URL:<https://factcheck.academy/kz/> (қаралған күні 07.12.2022).
13. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/details/389325?lang=kk> (қаралған күні 07.12.2022).
14. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайты. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/details/389325?lang=kk> (қаралған күні 07.12.2022).

## REFERENCES:

1. Toffler A. The Third Wave. 2002. Random House Publishing Group pp.112-120.
2. Filimonov G. Ju., Caturjan S. A. Social'nye seti kak innovacionnyi mehanizm «mjagkogo» vozdeĭstviya i upravleniya massovym soznaniem [Social networks as an innovative mechanism of "soft" impact and control of mass consciousness] Politika i obshhestvo - Politics and Society. 2012. No 1. pp.65-75.
3. M.Lim Clicks, Cabs, and Coffee Houses: Social Media and Oppositional Movements in Egypt, 2004–2011. Journal of Communication. No62 (2012). pp. 231–248. URL: [https://www.researchgate.net/publication/264216092\\_Clicks\\_Cabs\\_and\\_Coffee\\_Houses\\_Social\\_Media\\_and\\_Oppositional\\_Movements\\_in\\_Egypt\\_2004-2011](https://www.researchgate.net/publication/264216092_Clicks_Cabs_and_Coffee_Houses_Social_Media_and_Oppositional_Movements_in_Egypt_2004-2011) (Accessed: 06.12.2022)
4. A.Mitchell, M.Jurkowitz, J. Baxter Oliphant, E. Shearer. Americans Who Mainly Get Their News on Social Media Are Less Engaged, Less Knowledgeable. URL:<https://www.pewresearch.org/journalism/2020/07/30/americans-who-mainly-get-their-news-on-social-media-are-less-engaged-less-knowledgeable/> (Accessed: 06.12.2022)
5. «Memleketik sajasatty BAQ-ta zhyrgizuimen halyqtyn qanagattanu dengeji» 2021 zh. sociologijalyq zertteu natizheleri bojnsha anyqtama [Brief information on the results of the sociological study "The level of satisfaction of the population with the coverage of state policy in the media, 2021]. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/documents/details/356953?lang=kk> (Accessed: 06.12.2022)
6. Digital 2022: Global Overview Report. URL: <https://datareportal.com/reports/digital-2022-global-overview-report> (Accessed: 06.12.2022)
7. Vas'ko T.P. Tulganyñ aqparattyq-psihologijalyq qauipsizdigi: dengeilik modeli [Information-psychological safety of a person: levelmodel] ISSN 1563-0307 KazNU Bulletin. Seriya psihologii i sociologii-Psychology and sociology series. No1 (44). 2013
8. Nurzhaqyp O. Elimizge mobilizacijadan kejin kelgen resejlik blogger zhylyqny sojuga qarsy shyqty [Russian blogger who arrived after mobilization opposed the slaughter of horses]. - Jekspress K - 01.11.2022. URL:<https://exk.kz/kk/news/146648/ielimizghie-mobilizatsiadan-kieiin-kielghien-riesiellik-bloghier-zhylykny-soiuga-karsy-shyqty> (Accessed: 07.12.2022).
9. Nurzhaqyp O. Mobilizacijadan kejin elimizge kelgen blogger zhylyq soju maselesine nukte qojdy [A blogger who arrived after mobilization put an end to the issue of slaughtering horses]. - Jekspress K - 04.11.2022. URL:<https://exk.kz/kk/news/146960/mobilizatsiadan-kieiin-ielimizghie-kielghien-bloghier-zhylykny-soiu-msieliesinie-nuktie-koidy> (Accessed: 07.12.2022).
10. Chemananova M. V. Problema informacionno-psihologicheskoi bezopasnosti lichnosti v sovremennyh psihologicheskikh issledovaniyah [The problem of information and psychological security of the individual in modern psychological research]. Bulletin of the Mari State University. 2017. No 4 (28). pp. 98-104.
11. Kak borot'sja s dezinformaciej v Internete [How to deal with misinformation on the Internet]. URL:<https://www.wikihow.com/Course/How-to-Fight-Misinformation-Online> (Accessed: 07.12.2022).
12. Online Factcheck Academy. URL: <https://factcheck.academy/kz/> (Accessed: 07.12.2022).
13. Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin resmi sajty [Official website of the President of the Republic of Kazakhstan]. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/details/389325?lang=kk> (Accessed: 07.12.2022).
14. Qazaqstan Respublikasy Aqparat zhane qogamdyq damu ministriginin resmi sajty [Official website of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan]. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/details/389325?lang=kk> (Accessed: 07.12.2022).



**Maira Dyussebekova<sup>1</sup>, Nurdaulet Koptbayev<sup>2</sup>, Yevgeniy Kim<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Professor of Political Science Department of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University, Candidate of Political Sc.  
e-mail: maira.enu@mail.ru*

<sup>2</sup>*Doctoral student, Eurasian National University of L.N. Gumilyov  
e-mail: nurdaulet.koptbayev@gmail.com  
(Astana, Kazakhstan)*

<sup>3</sup>*Marketing Director of RED BULL  
e-mail: evgeniy.kim.1995@inbox.ru  
(Washington, USA)*

## THE ROLE OF MULTINATIONAL COMPANIES AND THEIR IMPACT ON THE ECONOMIC POLICY OF KAZAKHSTAN

**Abstract.** This article is devoted to studying the activity of the main participants of economic globalization – transnational corporations, in the context of Kazakhstan. I considered the main volumes and streams of direct foreign investments in the country in recent years. Key indicators of direct foreign investments (further DFI) in the country and the prospects of development are defined in this work. The article also studies the major factors of attraction of direct foreign investments. A review of scientific literature on the factors defining the inflow of direct foreign investments to Kazakhstan is made. The paper investigates investment shares into priority sectors of the economy of Kazakhstan and provides analytical and statistical methods of knowledge and observation, which serve as a methodological basis of research. The article has the scientific value and novelty of research where the relevance of work is the application of an integrated approach to research of the international investment activities and the role transnational corporations play in the development of different economic sectors and infrastructure in Kazakhstan..

**Keywords:** *transnational corporation (TNC), transnational company, direct foreign investments (DFI), multinational corporations, industry, priority sectors.*

## Майра Дүйсембекова, Нұрдәулет Көпбаев, Евгений Ким ТРАНСҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫНА ӘСЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақала Қазақстан контекстінде экономикалық жаһандандудың негізгі қатысушылары – трансұлттық корпорациялардың қызметін зерттеуге арналған. Соңғы жылдардағы елге тікелей шетелдік инвестициялардың негізгі

---

көлемі мен ағындары қарастырылды. Бұл жұмыста елдегі тікелей шетелдік инвестициялардың (бұдан әрі – DFI) негізгі көрсеткіштері және олардың даму перспективалары айқындалған. Мақалада шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі факторлары да қарастырылады. Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың ағынын айқындайтын факторлар бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізілді. Мақалада Қазақстан экономикасының басым секторларына инвестициялардың үлесі зерттеледі және зерттеудің әдіснамалық негізі болып табылатын таным мен байқаудың аналитикалық және статистикалық әдістері келтіріледі. Мақаланың ғылыми құндылығы мен зерттеудің жаңалығы бар, мұнда жұмыстың өзектілігі халықаралық инвестициялық қызметті және трансұлттық корпорациялардың Қазақстанның экономикасы мен инфрақұрылымының түрлі секторларын дамытудағы рөлін зерттеуге кешенді тәсілді қолдануда жатыр..

**Түйінді сөздер:** *трансұлттық корпорация (ТҰК), трансұлттық компания, тікелей шетелдік инвестициялар (DFI), трансұлттық корпорациялар, өнеркәсіп, басым секторлар..*

---

## **Майра Дюсембекова, Нурдаулет Копбаев, Евгений Ким РОЛЬ ТРАНСНАЦИОНАЛЬНЫХ КОМПАНИЙ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЭКОНОМИЧЕСКУЮ ПОЛИТИКУ КАЗАХСТАНА**

**Аннотация.** Данная статья посвящена изучению деятельности основных участников экономической глобализации – транснациональных корпораций, в контексте Казахстана. Рассмотрены основные объемы и потоки прямых иностранных инвестиций в страну за последние годы. В данной работе определены ключевые показатели прямых иностранных инвестиций (далее DFI) в стране и перспективы их развития. В статье также исследуются основные факторы привлечения иностранных инвестиций. Проведен обзор научной литературы по факторам, определяющим приток прямых иностранных инвестиций в Казахстан. В статье исследуются доли инвестиций в приоритетные секторы экономики Казахстана и приводятся аналитические и статистические методы познания и наблюдения, которые служат методологической основой исследования. Статья обладает научной ценностью и новизной исследования, где актуальность работы заключается в применении комплексного подхода к исследованию международной инвестиционной деятельности и роли транснациональных корпораций в развитии различных секторов экономики и инфраструктуры политическую жизнь Казахстана.

**Ключевые слова:** *транснациональная корпорация (ТНК), транснациональная компания, прямые иностранные инвестиции (DFI), транснациональные корпорации, промышленность, приоритетные секторы.*

## **Introduction**

The widespread distribution and growth of transnational corporations (TNC) in the post-World War II period is one of the most important phenomena of recent times and has spawned numerous studies of it. When defining the very concept of TNC, attention is paid to the fact that they possess, control, produce and/or provide services outside the country where they are based. The ambiguous nature of TNC ownership can be private, public or corporate (mixed). The role of TNCs in global economic development and international relations is assessed differently, but it is generally accepted that TNCs have very broad capabilities, expanding their activities beyond national borders. TNCs are usually recognized for extensive investment of capital in the national economy of a specific country [1].

Transnational corporations are the link between world trade and international manufacturing. They operate in dozens of countries around the world through their subsidiaries and affiliates, using a single cutting edge scientific, technical and financial policy [2]. In addition, they have great research, production and market potential, which ensures high rates of development. The export of capital and its efficient allocation are the basis of the world domination of transnational corporations. The aggregate foreign investment of all TNCs currently plays a more significant role than trade. TNCs control a third of the productive capital of the private sector around the world, up to 90% of direct investment abroad [3]. Kazakhstan is the leader in attracting foreign investments among the central Asian countries. Today transnational corporations are the main tool in business expansion internationally.

## **Methodology**

The methodological part of this piece consists of two main methods: literature review and comparative analysis. Kazakhstani market is the topic of interest, the scope of this article mainly covers local authors and their works. As foreign pieces are concerned, the data is collected from Russian authors because of historical neighborhood and close economic and political ties with Kazakhstan. Comparative analyses are made between different regions of Kazakhstan and the difference in sectors of the economy in FDI share.

## **Distribution of FDI in Kazakhstan**

As stated in Kazakhstan International Business Magazine (2012), due to the uneven distribution of capital investment, the imbalances in the industries are enhanced by imbalances at the level of economic development of the regions. According to the estimation, about 60% of all investments in the country are directed to the cities of Almaty and Astana, and Western Kazakhstan, particularly Atyrau, Aktobe, Mangistau and Kyzylorda regions, where the raw material sector enterprises are located. These regions contain more than 80% of all the enterprises with foreign participation and affiliates of the fuel-and-energy sector operate [4].

---

International enterprises like Chevron, British Gas, Exxon Mobil, BP/Statoil, Royal Dutch/Shell, Texaco, Total, Coca-Cola, ENI, Mitsubishi, Samsung and Agip entered the Kazakhstani industry at the end of 80s and the beginning of 90s, during the economic reform in Kazakhstan. Most of foreign TNCs are concentrated in oil-gas sector. Moreover, it is important to note that foreign companies played a vital role in identification, exploration and development of oil deposits in our country during the last 15 years. There was allowed to set up not only the joint production in Kazakhstan, but also the companies with 100% participation of foreign capital, by that moment 85% of oil production capacity belonged to nongovernmental structures, mainly to foreign TNCs [5].

Foreign direct investment includes both the investor's initial acquisition of property abroad and all subsequent transactions between the investor and the enterprise in which his capital is invested. The composition of direct investment includes:

- Investment of equity capital by foreign companies;
- Reinvestment of profits: the share of the direct investor in the income of the enterprise with foreign investments not distributed as dividends and not transferred to the direct investor;
- Intra-corporate capital transfers in the form of loans and borrowings between the investor, on the one hand, and associates and subsidiaries, on the other [6, 153].

TNCs in Kazakhstan are focused mostly on raw materials production. They are mainly interested in this sector of economy and sometimes use their position to lobby own interests. Today we still do not have powerful corporations that can act in the world scene and be competitive. In this case, we need to carry out diversification and direct TNCs to production of finished goods within joint venture with Kazakhstani companies.

### **Benefits of FDI**

In most studies on foreign investment, there can be found a positive role played by investment in the development of the economy of each country, and Kazakhstan is not an exemption. In recent years, investment attractiveness accounts for the share of industrial real sectors of Kazakhstan, attracting almost 2/3 of all capital investments. One of the strategic plans of the Ministry for investment of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021 is the development of a diversified economy by improving the investment atmosphere, including the involvement of TNCs in the manufacturing industry rather than only in the raw materials sector of the economy.

The inflow of FDI in Kazakhstan is carried out through the development of joint ventures and subsidiaries, privatization of enterprises owned by the state with foreign capital. The main form of attracting direct investment in the Republic are joint ventures, to a lesser extent – with 100% foreign capital-subsidaries. Due to the fall in prices for the main export commodities, there has been a decline in FDI

inflows to our country. For example, in comparison with the volume of gross foreign direct investment in 2014 (\$23.7 million), the FDI for 2016 decreased by 11.5 % to \$ 21 million. At the same time, despite the decline in FDI in several industries, compared with 2014, FDI in the manufacturing industry increased in 2016 [7].

According to the National Bank of the Republic of Kazakhstan in the 1st half of 2017, the volume of gross FDI inflow amounted to \$ 10.5 million [8]. that is 8.6% more than in the same period of 2016 (\$9.6 million). The largest increase in gross FDI inflows is seen in industries such as:

- Trade – by 54.2% (\$1.3 million);
- Mining – by 2.2% (\$5.7 million);
- Manufacturing – by 46.7% (\$2.4 million);
- Transport – by 10.3% (\$308.4 million);
- Agriculture – by 13.7% (\$14.3 million).

These numbers are increasing each year. The share of the manufacturing industry in the production of oil and coal, processing of petroleum products in the investment structure increased from 16.9% (in the 1st half of 2016) to 22.8% (in the 1st half of 2017).

Almost three quarters of all investments in the industry are directed to the mining sector – 73.5%, or 1.6 million tenge, which is 56.6% more than a year ago. And this trend is shown almost in every sector of the DFI.


In general, the analysis of activity of foreign transnational corporations in Kazakhstan allows us to see the following number of the developed trends:

– Concentration of the TNCs' capital in a mineral and raw complex is caused by the fact that there was new international division of labor according to which Kazakhstan is considered as a large supplier of raw materials.

– The existing low efficiency of the mechanism of a contract control system. In general, results of programs of privatization and a contract control system were unambiguous. On the one hand, production was stabilized, and plants continued to provide with jobs and social services settlements, in those regions where they worked. For instance, the Ispat International company (Great Britain-India) took iron and steel making production of ArcelorMittal under control, Samsung (South Korea) negotiated bargains with copper plants located in Zhezkazgan and Balkhash cities, Glencore Trading (Switzerland) concluded commercial bargains with Kaztsink [6, 157].


– There is unresolved a problem concerning activity of TNCs and respect for human rights. So, the mechanism of recognition, observance and protection of human rights in developing countries, in particular, and in Kazakhstan has not been effectively developed.

## Main investors



**Figure 1.** – The analysis of the volumes of attracted FDI over the country’s investors during 1995-2018, in % Note – calculations Ranking.kz on the basis of data of NB RK.

According to Figure 1, most of the FDIs come from western countries. It is noted that the northern neighbor – Russia is not only one of the key investors of the national economy, but also an important strategic partner. The flow of investments from Russia to Kazakhstan for all years of relations is 12.2 million dollars. Russian investors, unlike their counterparts (TOP 10 investor countries), have made a more diversified portfolio, distributing investments in relatively equal shares 24.3% (\$3 million) was allocated to the manufacturing industry all means [8].



**Figure 2.** – The histogram of FDI inflows to Kazakhstan, billion dollars USA Note – calculations Ranking.kz on the basis of data of NB RK.

Figure 2 illustrates not only how top-10 investor-countries steadily made investments into the economy of Kazakhstan from 2013 to 2018 but also the increase in the amount of those investments year by year.

## Conclusion

Making a conclusion on the study of trends in outflow and inflow of foreign direct investment in the priority sectors of the economy of the Republic of Kazakhstan, we can see that the main share of those investments is still focused on mining, oil and gas industries. The main investors in Kazakhstan are developed countries such as the USA, the Netherlands, Switzerland, Russia, China, Belgium, Korea, France, and the UK.

To sum up, this article attempts to show how foreign investments by TNCs affects the economy of Kazakhstan and the future prospects of such a trend. As KISS (Kazakhstan Institute for Strategic Studies) experts forecast, the tendencies of the world economic development in the short run are mostly negative and at least with high level of probability of GDP growth rates delay in global scale and also in leading economies. Delay of economic growth rates is predicted in reviews practically of all authoritative international organizations worsened estimates of growth of world economy prospects. In this situation of delay in economic growth all over the world, there is a question how FDI flows and TNC activities will change globally and particularly in Kazakhstan. As analyses show, within the Central Asia and CIS countries Kazakhstan is one of the rapidly growing and one of the most FDI attractive countries. Kazakhstan government has already formed the most favor condition for investors. From my point of view, the number of TNCs in Kazakhstan will continue to grow. They can find good opportunities for business: the extension of the market to Central Asian countries and Kazakhstan's location on New Silk Road strengthens its geopolitical role as a bridge between Europe and Asia.

## REFERENCES:

1. Kartzel A., Vliyaniye deyatel'nosti transnatsional'nykh korporatsii v Rossii i Belarusi na ekonomiku, politicheskuyu zhizn' i mezhdunarodnyye svyazi etikh stran [Influence of the activities of transnational corporations in Russia and Belarus on the economy, political life and international relations of these countries], University of Warsaw, Poland, 2016.
2. Kusainov B.D. Transnatsional'nyye korporatsii i Narodnoye khozyaistvo: Srovnitel'nyi analiz razvitiya [Transnational corporations and national economy: comparative analysis of development] // USUES: Ekonomika. – 2013. – No 4(6).
3. Romashkin T.V. Stanovleniye i razvitiye TNK v usloviyakh globalizatsii [Formation and development of TNCs in the context of globalization] // LLC Publishing Center "Nauka", Russia, 2016.
4. Smirnov S. Transnatsional'nyye korporatsii v Kazakhstane [Transnational corporations in Kazakhstan] // Central Asia and the Caucasus. 2015. – No4(40).
5. Musaparova L. Tendentsii i osobennosti transnatsionalizatsii ekonomiki [Tendencies and peculiarities of transnationalization of economy] // Kazakhstan in Global Processes. - 2004. - No. 2(2).
6. Zainal M.P. & Iztayeva A.A. Role of Multinational Corporation and Share of Their

---

Investment in Priority Sectors of Economy of RK – Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, 2019. // Role of Multinational Corporation and Share of Their Investment in Priority Sectors of Economy of RK – Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, 2019.

7. Madiyarova D.M. & Ryspekova M.O. Innovatsionnoye i predprinimatel'skoye razvitiye natsional'noi ekonomiki v usloviyakh globalizatsii [Innovative and entrepreneurial development of the national economy in the conditions of globalization [monograph] - Astana: Eurasian National University named after L.N. Gumilev, 2018.

8. Official website of the statistics agency of the Republic of Kazakhstan (online resource), // Official website of the statistics agency of the Republic of Kazakhstan access:



*Асем Оспанова<sup>1</sup>, Теңгеш Қаленова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты  
e-mail: asem\_enu\_81@mail.ru*

*<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушысы,  
тарих ғылымдарының кандидаты  
e-mail: kalenovats@mail.ru  
(Астана, Қазақстан)*

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМ САЛАСЫН РЕФОРМАЛАУ: МІНДЕТТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада ғылымды дамыту жөнінде тұжырымдар, мәселенің дамуын зерттеушілер, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып жасалған ғылым дамуының концепциясы баяндалады. Сонымен қатар ғылымды басқарудың қызметтеріне сипаттама беріліп, инновациялық даму, ғылым мен бизнестің арақатынасы мәселесі қозғалады. Қазіргі заманғы Қазақстан жан-жақтан ақпарат көздерінің тым көп болуы жағдайында елімізде ғылымды дамыту әрі басқару мақсатында біршама нормативтік құжаттар, тұжырымдама мен заңдарды қабылдауға тура келеді. Отандық ғылымды дамытуда олардың орны ерекше. Мемлекет басшысының Жолдауларындағы ғылымды дамыту бағыттары, көзқарасы және оларды шешу жолдары, сондай-ақ әлемдік тәжірибе негізінде біздің еліміздегі ғылым салаларын дамытуды дұрыс жолға қою қарастырылады.

**Түйін сөздер:** *ғылымды дамыту, ғылымдағы менеджмент, ғылым жөніндегі концепция, мемлекет басшысының халыққа жолдауы, ғылым және бизнес, есеп, зерттеу нәтижелері, грант.*

## **Асем Оспанова, Тенгеш Каленова РЕФОРМЫ В СФЕРЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА: ЗАДАЧИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

**Аннотация.** В данной статье представлены выводы о развитии науки, исследователях о развитии проблемы, концепции развития науки на основе зарубежного опыта. При этом описываются функции управления наукой, обсуждается вопрос инновационного развития, взаимоотношения науки и бизнеса. В современном Казахстане, где слишком много источников информации со всех сторон, необходимо принять некоторые нормативные документы, концепции и законы с целью развития и управления наукой. Им принадлежит особое место в развитии отечественной науки.

---

Рассмотрены направления развития науки в Посланиях Главы государства, подходы и пути их решения, а также правильный путь развития направлений науки в нашей стране на основе мирового опыта.

*Ключевые слова:* развитие науки, менеджмент в науке, концепция науки, Послания народу главы государства, наука и бизнес, отчет, результаты исследований, грант.

---

**Assem Ospanova, Tengesh Kalenova**  
**REFORM IN THE FIELD OF SCIENCE IN KAZAKHSTAN: TASKS AND PROSPECTS**

**Abstract.** This article presents conclusions about the development of science, researchers about the development of the problem, the concept of the development of science based on foreign experience. At the same time, science management services are described, the issue of innovative development, the relationship between science and business is discussed. In modern Kazakhstan, where there are too many sources of information from all sides, it is necessary to adopt some regulatory documents, concepts and laws in order to develop and manage science in the country. They have a special place in the development of domestic science. The directions of the development of science in the Messages of the Head of State, approaches and ways to solve them, as well as the right way to develop the directions of science in our country on the basis of world experience are considered.

*Keywords:* development of science, management in science, concept of science, Messages to the people of the head of state, science and business, report, research results, grant.

---

**Кіріспе**

Қазіргі әлемдік кеңістікте көптеген елдерде ғылым саласын одан әрі дамытуға басты назар аударуда, себебі әлемнің технологиялық бейнесінің тез өзгеріске ұшырауы ондағы ғылымның әр түрлі бағыттарда жақсы дамуына тікелей әсерін тигізеді. Нарықтағы жаңа өнімдердің пайда болуын қадағалау, ұсыныстардың көптігі жағдайында олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау қарапайым тұтынушылар үшін де қиынға соғуда. Бұл тек экономикаға ғана емес басқа салалармен қатар ғылым саласына да ықпалы бар. Бұл міндет ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жекелеген бағыттарын дамыту туралы шешім қабылдайтындар үшін одан да өткір. Сол себепті күнделікті қоғамдағы ақпараттың толассыз болуы және оны дұрыс игеру ғылым саласында оңтайлы шешімдер қабылдануына зор ықпалын тигізеді.

Жаһандық сын-қатерлер нақты ғылым, технология және инновациялық саясат қажеттілігін қалай арттыру жолдарын қарастырады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған сәттен бастап экономиканың мүмкіндігіне қарай еліміздің ғылыми әлеуетін қалыптастыру мен дамытуға үнемі қамқорлық жасап келеді. Қазіргі уақытта ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі заңнамалық, реттеуші, ұйымдастырушылық және қаржылық қызмет саласында ауқымды жұмыстар атқаруда. Қазақстан Республикасының ғалымдардың алдыңғы буындарының ғылыми мұрасының бірігуі және Тәуелсіздік дәуірінде отандық ғылыми зерттеулердің дамуы нәтижесінде қалыптасқан қуатты ғылыми-техникалық әлеуеті бар. Себебі, қазіргі таңда отандық ғалымдардың ғылымның бірқатар салаларында жасалып жатқан зерттеулері мен жарияланымдарынан көруге болады. Бұл пікірімізге ғылым туралы заң аясында қабылданған тұжырымдамалар, жыл сайынғы берілетін ұлттық ғылыми есептер, жолдаудағы қарастырулар дәлел бола алады. Сондықтан ғылым саласына реформа жасауда біз әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, өз мемлекетіміздің ғылым мен инновациясының үлгісін ұсынатын боламыз.

### **Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері**

Осы мақаланы зерттеу барысында ғылымды дамыту және басқару саласына қатысты жазылған зерттеу жұмыстары бойынша әлемдік тәжірибеге қатысты салыстырмалы және талдау әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы бойынша әр түрлі мәліметтер, Қазақстан Республикасы Президентінің жолдаулары, ғылым жөніндегі тұжырымдама пайдаланылды. Мақала зерттеу әдістері ретінде синтез, талдау, дедукция, эмпирикалық және салыстырмалы тәсілдерді біріктіру негізінде жүргізілді.

### **Тақырыптың зерттелу деңгейі**

Мәселенің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар: Архангельский В.Н., Бляхман Л.С., Гатовский Л.М. Добров Г.М., Жамин В.А., Зайцев Б.Ф., Камаев В.Д., Каныгин Ю.М., Кушлин В.И., Лахтин Г.А., Лебедев В.Г., Павлюченко В.И. Покровский В.А., Седов В.И., Таксир К.И., Трапезников В.А және басқалары соңғы жылдары көптеген зерттеулердің бөлшектенгенін, іргелі мәселелер бойынша көзқарастардың айтарлықтай алшақтығын көрсетеді. Негізінен қазіргі басқару тәжірибесін жақсарту үшін нақты мәселелерді шешуге баса назар аударылады. Мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілеріне әлдеқайда аз көңіл бөлінеді. Мәселенің саяси-экономикалық түсінігінің жеткіліксіздігі ғылымның әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретіндегі өзіндік ерекшеліктерін және ғылым мен өндірістің интеграциясынан туындаған ұдайы өндіріс процестеріндегі жаңа сәттерді толық есепке алудың қиындығына әкеледі. Мұның салдары – ғылымды басқару мәселелерін материалдық өндіріске ұқсастырып, басқарудың бірдей құралдары мен әдістерін қолдана отырып шешуге ұмтылу тәжірибелік қиындықтарды тудырады. [1] Біздің елімізде

---

ғылым саласындағы зерттеулермен, жетістіктермен Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы қызметкерлері (ҰМҒТСО), Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы жыл сайынғы есеп беріліп отырады. Сонымен қатар сарапшылар А. Ибраев, Б. Кеңесов тағы басқалары әрдайым әлеуметтік желі парақшаларында ғылымның даму динамикасы жөнінде айтып, өз ұсыныстарын білдіріп, сараптама жүргізеді.

Елдің ғылыми әлеуетін басқару жүйесінде алдыңғы қатарлы дамыған елдердің ғылыми зерттеулері мен талдамаларына белсенділік таныту қажет. Зерттеулердің басым бөлігі қоғам мен мемлекетке қажетті нақтылы ғылыми және тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс. Сонымен қатар жинақталған білімді инновация мен технологияға жұмсау керек. Ол үшін нақты мақсат-міндеттері айқындалған бағдарлама болу керек. Сондай бағдарламадағы жоспардың негізінде бірнеше ғылыми қадам жасай аламыз.

Заманауи әлемдегі экономикалық көшбасшылық ғылымның, технологияның және инновацияның (STI) өркендеуімен тікелей байланысты, оның дамуы мақсатты, стратегиялық басымдықтарға нақты бағытталған. Тіпті ең қуатты мемлекеттер де өсіп келе жатқан жаһандық бәсекелестік пен жоспарды түбегейлі қайта құратын және нарықтар құрылымын қайта қалыптастыратын «үлкен» сын-қатерлердің ықпалының күшеюі жағдайында ресурстарды іргелі және қолданбалы зерттеулердің ең перспективалы бағыттарына шоғырландыруға тырысуда. Сондықтан біз де өз елімізде ғылым мен технологияны дамыту бағыттарына сәйкес ресурстарды дұрыс қолдана алуымыз қажет.

### **Негізгі бөлім**

Классикалық мағынада менеджмент басқару субъектісінің басқару объектісін мақсатқа жетуде қажетті күйге беру үшін оған мақсатты түрде әсер етуі ретінде түсіндіріледі.

Ғылымды басқарудың негізгі қызметтері мыналар:

1.1. Жоспарлау – бұл көзқарасты анықтау, ғылым мен инновацияның даму бағытын негіздеу механизмін құру, мақсаттарды, міндеттер мен оларды жүзеге асыру жолдарын анықтау.


1.2. Ұйымдастыру – жоспарланған мақсаттарға жету және алға қойылған міндеттерді шешу үшін ғылыми-инновациялық қызмет процестерін жүзеге асыру механизмін құру.

1.3. Мотивация – нарықтық қатынастар негізінде ғылымның қызмет етуі мен дамуын ынталандыру механизмін құру.

1.4. Бақылау – ғылыми зерттеулер мен инновациялардың нәтижелерін сандық және сапалық бағалау және есепке алу механизмін құру [1].

Инновациялық даму моделіне көшу талпыныстарын жалғастырып жатқан Ресейде соңғы уақытта ғылым, технология және инновациялық саясат саласында онды өзгерістер байқалды. Кейінгі жылдары бұл елде ғылыми- зерттеу институттарындағы қызметкерлер саны қысқарғанмен,

ғылыммен айналысу бойынша Қытай, АҚШ, Жапониядан кейінгі орындардан көре аламыз. Мемлекеттің күш-жігерінің артуы аясында отандық ғылым әлемде айтарлықтай байқалмайды. Бұған ресейлік ғалымдардың жарияланымдары мен патенттік белсенділігін, ғылыми мамандану ерекшеліктерін, Ресейдің жаһандық зерттеу майдандарында қатысуын сипаттайтын көптеген көрсеткіштер дәлелдейді, басқаша айтқанда, ғылымдағы қызметтің өнімділігі.



*Дереккөз: Медеу А.Р Проблема управления наукой и научно-технической политикой в Казахстане (Тезисное изложение)*

### **1-диаграмма. Инновация және ғылымды басқару саласы**

Ресей үшін ғылыми-зерттеу мамандануының дәстүрлі бағыттары, Web of Science деректеріне негізделген Ұлттық зерттеу университетінің Жоғары экономика мектебінің статистикалық зерттеулер және білім экономикасы институтының есептеулеріне сәйкес жаратылыстану және техникалық ғылымдар болып қала береді. Физика, ғарышты зерттеу, жер туралы ғылымдар, математика, химия алдыңғы қатарда. Сонымен қатар, әлем бойынша халықаралық ғылымда өмір туралы ғылымдар жылдам қарқынмен дамып келеді.

Бір қызығы, Ресей (3,28%) пайыздық көрсеткішпен орналасқан жаһандық зерттеу бағыттарының жиынтық есебінде оның АҚШ (74,36%), Англия (32,30%), Германия (30,69%) Қытай (23,40%) елдерінен бұл көрсеткіштен

---

қатты артта қалуы байқалады. Ал елімізге келер болсақ, ғылымға жұмсалатын абсолютті шығындардың ауқымы бойынша біздің еліміз көшбасшылар қатарында (Бразилия, Италия және Канаданы басып озды), бірақ жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) үлесі бойынша тек дамыған елдерден ғана емес, сонымен бірге кейбір қарқынды дамып келе жатқан елдерден де артта қалады. Бұл көрсеткіш ең қарапайым болғанымен, мемлекеттің ҒТИ саласындағы қызметінің ауқымын, басымдықтарын, тиімділігін жан-жақты және көрнекі көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар, халықаралық дәйексөздер базасына енетін отандық ғалымдардың ғылыми жарияланымдарының үштен біріне жуығын олар шетелдік әріптестерімен бірлесе отырып жүзеге асырады.

Ғылымды қолдаудағы бизнестің қызығушылығына келсек, ғылымға бөлінетін барлық қаражаттың 70%-дан астамы бюджеттен келеді, ал олардың тұтынушылары негізінен бюджеттік құрылымдар, не мемлекетпен ең тығыз байланысты компаниялар. Мемлекет оларға қатысты тиімді инвестор немесе серіктес емес, негізінен қаржыгер және бақылаушы рөлін атқарғаны маңызды. ҒТИ саласын ұйымдастырудың және қолдаудың бұл моделінің айқын артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Бір жағынан басымдықтарды (бағыттарды, секторларды) қаржыландыруды жылдам ұлғайту, процеске қатысушылардың уәждемелеріне әсер ету мүмкіндігі бар. Екінші жағынан, бұл басымдықтарды таңдауда және ресурстарды тиімді пайдалануда айқын проблемалар бар. Мемлекет ішкі және сыртқы сын-қатерлерге икемді жауап беруді, ғылыми өнімділіктің тұрақты өсуіне қол жеткізуді, ғылыми орталықтар мен ғалымдардың өздеріне қажетті еркіндік пен дербестік дәрежесін беруді білмейді.

Бизнестің ғылымға инвестиция салуға қызығушылығы аз. 2000 жылдан бастап оның қаржыландыру көзі ретіндегі үлесі тіпті 33-тен 27%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте бизнес секторы жалпы шығындардың шамамен 60%-ын және ғылымға бюджеттен бөлінетін қаражаттың едәуір бөлігін алады. Бұл сандар бизнестің ғылымға құйылған инвестиция көлемінің төмендігі мен олардың қайтарымдылығының төмендігінің себептерінің бірін ашуға мүмкіндік береді. Мемлекеттен қаражат алып, ресейлік компаниялар, әдетте, бұл салада белсенділік танытпайды, өз қаражатын (зерттеу, ғылыми нәтижелер мен жаңа технологияларды сатып алу үшін) мемлекеттік қаражатқа ауыстырады. Бизнестің ғылымды «өз есебінен» қаржыландыруға дайын болмауы оның қызметінің интеллектуалдық құрамдас бөлігінің «салмағының» төмендеуіне әкеледі, бұл өз кезегінде өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне, жаһандық нарықта өз орнын таба алмауына әсер етеді.

Біздің еліміздегі ғылымдағы басқаруға келер болсақ, Ұлттық ғылым академиясының академигі Медеу А.Р айтуынша Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап экономиканың мүмкіндігіне қарай еліміздің ғылыми әлеуетін қалыптастыру мен дамытуға үнемі қамқорлық жасап, оған қолдау көрсетіп келеді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен оның уәкілетті органы – Ғылым

комитеті заңнамалық, нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық қызмет саласында ауқымды жұмыстар атқаруда. Бұл тұрғыда бәсекелестік мүмкіндіктерді кеңейту, ғылыми-зерттеу базасын жаңарту, жаңа техникамен және аспаптармен жабдықтау шаралары өте маңызды. Ғылымдағы реформалар әлі де жалғасуда. Бірқатар ғылыми-зерттеу институттарының мәртебесі өзгерді, жаңа редакциядағы «Ғылым туралы» Заң және «Ғылымды дамыту» Ұлттық жобасы пысықталуда [2].

Әлемдегі «тарихи уақытты жеделдету» жағдайында ғылымды басқарудың функциялары, принциптері, басымдықтары мен механизмдері айтарлықтай өзгеруде. Басқару жүйесі экономика мен бизнестің үнемі өзгеріп отыратын қажеттіліктері жағдайында білім мен инновацияны дамытуға бағытталуы керек. Мұндай жүйені елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының қазіргі және келешектегі жағдайлары мен талаптарын барынша қанағаттандыруға мүмкіндік беретін механизмдер мен процестер негізінде құруға болады.

Осыған орай, жоғарыда аталған іргелі қағидаттарға сүйене отырып, Қазақстан ғылымының жоғалған прогрессивті дамуын қалпына келтіру үшін, ғылыми-техникалық әлеуетті дамытудың мемлекеттік көзқарасын айқындауға негізделген ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту тиімді болар еді.

Қазақстандағы Ғылыми-техникалық ақпараттың ұлттық орталығы тапсырысы бойынша министрліктің қолдауымен жыл сайын ғылымды даму барысын көрсететін есеп беріліп отырады. Соған сәйкес жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне үнілсек біршама мәліметтер беруге болады.

Мысалы, экономикасы дамыған елдерде (АҚШ, Жапония, Финляндия) өнеркәсіптік кәсіпорындар ҒЗТКЖ-ны өзін-өзі қамтамасыз ету және өзін-өзі қаржыландыру негізінде жүзеге асырады және барлық ұлттық ҒЗТКЖ шығындарының 70% дейін игереді, ал мемлекеттік шығындар орташа 30% құрайды. Білімді қажет ететін өнімдер мен ғылымға жұмсалатын шығындардың жалпы ішкі өнімдегі үлесі ғылымға негізделген экономиканың негізгі көрсеткіштері болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, дамыған елдерде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындар ұдайы өсіп, олардың көпшілігінде ЖІӨ-нің 2,5-3,7%-ына жетеді, ал бұл шығындардағы мемлекеттің үлесі орта есеппен 25-34%-ды құрайды. Бұл елдерге бірінші кезекте Израиль (ЖІӨ-нің 4,86%), Финляндия (4,01%), Швеция (3,75%), Жапония (3,42%) және Корея (3,37%) кіреді [3].

Ел президенті Қ.К. Тоқаев жыл сайынғы халыққа жолдауында білім, ғылым және инновация саласына міндетті түрде тоқталып, нақтылы даму бағыттарын баяндайды. Мысалы, 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауында былай деді: «Ғылым саласын дамыту туралы да айтқым келеді. Бұл мәселе бойынша бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек, сондай

---

ақ халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажет. Үкіметке жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлуді тапсырамын.

Ғылымды қаржыландырудың және қолдаудың маңызды көзі – ірі кәсіпорындардың, әсіресе шикізат саласындағы компаниялардың қаражаты.

Тапқан табыстың 1 пайызын ғылым мен технологияны дамытуға беру туралы қолданыстағы норма талаптары сақталмай отыр. Көп жағдайда бұл қаражат компаниялардың ішінде бөлініске түсіп кетеді. Үкіметке осы қаражатты жинақтау ісін орталықтандыруды және оның бюджет арқылы жалпыұлттық ғылыми басымдыққа сай бөлінуін қамтамасыз етуді тапсырамын. Ірі бизнес өкілдері өңірлік университеттердің ғылыми қызметін қамқорлыққа алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Бізге елімізді ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі арнаулы бағдарламалық құжат қажет. Оның басты міндеті ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуге ғылымның әлеуетін пайдалану болмақ». Міне бұл тұжырымдардан біз ғылымды дамытуға деген тың көзқарасты, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып бағыттарды анықтауға жұмыстарды үйлестіру, грант санын ұлғайту, сондай-ақ нақты бағдарлама құру қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар бизнестің ғылымға жақындап, оған қамқорлық жасалса деген ұсыныс та жазылған.

Ал мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа жолдауында еліміздегі ғылымды дамытуға айрықша назар аударғанын білеміз. «Ғылымды дамыту біздің аса маңызды басымдығымыз. Бұл саладағы түйткілдердің шешімін табу үшін жылдың соңына дейін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет. Ең алдымен, жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешу керек. Мұны ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз еткен жөн. Мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тәртібін енгізуді тапсырдым. Құзырлы министрлік осындай ғылыми мекемелерді іріктеудің және қаржыландырудың айқын әрі ашық ережесін әзірлеуі керек.

Келесі мәселе. Грант мерзімінің үш жылмен шектелуі іргелі ғылымды дамытуға едәуір кедергі келтіріп отыр. Осындай қысқа жоспарлау мерзімінде қандай да бір нәтижеге қол жеткізудің өзі қиын екені анық. Ғылым саласын гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесін қарастырған жөн.

Ұлттық ғылыми кеңестер шешімдерінің әділдігі туралы мәселе де күн тәртібінен түспей тұр. Осыған орай, апелляция институтын енгізу қажет деп санаймын. Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына



білу деген сөз» [4]. Мұнда ғылымды дамытуды басымдық ретінде көрсете отырып, ғалымдарымызға жалақы тағайындау, зерттеу институттарын қаржыландыру, грант мерзімін ұзарту сияқты келелі мәселелер қозғалды.

Еліміздегі 2022-2026 жылдарға арналған ғылымның дамуы жөніндегі тұжырымдамада жазылғандай ғылым саласында біртұтас басқару үлгісі болмайтынын әлемдік тәжірибе көрсетіп берді. Мемлекеттер әлеуметтік-экономикалық мүмкіншіліктеріне қарай ғылымның дамуы жөніндегі ұлттық саясатты қалыптастырады. Мұнда еліміздің ғылым мен инновация саласында одан әрі дамуына Қытай, Ресей, Канада, Ұлыбритания, Сингапур мемлекеттері мысал ретінде айтылған. Әрине бізге жақын келетіні Қытай мен Ресейдің тәжірибесі, ғалымдардың жалақыларын көбейту жолымен, яғни кадрлық резервті ғылымға тартумен жоғарылату болып отыр.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек Қазақстанда ғылымды дамытудың тиімді жолы ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып, сондай ақ әлемдік тәжірибені жинақтап дұрыс қолдана білу нәтижесінде ғана өзіндік үлгіні қалыптастыра аламыз. Сонымен қатар алыс және жақын шетелдердегі отандас зерттеуші, ғалымдарымызды елге қайта оралуы үшін арнайы бағдарлама әзірлеу қажет екенін білдік, бұл да дамыған елдердің тәжірибесінен. Одан басқа Сингапур мен Канада тәжірибесін ескере отырып, жас ғалымдарға сыйақылар тағайындау, оларды әлемнің ең дамыған ғылыми орталықтарына тағылымдамаға жіберу, ғылыми-техникалық идеяларын жүзеге асыру үшін гранттар мен шәкіртақылар бөлу бар [5].

Америка Құрама Штаттарындағы ғылымды басқару тәжірибесі айтарлықтай қызығушылық тудырады, өйткені біз білім беру секторымен, экономика секторларымен және жекелеген мемлекеттік органдармен тығыз интеграцияланған әлемдегі ең ірі жоғары өнімді және тармақталған ғылыми-техникалық кешен (ҒТК) туралы сөз қозғаймыз. Оның құрамына: университеттердің ғылыми орталықтары, өндірістік корпорациялар, ұлттық мемлекеттік зертханалар, тәуелсіз коммерциялық емес зерттеу ұйымдары, шағын және орта коммерциялық және инжинирингтік фирмалар, кооперативтік ұйымдардың барлық түрлері кіреді.

Америка Құрама Штаттарында ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру механизмінің негізгі ерекшеліктерінің ішінде әлеуетті тұтынушылардың нарықтық бәсекелестік тетіктерінің әсерін ынталандыратын ресурстарды бөлудің бәсекелестік принципі атап өткен жөн. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар саласындағы жеке және кооперативтік қызметті ұйымдастыру нысандарының алуан түрлілігін байқаймыз.

Ұлттық ғылым қоры (NSF) толығымен ғылым мен технологияны дамытуға арналған жалғыз федералды мемлекеттік мекеме болып табылады.

## Қорытынды

Жоғарыда айтып өткеніміздей ғылымды дұрыс жолға қойып, алға қарай дамыту мақсатында біз бірнеше елдерді мысалға келтіріп, олардан міндетті түрде тәжірибе жинақтаймыз. Мысалы, АҚШ-та ғылыми бірлестіктердің 3 түрі бар: тәртіптік принципке негізделген бірлестіктер; барлық ғылымды білдіретін бірлестіктер; негізгі мәселелерді шешуге арналған пәнаралық бірлестіктер.

Ондағы үкіметтің рөлі – ол ғылыми-техникалық кешен (ҒТК) дербес жұмыс істеу тетіктерінің тиімділігін қамтамасыз етеді, ұлттық ҒТК қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады. Ол өз органдары арқылы ғылым мен техниканы ұлттық ауқымда дамытудың басым бағыттары бойынша шешімдер қабылдау процесіне басшылық жасайды. Сондай-ақ мемлекеттік бюджет арқылы ғылым мен техникаға ұлттық ресурстарды жұмылдырады және бөледі, сараланған салық саясаты арқылы жеке сектордың ҒЗТКЖ-ға қаражат бөлуіне әсер етеді. Американдықтардың табиғи қасиеті – тәжірибе жасауға және тәуекелге баруға бейімділік, соның ішінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру кезінде. Қарап отырсақ тәуекелге бару, тәжірибе жасап көру өзіндік бір мүмкіншіліктерге жәрдемдеседі.

Жалпы алғанда ғылымды қаржыландыру республикалық бюджеттен 2020 - 2021 жылдары екі есеге өсті, сөйтіп 2020 жылы 50,1 млрд теңге, соның ішінде Ғылым және білім министрлігі - 35,6 млрд теңге; в 2021 году - 71,6 млрд теңге, оның ішінде БҒМ бойынша - 48,6 млрд теңге. Бұл көрсеткіш осы жылы мамыр айында қабылданған ғылымды дамыту тұжырымдамасында берілген. Бұдан біздің байқайтынымыз елімізде ғылымға жыл сайын баса көңіл бөлініп келеді, назардан тыс қалған емес. Біздің мақсатымыз осы әрдайым өсіп отырған қаржыны өз деңгейінде ғылымның салаларында дұрыс қолдана білу, ол үшін нақты комиссия құрылып, жауапты адамдарды тағайындап, оларға жауапкершілікті жүктеу.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Пирогов С.В. Управление наукой: социально-экономический аспект. – М., 2007. – 17 стр.
2. Медеу А.Р. Проблема управления наукой и научно-технической политикой в Казахстане (Тезисное изложение) URL:<http://https://ingeo.kz/?p=9369>
3. Денисова О. К Проблемы формирования интеллектуального потенциала нации как условие развития экономики знаний страны. / Научный журнал «Вестник Инновационного Евразийского университета», г. Павлодар, 2012. - №3
4. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа жолдауы // URL:<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>
5. Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған ғылымды дамыту жөніндегі концепциясы // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000336>

## REFERENCES:

1. Pirogov S.V Science management:social-economic aspect [Science management: social-economic aspect]. – M., 2007. 17 p.
2. Medeu A.R. Problema upravleniia naukoj i nauchno-technicheskoi politikoj v Kazakhstane [The problem of management of scientific and scientific-technical policy in Kazakhstan (Thesis presentation)] URL:<http://https://ingeo.kz/?p=9369> (Accessed: 27.10.2022)
3. Denisova O.K Problemy formirovaniia intellektualnogo potentsiala nazi kak uslovie razvitiia ekonomiki znani strany. Acta scientifica "Praeco innovativa Universitatis Eurasianae", Pavlodar, 2012. №3
4. Kazakhstan Respublikasy Prezidenti K.K Tokaevtyn 2021 zhylgy 1 kyrkuiektegi "Halyk birligi zhane zhuieli reformalar el orkendeuinin berik negizi" atty halykka zholdauy [President of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokayev's message to the people on September 1, 2021 entitled "People's unity and systematic reforms are a solid basis for the country's prosperity" URL:<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakhstan-halkyna-zholdauy-183555> (Accessed: 9.11.2022)]
5. Kazakhstan Respublikasynyn 2022-2029 zhyldarga arnalgan gylmydy damyту zhonindegi konzeptsiasyn bekitu turaly 2023 zhylgi 28 nauryzdagy № 248 ukimet kaulysy [On approval of the Concept for the development of higher education and science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029 (Accessed: 11.11.2022)]

**Ғалия Сарқұлова<sup>1</sup>, Венера Есенғалиева<sup>2</sup>, Гаухар Балжанова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup> Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің аға оқытушысы, тарих магистрі  
email: galiyasarkulova@mail.ru

<sup>2</sup> Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің доценті, ф.э.к.,  
email: eva0566@inbox.ru

<sup>3</sup> Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің аға оқытушысы, тарих магистрі  
email: erlan.alataev@mail.ru  
(Орал қ., Қазақстан)

## **ҰҚШҰ, ШЫҰ ЖӘНЕ ЕҚЫҰ-НЫҢ КАСПИЙДЕГІ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ РӨЛІ**

**Аңдатпа.** Мақалада ҰҚШҰ, ШЫҰ, ЕҚЫҰ сияқты институттардың қызметі шеңберінде Каспийдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды. Келісім-шарт аясында құрылған Ұжымдық қауіпсіздік жүйесі аймақтық ғана емес, халықаралық деңгейде де тұрақтандырушы рөл атқаруы керек еді. Қазіргі заманғы сын-қатерлерге қарсы іс-қимылға бағытталған өңірлік қауіпсіздіктің тиімді құрылымын қалыптастыру тарихы ашылды. Авторлар сақталып отырған қатерлерге тиімді қарсы тұру үшін негізгі өңірлік ұйымдардың белсенді қатысушысы ретінде Қазақстанның рөлі маңызды деген қорытындыға келді.

**Түйін сөздер:** ұжымдық қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, интеграция, ҰҚШҰ, ШЫҰ, ЕҚЫҰ.

## **Ғалия Сарқұлова, Венера Есенғалиева, Гаухар Балжанова РОЛЬ ОДКБ, ШОС И ОБСЕ В ОБЕСПЕЧЕНИИ БЕЗОПАСНОСТИ НА КАСПИИ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы обеспечения безопасности на Каспии в рамках деятельности таких институтов, как ОДКБ, ШОС, ОБСЕ. Создаваемая в рамках договора система коллективной безопасности должна была сыграть стабилизирующую роль не только в региональном, но и в международном масштабе. Раскрывается история формирования эффективной структуры региональной безопасности, направленной на противодействие современным вызовам. Авторы приходят к выводу, что для эффективного

противодействия сохраняющимся угрозам важна роль Казахстана как активного участника основных региональных организаций.

**Ключевые слова:** коллективная безопасность, национальная безопасность, международные отношения, интеграция, ОДКБ, ШОС, ОБСЕ.

---

**Galiya Sarkulova, Venera Yesengaliyeva, Gauhar Balzhanova**  
**THE ROLE OF THE CSTO, SCO AND OSCE IN ENSURING SECURITY IN THE CASPIAN SEA**

**Abstract.** The article discusses the issues of ensuring security in the Caspian Sea within the framework of the activities of such institutions as the CSTO, SCO, OSCE. The collective security system created within the framework of the treaty was supposed to play a stabilizing role not only regionally, but also internationally. The article reveals the history of the formation of an effective regional security structure aimed at countering modern challenges. The author comes to the conclusion that the role of Kazakhstan as an active participant in the main regional organizations is important for effective counteraction to the remaining threats.

**Keywords:** collective security, national security, international relations, integration, CSTO, SCO, OSCE.

---

**Кіріспе**

Мақала тақырыбының өзектілігі Кеңес Одағының ыдырауы кезінде және оған байланысты болған елеулі өзгерістерге, сондай-ақ одақтас республикалар құқығында КСРО құрамына кірген мемлекеттердің тәуелсіз дамуына байланысты. Бұрын біртұтас кеңестік мемлекеттік шеңберінде шешілген Каспий теңізінің проблемалары және Иранмен екі жақты қатынастар форматында тез интернационалдандырыла бастады. Бұл процестер бір жағынан постиндустриалды елдердің экономикаларының дамуы, екінші жағынан посткеңестік кеңістіктегі жаңа тәуелсіз Каспий мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы көп жағдайға байланысты болатын энергетикалық ресурстардың өсіп келе жатқан маңыздылығымен байланысты болды. Бұл осы ресурстарға қол жеткізу үшін бәсекелестіктің шиеленісуіне әкеледі және оларды иелену көбінесе көмірсутектердің бай қоры бар мемлекеттердің сыртқы саясатын анықтайды. Каспий теңізі түбінің, оның су кеңістігінің аражігін ажырату, теңіздің тірі ресурстарын бөлу, Каспийдің бірыңғай экожүйесін сақтау, көмірсутектерді өндіру және оларды әлемдік нарықтарға тасымалдау проблемалары Каспий теңізі мәртебесінің тағы бір элементі – өңірдегі қауіпсіздік туралы болатын. Тәуелсіз Қазақстан өзінің географиялық орналасуы мен табиғи ресурстарының арқасында жаһандық энергетикалық нарықтардың құрылымына ықпал ете алатын Орталық Азия мен Каспий теңізі өңіріндегі басты мемлекеттердің біріне

---

айналды. Осылайша, бүгінгі таңда Қазақстанның Каспий теңізіндегі өңірлік қатынастар жүйесіндегі рөлін зерделеу, сөзсіз, өзекті ғылыми проблема болып табылады деп есептейміз. Мақаланың мақсаты-ҰҚШҰ, ШЫҰ және ЕҚЫҰ-ның Каспийдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторлары ретіндегі қызметін талдау және оған Қазақстан Республикасының қатысуының маңыздылығына тоқталу.

### **Зерттеу әдістері мен материалдары**

Мақала жазу кезінде арнайы әдістер кешені қолданылды, олардың ішінде тарихи-генетикалық, салыстырмалы-тарихи, тарихи-жүйелік, тарихи-типологиялық, синхронды және диахронды атауға болады. Тарихи-генетикалық әдісті қолдану КСРО ыдырағаннан кейінгі кезеңде Каспий теңізінің мәртебесі бойынша Қазақстан позициясының қалыптасу көздерін анықтауға, 1990-шы жылдардың ортасында республиканың бастапқы қондырғылардан ауытқу себептерін анықтауға және Каспийдің құқықтық мәртебесінің кейбір элементтері бойынша Қазақстан позициясының қорытынды трансформациясына себепші болған факторларды талдауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-тарихи әдіс Каспий өңіріндегі әртүрлі мүдделер топтарының өңірлік қатынастар жүйесіне және теңіздің жаңа халықаралық құқықтық мәртебесінің қалыптасу процесіне әсер ету дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді. Қазақстанның Каспий теңізінің аймақтық қатынастары жүйесіне қатысуы эволюциясының жалпы құрылымын құру және бұл үдерісте мүдделердің жекелеген топтарының орны мен рөлін айқындау үшін тарихи-жүйелік әдіс қолданылды. Тарихи-типологиялық әдіс Каспий теңізінің мәртебесі бойынша Қазақстанның ұстанымының генезисін айқындайтын ерекше және тұрақты факторлар мен мән-жайларды анықтау және өңірде Республиканың мүдделерін іске асыруға бағытталған қатынастарды дамыту үшін пайдаланылды.

### **Талқылау және нәтижелер**

1991 жылдан кейін Каспий теңізі аймағында жаңа геосаяси шындықты қалыптастыру мәселесіне көптеген еңбектер арналды. Бұл мәселе бойынша Ресей тарихнамасындағы негізгі жұмыстар ресей ғалымдары С.С. Жильцов, И.С. Зонн, А.М. Ушков, И.Б. Евгений, Т.Бордачев, С.Колчин және т.б. жасаған жұмыстар болып табылады. Авторлардың еңбектерінде Каспий елдерінің, бірінші кезекте Ресей Федерациясының Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтауға деген көзқарастарын жан-жақты көрсетуге көп көңіл бөлінген.

Каспий теңізінің өзекті геосаяси проблемаларына қатысты барлық Каспий мемлекеттерінің, сондай-ақ өңірлік және әлемдік державалардың экономикаларының жай-күйі мен ұстанымдары егжей-тегжейлі талданады. Ресейдің және басқа да шекаралас мемлекеттердің Каспий саясатына сыртқы

факторлардың әсері байқалады. Негізінен әңгіме теңіз мәртебесінің Каспий көмірсутектерін бөлу және өндіру, оларды әлемдік нарықтарға тасымалдау, өңірде көлік артерияларын дамыту, экологиялық аспектілер және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын сақтау сияқты элементтері туралы болып отыр. Каспий аймағынан тыс жерде орналасқан, бірақ Америка Құрама Штаттары сияқты маңызды экономикалық және геосаяси мүдделері бар мемлекеттің энергетикалық және геостратегиялық стратегиясына ерекше назар аударылады.

Қазақстанның Каспий бағытындағы сыртқы саясатының жекелеген аспектілері қазақстандық зерттеушілер М.Т. Лаумулин, Т.Тоқаев, А.Е. Чеботаревтің еңбектері мен жарияланымдарында қамтылған. Аталған жұмыстарда мемлекеттің тәуелсіздік алуына байланысты өзінің сыртқы саяси бағытын, оның ішінде Каспий теңізі өңірінде әзірлеу және жүзеге асыру қажеттігіне байланысты Қазақстанға тап болған ішкі және сыртқы сипаттағы қиындықтар мен проблемалар туралы баяндалған [1]. 1990-шы жылдардағы Ұжымдық қауіпсіздік мәселесін қозғаған негізгі өңірлік құрылымдар: 1991 жылғы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт, 1996 жылғы Шанхай бестігі (кейін Шанхай ынтымақтастық ұйымы) және 2009 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ) қызметі қарастырылған [2]. Өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық дәл осы ұйымдардың базасында белсенді түрде өтті, олардың мүше мемлекеттері әскери-саяси саладағы өзара іс-қимыл деңгейін белсенді түрде арттырды [3].

Кеңес Одағының ыдырауымен қауіпсіздік факторы өңір елдері үшін ұлттық мүдделерді халықаралық аренада ілгерілетуде маңызды рөл атқара бастады және әскери-саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық ресурстарды және т.б. қамтыған сыртқы факторлардың мүдделерімен айқындалады.

Қазақстанның басты мүдделерінің бірі экономикалық проблемаларды еңсеру және одан әрі дамыту мақсатында энергия ресурстарын экспорттау болды. Нәтижесінде, ҚР энергия ресурстарын экспорттау мүмкіндіктерін арттыру үшін көлік дәліздерін қалыптастыруға және дамытуға аса мүдделі болды. ҚР басшылығының алдында тұрған тағы бір басты міндет аймақтық және аймақтық емес акторлар арасындағы Каспийдегі геосаяси ойынның шиеленісуі жағдайында өзінің ұлттық мүдделерін қорғау болды. Каспий мұнайының "ағындарын қалыптастыру" үшін негізгі күрес Қазақстанның және оның Каспий теңізі секторының айналасында, табиғи ресурстардың елеулі қорларының салдарынан жүргізілгенін атап өту маңызды. Осылайша, өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері қазақстандық истеблишмент үшін басым болды.

ҚХР-дың қарқынды дамуы мен халықаралық ықпалының арта түсуіне байланысты Түркия елінің экономикалық дамуына терең әсер ететіні ақиқат.

---

Екі ел арасында әрі ынтымақтастық әрі бәсекелестіктің сақталатынын анық аңғартады. Дей тұрғанмен екі мемлекет бір-біріне тікелей қатер төндірмейді. Түркия мен Қытай арасында ұлттық мәселелерге байланысты саяси қарама-қарсылықтар сақталып отырғанымен, ұлттық – мемлекеттік мүдде тұрғысынан олар өзара ынтымақтастық қатынасын дамытатыны сөзсіз. Қазірге дейінгі Қытай-Түркия қатынастарының дамуы олардың болашақ дамуына берік негіз қалады.

Түркия болашақтағы халықаралық қатынастар жүйесінде АҚШ, Еуропалық Одақ, Ресей және Қытай қатынастарына басымдылық беретіні белгілі. Солармен болған қатынастарының балансынан өзінің ұлттық мүддесін жүзеге асыруға тырысады деп санаймыз. Қытай мен Түркия қатынастары белгілі деңгейде Қазақстанға да ықпал жасайды деп ойлаймыз.

### **Негізгі бөлім**

Бұрынғы Кеңес одағы кеңістігінде қауіпсіздіктің жаңа жүйесінің қалыптасуы 1990 жылдары қаланды және біртекті емес сипатта болды. Бір жағынан, мемлекеттер өздерінің әскери-саяси мүмкіндіктері мен ресурстарын дамытты, екінші жағынан, әскери ұйымдар деңгейінде аймақтық интеграция процесі жүрді. Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап әлемнің жетекші елдерімен әріптестік байланыстарды дамыта отырып, Еуразия өңіріндегі интеграциялық жобалардың неғұрлым белсенді қатысушысына айналды.

ҰҚШҰ-ға кіру кезіндегі Қазақстанның басты мақсаттарының бірі Орталық Азиядағы Ұжымдық қауіпсіздік жүйесін нығайту, Ауғанстан проблемасын шешу және жалпы радикалды исламизм тарапынан болатын қатерді жою болды. Өз кезегінде, бұл мәселелер Каспий өңірінің Қазақстан жағалауындағы қауіпсіздік мәселелерімен тікелей байланысты болды. ҰҚШҰ пайда болуы аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қалыптастыру жолындағы стратегиялық шешім болды [4].

Бастапқыда Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа алты мемлекет-Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және Өзбекстан қол қойды (1992 жылғы 15 мамыр). 1993 жылы шартқа Әзірбайжан, Грузия және Беларусь қосылды [3]. Осылайша, Каспий өңірінің бес елінен үшеуі ҰҚШҰ-ға мүше болды және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұжымдық жүйесін қалыптастыруға бағытталды.

Келісім-шарт аясында құрылған Ұжымдық қауіпсіздік жүйесі аймақтық ғана емес, халықаралық деңгейде де тұрақтандырушы рөл атқаруға арналған. БҰҰ және ЕҚЫҰ қағидаттарында жұмыс істей отырып, ҰҚШҰ Еуропа мен Азия үшін ортақ және барлығын қамтитын қауіпсіздіктің болашақ жүйелерінің бір бөлігі болу мүмкіндігіне ие болды. Осылайша, Шарттың құрылуы халықаралық қатынастардың көпполярлы жүйесін қалыптастырудың әлемдік тенденциясы болған уақытқа сәйкес келді,



мемлекеттердің қауіпсіздік мәселелерін бейбіт, саяси жолмен тиімді шешуге деген ұмтылысы күшейе түсті.

Ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасына сәйкес шартқа қатысушы елдер бейбіт құралдарға баса назар аудара отырып, барлық қолда бар мүмкіндіктермен ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Бұл ретте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен күш-жігердің басым бағыттары: басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен бірлесіп, Еуропа мен Азияда Ұжымдық қауіпсіздік жүйелерін құруға қатысу; әскери саладағы сенім шараларын кеңейту; бейбітшілікті нығайту жөніндегі міндеттерді шешу мақсатында әртүрлі әскери-саяси ұйымдармен және өңірлік қауіпсіздік құрылымдарымен тең құқықты әріптестік қатынастарды орнату және дамыту, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, ЕҚЫҰ шешімдеріне сәйкес бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларды жүргізу, қарусыздану және қару-жарақты бақылау, әскери қызметті қысқарту және шектеу, шекараны қорғау жөніндегі күш-жігерді келісу мәселелері жөніндегі шараларды үйлестіру және т.б.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қойылған сәттен бастап кезең Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің құқықтық негіздерін құру және жетілдіру кезеңі болғанын атап өту қажет. Әскери-саяси, әскери, әскери-техникалық ынтымақтастық саласында айтарлықтай нормативтік-құқықтық база әзірленді. Осылайша, бірқатар негізгі құжаттар қабылданды: Ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасы, ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің декларациясы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің әскери ынтымақтастығын тереңдетудің негізгі бағыттары (1995 жылғы 10 ақпанда ҰҚШҰ жоғары саяси органы – Ұжымдық Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен) және т. б. бұл құжаттар өңірлік жүйелерді одан әрі ұйымдастыру үшін негіз болатын ұжымдық қауіпсіздік болып табылады.

Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасу кезеңінде шарт, ең алдымен, қатысушы елдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етті, оларға мемлекеттік құрылыс, демократияландыру және реформалар процесін ілгерілету үшін тұрақты сыртқы жағдайларға кепілдік берді, көп жақты және екі жақты әскери ынтымақтастықты, оның ішінде ұлттық қарулы күштерді құру мәселелерінде дамытуға жәрдем көрсетті [5]. Осылайша, ҰҚШҰ біртіндеп қатысушы елдер үшін және тиісінше жалпы Каспий бассейнінің аймағы үшін Өзіндік "қауіпсіздік қалқанын" қалыптастырды.

1990-шы жылдар кезеңіндегі ҰҚШҰ практикалық қызметінен оның Ауғанстандағы жағдайдың шиеленісуі орын алған 1996 жылғы және 1998 жылғы қажеттілігін атап өткен жөн, бұл жағдай Орталық Азия өңіріндегі және сөзсіз Каспий бассейні аймағындағы жағдайды тұрақсыздандыруы мүмкін [6].

1996 жылы Алматыда ҰҚШҰ мүше елдердің жоғары деңгейінде жедел

кенестер өткізілді. Кездесу қорытындысы бойынша бірлескен мәлімдеме қабылданды, онда кез келген іс - қимылға, өңірлік қауіпсіздікке төнетін қатерлерге барабар жауап беруге, қатысушы мемлекеттер шекараларының қауіпсіздігін нығайту бойынша тиісті шаралар қабылдауға дайын екендігі мәлімделді.

Ұйымның беделі тұрғысынан, Алматы шешімдері мен уағдаластықтары ең ауқымды халықаралық қолдауға ие болғаны, атап айтқанда, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі оң қабылдағаны және оның Ауғанстан жөніндегі тиісті шешімінің негізіне алынғаны аса құнды болды. 1998 жылы Ауғанстандағы жағдайдың кезекті шиеленісуінен кейін Ұжымдық Қауіпсіздік кеңесінің хатшылығында шұғыл түрде ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер өкілдерінің консультациялары өткізілді. Қатысушылар аймақтағы қауіпсіздікті нығайту мен қамтамасыз етуге бағытталған екі жақты және көп жақты қадамдар мен шараларды әзірлеу мүддесінде консультативтік процесс шарты аясында жалғастыруды жақтады.

Посткеңестік кеңістіктегі тез өзгеріп жатқан геосаяси жағдайды ескере отырып, 1999 жылы Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия бағыттарында әскерлердің өңірлік коалициялық топтарын құруды көздейтін «Ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудың екінші кезеңінің жоспары» бекітілді [5]. Бұл аймақтық қауіпсіздікті тиімді қамтамасыз ету тұрғысынан өте өзекті болды. Алайда, қатысушы мемлекеттердің бірлескен іс-қимылдарға дайындығына қарамастан, 1990-шы жылдар кезеңінде ҰҚШҰ қызметі нормативтік құжаттарды әзірлеу және қабылдау шеңберінен шықпады. Әрине, қатысушы елдер өзара іс-қимылды арттырып, әскери-саяси ынтымақтастықты үнемі тереңдетіп отырды, бірақ іс жүзінде ұжымдық әлеуетті іске қосқан жоқ.

1999 жылдың 2 сәуірінде ҰҚШҰ әрекет ету мерзімін ұзарту уақыты келгенде, оның қатысушыларының құрамы өзгерді. Әзірбайжан, Грузия және Өзбекстан Шартқа одан әрі қатысудан бас тартты [7]. ҰҚШҰ құрамында Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Ресей қалды. Каспий маңындағы Әзірбайжан елінің ҰҚШҰ-дан шығуының негізгі себептерінің бірі -Таулы Қарабақ мәселесі бойынша Армениямен қайшылықтарды және Ресейдің осы мәселедегі ұстанымын атап өтуге болады, оны Баку қолдауға қол жеткізе алмады. Алайда, ҰҚШҰ - дан шыққан Әзірбайжан бұл құрылыммен қарым-қатынасын үзбеді. Керісінше, Баку Арменияны қоспағанда, ҰҚШҰ-ның барлық мүшелерімен әскери саладағы диалогтың қарқындылығын арттыра бастады.

Қарқынды дамып келе жатқан халықаралық және аймақтық қатынастар күн тәртібінің саяси және экономикалық компоненттеріне табиғи түрде әсер етті. Осыған байланысты өңірлік ұйымдар Каспий өңірі үшін ерекше өзектілікке ие болды және аса маңызды міндеттерді бірлесіп шешуге мүмкіндік берді. 1990 жылдың ортасында Қазақстан құрамына Қазақстан,

Қытай, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан кіретін «Шанхай бестігі» ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы тағы бір интеграциялық жобаның қатысушысы болды. Аталған құрылым 1996 жылы шекаралық ауданында әскери саладағы сенімді нығайту және қарулы күштерді өзара қысқарту туралы уағдаластыққа қол жеткізу мақсатында жоғарыда аталған елдердің көшбасшыларының Шанхай қаласындағы кездесуі кезінде басталды. Іс жүзінде, басынан бастап жобаға қатысушы елдер қауіпсіздік саласын нығайтуды және осы саладағы серіктестікті кеңейтуді өздерінің басымдықтары ретінде белгіледі. Алайда, Шанхай бестігінің ынтымақтастығы шеңберінде саяси және сауда-экономикалық салалардағы тиімді ынтымақтастыққа жәрдемдесу де маңызды құрамдас бөлік болды.

«Шанхай бестігі» ешкімге қарсы бағытталған әскери блок немесе одақ болған жоқ. Бұл аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басқа елдермен ынтымақтастықты үнемі кеңейтуге бағытталған ашық жоба болды. Жобаның негізгі міндеттері – өңірдегі бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қолдау, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту деп жарияланды. Өз шекарасында тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауға мүдделі Қазақстан үшін осы құрамдас бөліктердің барлығы ерекше қызығушылық тудырды.

Каспий өңірінің бес елінен Шанхай бестігіне сол кезде екі ел – Ресей және Қазақстан кірді. Осыған байланысты осы құрылым шеңберіндегі ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл деңгейі Каспийдегі қауіпсіздік саласындағы жағдайға әсер етті. Қатысушы елдердің күш ведомстволарының есірткі трафиіне және өсіп келе жатқан террористік қауіпке қарсы күреске бағытталған ынтымақтастығы Шанхай бестігінің жауапкершілік аймағында да, атап айтқанда Каспий өңірінде де қауіпсіздіктің жалпы архитектурасына оң әсерін тигізді. Табысты ынтымақтастық "бестік" елдеріне 1990-шы жылдардың соңына қарай трансшекаралық ынтымақтастық шеңберінен шығып, Шанхай форумына айналуға мүмкіндік берді.

2001 жылы «бестік» жобасының Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының кең ауқымды халықаралық ұйымына тағы бір трансформациясы болды. Оның құрамы өзгерді, алтыншы қатысушы Өзбекстан болды. Кездесу қорытындысы бойынша ШЫҰ–ға қатысушы елдер Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына қол қойды, орталықпен Бішкекте Өңірлік терроризмге қарсы құрылым құру туралы уағдаласты. Өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінен басқа, ұйымның міндеттеріне көлік инфрақұрылымын дамыту, энергетика, телекоммуникация, мұнай-газ саласы, су ресурстарын пайдалану және т.б. бағыттар да кірді.

Өңірлік мемлекеттер тарапынан ШЫҰ–ға деген қызығушылық үнемі арта түскенін атап өткен жөн. Мәселен, 2005 жылдан бастап Иран Каспий маңы елдері ШЫҰ жанындағы бақылаушы мәртебесіне ие болды. Кейін

Өзiрбайжан, Үндiстан, Пәкiстан, Армения және басқа елдермен байланыс дами бастады. Бұл ұйымның кең ауқымды мiндеттерi кiрген аймаққа оның қызығушылық құзыретi негiзделген. Әрине, ШЫҰ жобасына Қытай мен Ресейдiң, iрi аймақтық ойыншылардың қатысуы да маңызды фактор болды. Еуропадағы қауiпсiздiк және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) өз қызметiнiң салалары тұрғысынан бiршама ауқымды және кең ауқымды болды. Бұл ұйым ерте алдын алумен, қақтығыстарды реттеумен және дағдарыстан кейiнгi дағдарыс аймақтарында қалпына келтiрумен, сондай-ақ превентивтi дипломатиямен, экологиялық қауiпсiздiкпен және т. б. айналысты [8].

Ұйым 1970-шi жылдардан бастап, Шығыс пен Батыс арасында диалог орнатуға арналған көп жақты алаң - Еуропадағы қауiпсiздiк және ынтымақтастық жөнiндегi кеңес (ЕҚЫК) шақырылған кезде басталды. Айта кетейiк, 1990 жылға дейiн SBSE бiрқатар кездесулер мен конференциялар түрiнде жұмыс iстедi, онда нормалар мен мiндеттемелер жасалды, олардың орындалуы туралы ақпарат мезгiл-мезгiл тыңдалды. 1990 жылғы Париж кездесуiн форум қызметiндегi бетбұрыс деп санауға болады. 1990 жылғы Париж хартиясы қырғи-қабақ соғыстың аяқталуын және жаңа сын-қатерлер мен қауiптердi ескере отырып, қазiргi әлемдiк тәрiптi зерттеу қажеттiлiгiн белгiледi. Осы мiндеттердi шешу үшiн бiрнеше мекемелер мен институттар құрылды, кездесулер өткiзу тұрақты негiзге қойылды, кеңес жұмысына жүйелi сипат берiлдi. ЕҚЫК 1995 жылы ЕҚЫҰ деп өзгердi, бұл ұйымның жұмысына жаңа саяси серпiн бердi және сонымен бiрге оның институционалдық даму жолының көрiнiсi болды.

Әлемдiк державалар мен беделдi халықаралық ұйымдарды қолдауға мүдделi Қазақстан ЕҚЫК-ға 1992 жылғы 30 қаңтарда кiрдi [9]. Әлемдiк қоғамдастық та жас әрi келешегi зор өңiрлiк ойыншымен ынтымақтастыққа мүдделi екенi сөзсiз. Ұйымның толық құқықты қатысушысы бола отырып, Қазақстан оны одан әрi дамыту, оның iшiнде ЕҚЫК-пен ЕҚЫҰ-ға қайта құру процестерiне белсендi қатысты. ҚР тұңғыш Президентi Нұрсұлтан Назарбаев ұйымның Хельсинкиде (1992 ж.), Будапештте (1994 ж.), Лиссабонда (1996 ж.) және Стамбулда (1999 ж.) өткен саммиттерiнiң жұмысына қатысты. 1999 жылы Алматыда Еуропадағы қауiпсiздiк және ынтымақтастық ұйымының орталығы ашылды.

ЕҚЫҰ-ның аса маңызды сипатты белгiлерiнiң бiрi қатысушы мемлекеттердiң бiрқатар мiндеттемелерi мен жанжалдардың алдын алу мен реттеу тетiктерiн қамтитын әскери-саяси салада қауiпсiздiкке кешендi тәсiлдi қолдану, сондай-ақ барынша ашықтыққа, айқындыққа және ынтымақтастыққа жәрдемдесу арқылы әскери қауiпсiздiктi арттыруға ұмтылу болды. Қырғи қабақ соғыстың аяқталуы қол жетiмдi қарулардың көп болуына әкелдi, бұл 1990-шы жылдардың басында халықаралық сұр қару-жарак нарығының пайда болуына себеп болды. ЕҚЫҰ мұндай қарудың таралуын болдырмауға көмектестi және оны жоюға көмек көрсеттi. Ұйым

жыл сайын ақпарат алмасуды жүргізді [10].

Есірткі трафигіне қарсы күрес біртіндеп ЕҚЫҰ үшін күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Қазақстан қауіптің осы түрімен күресуге белсенді қатысты. 1998 жылы Қазақстанда Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілер және есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімі туралы Заң қабылданды және "2001-2005 жылдарға арналған Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес стратегиясы" 2000 жылғы 16 мамырдағы президенттік жарлықпен бекітілді. Бұл құжатта елдің есірткі айналымына тиімді мемлекеттік бақылау орнату, олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаты тұжырымдамалық сипатта көрініс тапты. Қазақстан Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жаңа сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы күрес саласындағы ұжымдық іс-қимылдардың белсенді жақтаушысы болды және негізгі өңірлік ұйымдармен ынтымақтастықты дамытты [11].

### **Қорытынды**

1990 жылдардың басынан бастап 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғаларға дейін Каспий аймағындағы қауіпсіздік архитектурасы негізінен ҰҚШҰ және ШЫҰ сияқты өңірлік құрылымдар шеңберінде посткеңестік мемлекеттердің ынтымақтастығы, сондай-ақ екіжақты қатынастар негізінде қалыптасты. Сыртқы фактор бұл аймақта болды, бірақ оның ауқымы осы уақыт аралығында онша маңызды болмады. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-қа жасалған лаңкестік шабуылдардан кейін жағдай өзгеруді, осы сәттен бастап әлемнің ондаған елдерін қамтитын терроризмге қарсы халықаралық коалицияны құрудың белсенді кезеңі басталады. Коалиция күштерін Америка Құрама Штаттары басқарды. Бүкіл өркениетті әлем үшін бірінші жау пайда болды және онымен күресу үшін бірлескен күш қажет болды.

Нәтижесінде, Каспий өңірі мен Орталық Азияның қауіпсіздік жүйесі 2001 жылдан кейін елеулі өзгерістерге ұшырады. Каспий - Орталық Азия өңіріндегі ықпалы үшін жетекші державалардың (АҚШ атынан әлемдік және Ресей атынан аймақтық) бәсекелестігі аясында Орталық Еуразияны біртіндеп милитаризациялау басталды. Қауіпсіздік саласындағы жағдайға үш негізгі компонент әсер ете бастады: халықаралық терроризмге қарсы одақ қызметі шеңберінде өңірде шетелдік әскери қатысуы; Ресей мен АҚШ арасындағы бәсекелестіктің күшеюі; ҰҚШҰ мен ШЫҰ аясындағы өңір мемлекеттерінің ынтымақтастығы.

Осы жағдайда Қазақстан Ресеймен де, Батыспен де теңгерімді белсенді қарым-қатынаста болды. Каспий аймағындағы қақтығыс әлеуеті жоғары болды, бұл өз шекараларының айналасында тұрақтылық пен бейбітшілік аймағын құруды жақтаған елдің сыртқы саяси мүдделеріне қайшы келді. 11 қыркүйектегі оқиғалардан кейін Астана одақ күштеріне қолдау білдіріп,

---

терроризмге қарсы күреске белсенді қатысты. Сонымен бірге, қазақстандық басшылық одақтас Ресеймен қарым-қатынастардың стратегиялық сипатын сақтап, дамыта алды.

---

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Токаев Т. Внешнеполитические приоритеты Республики Казахстан. – М.: Восток – Запад, 2011. – 448 с.
2. Караганов С.А., Бордачев Т.В. К новой архитектуре евроатлантической безопасности // Доклад сделанный в международном дискуссионном клубе Валдай. Лондон, 8-10 декабря 2010.
3. Каукунов А. ШОС изменит политику Каспия // URL:<https://regnum.ru/news/1850240.html> (дата обращения: 19.03.2022 г.)
4. Концепция коллективной безопасности государств-участников Договора о коллективной безопасности // URL:<http://www.dkb.gov.ru> (дата обращения: 18.05.22).
5. Чеботарёв А. Е. Политическая мысль суверенного Казахстана: динамика, идеи, оценки: Монография. – Астана – Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2015. – 512 с.
6. Хакимов Б.М. Коллективная безопасность в СНГ // Международная жизнь, 2001, № 7, С.16.
7. Николаенко В. 10 лет Договору о коллективной безопасности // Международная жизнь, 2003, № 3.
8. Султанов Б.К. К председательству Казахстана в ОБСЕ / Сборник документов и материалов Казахстанский Институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, Алматы 2009, С-6.
9. Лаумулин М. Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Том III: Геополитика и международные отношения (вторая половина XX – начало XXI вв.). – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 280 с.
10. Николаенко В.Д. Организация Договора о коллективной безопасности (Истоки, становление, перспективы). М., 2004. – 222 с.
11. Казахстан и ОБСЕ: история - современность - будущее. Саммит в Астане станет началом нового этапа деятельности Организации // URL:<http://www.inform.kz/rus/article/2322513> (дата обращения: 19.03.2022 г.)

## REFERENCES:

1. Tokaev T. Vneshnepoliticheskie priority Respubliki Kazahstan [Foreign policy priorities of the Republic of Kazakhstan]. – М.: Vostok – Zapad, 2011. – 448 p.
2. Karaganov S.A., Bordachev T.V. K novej arhitekture evroatlanticheskoj bezopasnosti [Towards a new Euro-Atlantic security architecture] // The report was made at the international discussion club Valdai. London, 8-10 December 2010
3. Kaukenov A. ShOS izmenit politiku Kaspija [SCO will change the policy of the Caspian Sea] // URL:<https://regnum.ru/news/1850240.html> (Accessed:19.03.2022)
4. Konceptija kollektivnoj bezopasnosti gosudarstv-uchastnikov Dogovora o kollektivnoj bezopasnosti [The concept of collective security of the States parties to the Collective Security Treaty] // URL:<http://www.dkb.gov.ru> (Accessed: 18.05.22).
5. Chebotarjov A. E. Politicheskaja mysl' suverennogo Kazahstana: dinamika, idei, ocenki [Political thought of sovereign Kazakhstan: dynamics, ideas, assessments]: Monograph. - Astana - Almaty: IMEP pri Fonde Pervogo Prezidenta, 2015. - 512 p.
6. Hakimov B.M. Kollektivnaja bezopasnost' v SNG [Collective security in the CIS] // Mezhdunarodnaja zhizn [International life], 2001, № 7, P.16.
7. Nikolaenko V. 10 let Dogovoru o kollektivnoj bezopasnosti [10 years of the Collective Security Treaty] // Mezhdunarodnaja zhizn [International life], 2003, № 3.
8. Sultanov B.K. K predsedatel'stvu Kazahstana v OBSE [Kazakhstan's Chairmanship in the OSCE] / Collection of documents and materials KazISS under the President of the Republic of Kazakhstan, Almaty 2009, P-6.

9. Laumulin M. T. Central'naja Azija v zarubezhnoj politologii i mirovoj geopolitike. Tom III: Geopolitika i mezhdunarodnye otnoshenija (vtoraja polovina XX – nachalo XXI vv.) [Central Asia in Foreign Political Science and Global Geopolitics. Volume III: Geopolitics and International Relations (second half of XX – beginning of XXI centuries)]. – Almaty: KazISS under the President of the RK, 2009. – 280 p.
10. Nikolaenko V.D. Organizacija Dogovora o kolektivnoj bezopasnosti (Istoki, stanovlenie, perspektivy) [Collective Security Treaty Organization (Origins, formation, prospects)]. M., 2004. – 222 p.
11. Kazahstani OBSE: istorija - sovremennost' - budushhee. Sammit v Astane stanet nachalom novogo jetapa dejatel'nosti Organizacii [Kazakhstan and the OSCE: history - modernity - future. The summit in Astana will be the beginning of a new stage of the Organization's activities] // URL:<http://www.inform.kz/rus/article/2322513> (Accessed: 19.03.2022)

**Жасулан Орынбаев<sup>1</sup> Ерболат Сергазин<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Саясаттану кафедрасының PhD докторанты  
[zhassulan.orynbayev@gmail.com](mailto:zhassulan.orynbayev@gmail.com)

<sup>2</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Саясаттану кафедрасының PhD  
[sergazin1958@mail.ru](mailto:sergazin1958@mail.ru)  
(Астана, Қазақстан)

**БҰҰ-НЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ АУЫЗ СУМЕН  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ**

**Аңдатпа.** XX ғасырдың ортасынан бастап ғалымдар мен әлем саясаткерлерін ауа-райының өзгеруі, көлдер мен теңіздердің тартылып экологиялық апаттарға әкеп соғуы алаңдата бастады. Табиғи мәселелермен қатар қарапайым халықтың ауыз суға қол жетімділігі кейбір әлем елдерінде шектелгенін көруге болады. Әлемде зерделенген түрлі мәселелерді шешу мақсатында Біріккен ұлттар ұйымында (БҰҰ) халықаралық мәртебеге ие бағдарламалар қабылданып отырады. Мақалада Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) Мыңжылдық даму мақсаттары (2000-2015) және Тұрақты даму бағдарламасының (2015-2030) басты мақсаттарының бірі, баршаға бірдей қауіпсіз әрі қолжетімді ауыз суға қол жеткізуін қамтамасыз ету және су мәселесін тиімді шешу жолдарының Қазақстанда жүзеге асырылуына талдау жасалынған. Осы мақалада Қазақстан Республикасының да БҰҰ-ның бағдарламаларының шеңберінде қабылданған «Ауыз су», «Ақ бұлақ» мемлекеттік бағдарламаларының мақсаттары және нәтижелеріне сараптама жасалынған. SWOT-анализ және су мәселесіне қатысты бағдарламаларға шолу жасалып статистикалық мәліметтер берілген.

**Түйін сөздер:** ауыз су мәселесі, Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ), Мыңжылдық даму Мақсаттары (МДМ), Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ), мемлекеттік бағдарламалар т.б.

**Жасулан Орынбаев, Ерболат Сергазин**  
**РЕАЛИЗАЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРОГРАММ ПО  
ОБЕСПЕЧЕНИЮ ПИТЬЕВОЙ ВОДЫ В РАМКАХ ПРОГРАММ ООН**

**Аннотация.** С середины XX века ученых стали беспокоить изменения климата, усыхание озер и морей, приводящие к экологическим



катастрофам. Помимо природных проблем, в некоторых частях мира ограничен доступ простых людей к питьевой воде. Для решения изучаемых вопросов в ООН приняты программы, имеющие международный статус. В статье рассматривается одна из основных Целей развития тысячелетия Организации Объединенных Наций (ООН) (2000-2015 гг.) и Программы устойчивого развития (2015-2030 гг.) по обеспечению доступа к безопасной и доступной питьевой воде для всех и решению водных проблем в эффективный способ. В данной статье анализируются цели и результаты государственных программ «Питьевая вода», «Ак булак», принятых Республикой Казахстан в рамках программ ООН. SWOT-анализ и обзор программ и статистики, связанных с водой.

**Ключевые слова:** *проблема питьевой воды, Организация объединённых наций (ООН), Цели развития тысячелетия, Программа устойчивого развития, государственные программы и т.д.*

---

## **Zhassulan Orynbayev, Yerbolat Sergazin** **IMPLEMENTATION OF STATE PROGRAMS ON PROVISION OF DRINKING WATER UNDER UN PROGRAMS**

**Abstract.** Since the middle of the 20th century, scientists have begun to worry about climate change, the drying up of lakes and seas, leading to environmental disasters. In addition to natural problems, access of ordinary people to drinking water is limited in some parts of the world. To address the issues under study, the UN adopted programs that have international status. The article discusses one of the main goals of the United Nations (UN) Millennium Development Goals (2000-2015) and the Sustainable Development Program (2015-2030) to ensure access to safe and affordable drinking water for all and to solve water problems in an efficient manner. way. This article analyzes the goals and results of the state programs "Drinking Water", "Ak Bulak", adopted by the Republic of Kazakhstan within the framework of the UN programs. SWOT analysis and review of programs and statistics related to water.

**Keywords:** *drinking water problem, United Nations Organization (UN), Millennium Development Goals, Sustainable Development Program, government programs, etc.*

---

### **Кіріспе**

Дүниежүзілік банктің зерттеулерінде 2050 жылға қарай су тапшылығынан Қазақстанның кейбір аймақтарында ЖІӨ 6% түседі деген болжам бар, нәтижеде бұл жағдай экономиканың жылдық өсіміне кері әсерін тигізеді. Жалпы жаһандық өсу шамалы зардап шегуі мүмкін, соның салдарынан жаһандық ЖІӨ 0,37-0,49%-ға төмендейді. 2015 жылдың тамызында

жарияланған Citigroup баяндамасында климаттың өзгеруі 2060 жылға қарай әлемдік ЖІӨ-ге 44 триллион доллар шығын әкелуі мүмкін екенін атап өткен [1].

Сондықтан Қазақстан үшін су тапшылығы мәселесін шешу стратегиялық мағызға ие. 2011 жылы мемлекеттің бюджетінен сумен қамтамасыз ету және суды бұру жұмыстарына 589 млрд. теңге бөлінген. «Ақ бұлақ» ауыз су бағдарламасына 1,2 трлн. теңге бөлінген. Басты мақсаты халықты қажетті мөлшерде және кепілдендірілген сапада ауыз сумен қамтамасыз ету болатын [2]. Мысалы, «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша Түркістан облысының (2018 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан облысы) 208 елдімекені таза ауыз суға қол жеткізген [3].

Ауыз су мәселесі әлем деңгейіндегі мәселе болғандықтан оны Біріккен Ұлттыр Ұйымы назардан тыс қалдырған емес. Қазақстанның да су мәселелері толық қанды шешілмеген сондықтан еліміз үшін бұл кезек күттірмейтін мәселе.

2000 жылдың қыркүйегінде БҰҰ мүше мемлекеттердің, оның ішінде Қазақстанның да, басшылары Мыңжылдық Декларациясын қабылдап, онда 2015 жылға дейінгі дамудың негізгі мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдаған болатын.

Мыңжылдық даму мақсаттары 8 бағытты қамтыды. Олар:

- 1) аштық пен қайыршылықты жою;
- 2) жалпыға бірдей бастауыш білімді қамтамасыз ету;
- 3) ерлер мен әйелдердің теңдігін көтермелеу;
- 4) балалар өлімін азайту;
- 5) аналар өлімін төмендету;
- 6) АҚТҚ/ЖҚТБ, безгек және басқа да аурулардың таралуын болдырмау;
- 7) экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- 8) даму мақсатында жаһандық әріптестікті қалыптастыру

### **Зерттеу әдістемесі**

Зерттеуде SWOT анализ, салыстырмалы анализ, кейс-стади қолданылды. Сонымен қатар зерттеуде БҰҰ-ның зерттеу мәліметтері қолданылды.

### **Зерттеу нәтижелері**

БҰҰ-ның Мыңжылдық даму мақсаттары және Қазақстан

Мыңжылдық даму мақсаттарының бірі экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында 2015 жылға дейін ауыз суға тұрақты қолдары жетпейтін халық санын жартысына қысқарту көзделген [4].

Мыңжылдық даму мақсаттарын жүзеге асару әрі ішкі ауыз су мәселелерін шешу жолында Қазақстан 2002-2010 жылдарға арналған «Ауыз су» мемлекеттік бағдарламасын қабылдады. Бағдарламаның стратегиялық мақсаты тұрғындарды қажетті көлемде және кепілді сапалы ауыз сумен

қамтамасыз ету. Негізгі бағыттары судың сапасын жақсарту, жабдықтаудың қазіргі жүйелерін пайдалану қалпына келтіру және жетілдіру [5]. Бүгіннің өзінде көптеген қалаларда тіпті Астана қаласында үйде ағатын суды ауыз су ретінде қолдануға болмайды, осының салдарынан тұрғындар суды сырттан сатып алуға мәжбүр. Мысалына Қазақстанның Шымкент, Тараз және Алматы қалаларында краннан ағатын суды ауыз су ретінде қолдануға жарамды ал басқа өңірлерде суды не сатып алады немесе қолданар алдында алдын ала қайнатып алады.

Қазақстан сумен қамтамсыз етілу жағынан ТМД елдерінің арасында ең соңғы орында, себебі ірі өзендердің көпшілігінің арнасы көршілес жатқан елдерде немесе елден тыс жерлерде орналасқан және бұл жағдай көршілес мемлекеттерге тәуелді болуға алып келуде. 2002-2006 ж.ж. республикада таза суды шаруашылық – ішу мұқтаждарына пайдалану көлемінің тұрақты артуы байқалған. Сонымен бірге халыққа 1 тұрғынға есептегендегі орташа тәуліктік су босату 2001 ж 64л/а-дан 2005 ж 58л/а дейін төмендеген. Ауыз суға қала халқының 95,2% және ауыл халқының 57,2% қол жеткізген. 2005 ж. ҚР халқының 23,2% ауыз суға қолдары жетпеді, 1999 ж. бұл сан 24,9% құраған [4].

«Ауыз су» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2002-2010 жылдары 3,5 миллионнан астам тұрғындары бар 3417 елді мекен сумен қамтамасыз етілген. 13288 шақырым су құбырлары тартылған. Суды тасымалдап пайдаланатын адамдардың саны азайған. Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитетінің ақпараттарына сәйкес, суды тасымалдап пайдаланатын тұрғындардың саны 2002 жылғы 445 мың адамнан 2011 жылдың 1 қаңтарына қарасты 83 мыңға азайған. Бүтіндей алғанда, республика бойынша сумен қамтамасыз ету қызметтеріне қолжетімділік 6,9 пайызға ұлғайған, су жүйелерінде жиі болып тұратын апаттар саны 2004 жылмен салыстырғанда 15,8 пайызға азайған [6].

2010 жылы елбасының жарлығымен 2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы қабылданады. Бұл «Ауыз су» мемлекеттік бағдарламасының жалғасы деуге болады. Халықты тек қана сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында бағдарлама аясында 944 миллиард теңге бөлінген [7].

Бағдарламаның мақсаттары:

- Халықты сапалы ауыз сумен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету.

Бағдарламаның міндеттері:

- Сумен жабдықтау мен су бұрудың жаңа объектілерін салу және қолданыстағыларын қайта жаңарту кезінде жүйелік тәсілді енгізу.

- Қалалық жерлерде сумен жабдықтау мен су бұрудың орталықтандырылған жүйелерін салу және қайта жаңарту.

- Ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтаумен су бұрудың жергілікті

жүйелерін қайта жаңарту.

- Сумен жабдықтау мен су бұруды реттеу саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.

- Елді мекендердің сумен жабдықтау және субұру жүйесін тиімді және рентабельді пайдалануды қамтамасыз ету.

- Су шаруашылығы секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру және сумен жабдықтау мен су бұру объектілерін қаржыландыруға жеке меншік капиталды барынша тарту.

- Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер асты суларының әлеуетін барынша пайдалану [8].

«Ақбұлақ» бағдарламасының мақсаты - 2020 жылға дейін Қазақстан халқының 80 %-ын орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамту. Атап айтсақ, қалалар - 100 пайыз, елді мекендер - 80 пайыз сумен қамтылуға тиіс болған. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанда 2010-2015 жылдар аралығында 253 елді мекенге ауызсу жүйесі жүргізіліп, 900 мыңға жуық тұрғын таза сумен қамтылған. «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша 39 нысанның құрылысы жүргізіліген [9]. Алматы облысында да бағдарлама жақсы нәтижелер көрсеткен «облыстағы ауызсумен қамту көрсеткіші 89,6 пайызға жеткен. Бұл ел бойынша алғашқы орынның бірі. "Ақбұлақ" бағдарламасының аяқталуына әлі бір жыл шамалы уақыт қалғанын ескерсек, Жетісудың жұртын сапалы ауызсумен қамтудың 100 пайызға орындалатыны анық. Оған бюджеттен мол қаржы бөлініп те қойған. Жалпы, 2015-2017 жылдар аралығында облыста аталған бағдарлама бойынша жалпы сомасы 25,4 млрд теңге игеріліп, оған 221 сумен жабдықтау және су жеткізу нысандары іске қосылыпты. Қазір бұған дейін сапасы күмәнді ауызсу тұтынып келген 338 мыңға жуық тұрғынның үйінде құбырдағы сапалы ауызсу ағып тұр» [10].

Таза су мәселесі әлемнің түкпір-түкпірінде туындауда: мысалы, ғалымдар алдағы 30 жылда мұздықтардың еруі (жердегі негізгі тұщы су қорының бірі) көптеген мәселелерге әкеледі деп болжайды. Брахмапутра, Ганг, Хуан Хэ сияқты Оңтүстік-Шығыс Азиядағы бір жарым миллиард адам ауыз су тапшылығына ұшырайды деген болжамға келіп отыр. Сонымен қатар, қазірдің өзінде, Хуанхэ өзенінен келетін судың ағыны соншалықты, ол мезгіл-мезгіл теңізге жетпейді. Мамандар Тұщы судың мәселесін шешудің бірнеше жолын ұсынууда. Оның ең классикалық үлгісі пайдаланылған суды қайта тазартып қолдану. Бірақтан бұған мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау заңдары да айтарлықтай кедергі келтіреді: көптеген елдерде суды жалпы пайдалану үшін қайта пайдалануға қатаң тыйым салынады. Дегенмен, су ресурстарының жетіспеушілігіне байланысты бұл да өзгеруде: мысалы, АҚШ-та суды қайта пайдалану жыл сайын 15%-ға артып келеді. [11].

Таза ауыз су көзін пайдаланатын халықтың үлесі, 2011ж.



*1-диаграмма. Қазақстан және шетел мемлекеттерінің таза ауыз суды пайдалану көрсеткіші [12].*

Екінші жолы теңіздердің, мұхиттардың және тұзды ішкі сулардың суларын тұщыландыру арқылы тұщы сумен қамтамасыз етуді арттыру. Израиль және Сауд Арабия мемлекеттері суды тұщыландыру арқылы су қорын толтырып отыр. Израиль бұл салада алдыңғы қатардағы мемлекеттер қатарына кіреді. Сауд Арабиясы тұщы судың шамамен 50% теңіз суын тұщыту арқылы, 40% іс жүзінде қалпына келмейтін жер асты суларын өндіруден және 10% жер үсті суларынан елдің оңтүстік-батысындағы таулы суларынан алып отыр. Ел астанасы Эр-Риядқа 467 шақырым қашықтықтағы Парсы шығанағынан тұщытылған су жеткізіледі [13].

Қазақстанға келетін болсақ су тұщыту зауыту Ақтауды сумен 40 текше метр сумен қамтамасыз етіп отыр [14]. Бүгінде облыс негізінен Астрахань-Маңғышлақ су құбыры және тұщытылған теңіз суы арқылы қамтамасыз етіледі. Олардың жалпы өнімділігі тәулігіне шамамен 164 мың текше метрді құрайды. Жазда ауыз су тапшылығы байқалады және тәулігіне 50 мың текше метрді құрайды, облыстың даму деңгейін ескере отырып, 2025 жылға қарай суға деген қажеттілік тәулігіне 100-110 мың текше метрді құрайтын болады. Бұл мәселені шешу үшін Маңғыстау облысында сметалық құны 247 млрд теңгеден асатын 9 теңіз суын тұщыту зауытын салу жоспарлануда [15]. Суды тұщыту зауыттарының көп болуы өңірдегі су қауіпсіздігін қамтамыз етіп, көршілерге тәуелділікті азайтуға көмек береді.


### **БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары және Қазақстан**

2015 жылдың қыркүйек айында БҰҰ-дің 70-ші Бас Ассамблеясы шеңберінде БҰҰ саммитінде 2015 жылдан кейінгі даму саласындағы

күн тәртібін қабылдау бойынша Қазақстан Республикасының экс-Президенті Н.А.Назарбаев өзге БҰҰ мүше-мемлекеттердің басшыларымен бірге, Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) бағдарлары Қазақстанның басымдықтары мен міндеттеріне толық сәйкес келетініне ерекше көңіл бөліп, бұдан былайғы жаһандық дамуға арналған жаңа құжатқа қол қойды. ТДМ 2030 жылға дейін жетуге тиіс 17 мақсаттан, сондай-ақ, оларға байланысты 169 міндеттерден және 242 индикатордан тұрады. Олардың ішінде экологиялық атап айтқанда ауыз су мен санитариялық мәселелерге де маңызды орын берген [16].


Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары төрағалығымен Тұрақты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы тапсырмасы бойынша құрылды. Ұлттық экономика министрлігі Кеңес жұмысының үйлестіру органы болып табылады. Хатшылықтың ролінде сараптамалық-талдамалық қолдау көрсететін «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ болады [17].

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының шеңберінде Қазақстанда қабылданған бағдарламаларының нәтижесі ретінде көптеген әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелердің белгілі дәрежеде шешімін тапты деуге болады.



## 2-диаграмма. Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттарының нәтижесі (2015-2018) [17]

Дүниежүзілік ресурстар институтының бағалауы бойынша Орталық Азия елдері су тапшылығы жоғары елдер қатарына жатады. Ал, Қазақстан болса, орташа-жоғары қатарға кіреді. Халықаралық сарапшылардың қорытындысы бойынша Қазақстандағы су тұтыну көлемі 2040 жылға қарай 56 пайызға өседі және жыл сайынғы су тапшылығы 12 текше шақырымды құрауы мүмкін. Елдің жыл сайынғы жерүсті су қоры 100 текше шақырымнан аса көлемді құрайды. Оның 46 текше шақырымы немесе 46 пайызы Қазақстаннан тыс жерлерде қалыптасады. Сонымен қатар жерасты су әлеуеті жылына 15 текше шақырымды құрап отыр.



**3-диаграмма. Қазақстан Республикасында халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету (2010-2018) [18].**

Жоғарыда аталып өткен бағдарламалардың жалғасы ретінде ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі тарапынан су ресурстарын басқарудың 2020-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы әзірленуде [19].

**Қорытынды**

Қорыта айтқанда Қазақстан БҰҰ-ның бағдарламалыры шеңберінде қабылдаған мемлекеттік бағдарламалары аясында қалалық және ауылдық аймақтардың ауыз су мәселелері шешілуде. Бірақ су мәселесі ауқымы кең болғандықтан бұл сала комплексті шешімдерді қажет етеді. Сондықтан ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 2020-2030 жылдар арасында жүзеге асатын бағдарлама және 2021 жылы жаңа Су кодексін және «Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы» Заң жобасын қабылдады. Сонымен қатар шекаралық аумақтарда көрші мемлекеттермен мәселені бірігіп, келісе отырып шешуге болады деп ойлаймын (мысалы, Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарына су ағысы көрші мемлекеттерден келеді). Бағдарламаларды қабылдас бұрын осы мәселелерді назарға алған дұрыс. Сонымен бірге, Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде су ресурстарының тапшылығы ең көп Өзбекстанда байқалады, сондықтан да Өзбекстан Қырғызстан және Тәжікстан арқылы келетін суды максималды түрде пайдалануға тырысады деген сөз. Бұл өз кезегінде Қазақстанның оңтүстік аймақтарына су жітіспеушілігіне алып келеді. Каспий теңізі суын тұщыландыру зауыттарының көп салынуы Маңғыстау облысындағы су

қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жақсы қадам. Мемлекет тарапынан жүзеге асып жатқан бағдарламалармен бірге, су ресурстарын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді доктриналар да қабылданғаны дұрыс.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нехватка воды снижает ВВП. URL:[http://www.cawater-info.net/all\\_about\\_water/?p=14089](http://www.cawater-info.net/all_about_water/?p=14089) (қаралған күні: 10.05.2022)
2. Мамырханова М. Дефицит воды повысится к 2050 году в Казахстане . – 2019 – URL:<https://kursiv.kz/news/obschestvo/2019-11/deficit-vody-povysitsya-k-2050-godu-v-kazakhstan> (қаралған күні: 10.05.2022)
3. «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша Оңтүстікте 208 елдімекен таза ауыз суға қол жеткізген. URL:<https://aigak.kz/2016/04/07/abla-badarlamas-boynsha-otstktke-208-eldmeken-taza-auz-sua-ol-zhetkzgen/> (қаралған күні: 10.05.2022)
4. Қазақстандағы Мыңжылдық Даму Мақсаттары, БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы Өкілдігі . – 2007 – URL: <http://www.undp.org/content/dam/kazakhstan/un/mdg/docs/Millennium%20Development%20Goals%20Report%20for%20Kazakhstan%202007%20kk.pdf> (қаралған күні: 10.05.2022)
5. 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" облыстық бағдарламасы туралы. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V03D0001084> (қаралған күні: 10.05.2022)
6. «Ақ бұлақ»: әрбір үйге таза су! . – 2011 – URL: <https://egemen.kz/article/11023-aq-bulak-arbir-uyge-taza-su> (қаралған күні: 10.05.2022)
7. 2010 жылғы 25 қазан – 1 қараша аралығында Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметі туралы жарық көрген бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға шолу . – 2010 – URL: <http://www.parlam.kz/ru/mazhiis/news-details/id310/2/1> (қаралған күні: 11.05.2022)
8. 2011 - 2020 жылдарға арналған "Ақ бұлақ" бағдарламасын бекіту туралы . – 2010 – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000570> (қаралған күні: 11.05.2022)
9. Капалбаева Ж. «Ақбұлақ» бағдарламасына ауылдықтар дән риза – ОҚО. – 2015 – URL:<https://www.inform.kz/kz/akbulak-bagdarlamasy-na-ayuldyktar-dan-riza-ok> – URL:<https://www.inform.kz/kz/akbulak-bagdarlamasy-na-ayuldyktar-dan-riza-ok-a2815459> (қаралған күні: 11.05.2022)
10. Гүлжан Амангелдіқызы. "Ақбұлақ" бағдарламасына бөлінген қаржы арнасын тапты ма? URL:<https://inbusiness.kz/kz/news/akbulak-bagdarlamasy-na-bolingen-karzhynasyn-tapty-ma> (қаралған күні: 11.05.2022)
11. Повторное использование воды. URL:[http://www.cawater-info.net/all\\_about\\_water/?p=17345](http://www.cawater-info.net/all_about_water/?p=17345) (қаралған күні: 12.05.2022)
12. Мыңжылдықтың Даму Мақсаттары, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы . – 2020 – URL:[https://stat.gov.kz/official/sustainable\\_development\\_goals/archive/millennium\\_development\\_goals](https://stat.gov.kz/official/sustainable_development_goals/archive/millennium_development_goals) (қаралған күні: 11.05.2022)
13. Горынин В.И., Рогожкин В.В. и др. Природная пресная вода для Саудовской Аравии. URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/prirodnaya-presnaya-voda-dlya-saudovskoy-aravii> (қаралған күні: 12.05.2022)
14. Проблему водообеспечения в мангистау решают поэтапно. URL:<https://24.kz/ru/news/social/item/526309-problemu-vodoobespecheniya-v-mangistau-reshayut-poetapno> (қаралған күні: 12.05.2022)
15. Шынар Хамитова. 9 заводов по опреснению морской воды построят в Мангистауской области. URL:<https://www.inform.kz/ru/9-zavodov-po-opresneniyu-morskoy-vody-postroyat-v-mangistauskoy-oblasti-a4061702> (қаралған күні: 13.05.2022)
16. Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттарын іске асыру туралы қысқаша ақпарат . – 2017 – URL:[https://egov.kz/cms/kk/articles/development\\_goals](https://egov.kz/cms/kk/articles/development_goals) (қаралған күні: 13.05.2022)
17. ҚР-ғы Тұрақты даму мақсаттары . – 2020 – URL:<https://egov.kz/cms/kk/zur> (қаралған күні: 14.05.2022)
18. Қазақстан Республикасында халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету . – 2020 – URL:<https://kazstat.github.io/sdg-site-kazstat/6-1-1/> (қаралған күні: 14.05.2022)
19. Жиембай М. 2040 жылға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12 текше шақырымды құрауы мүмкін – Мырзағалиев . – 2020 – URL:<https://lenta.inform.kz/kz/2040-zhylga-karay-kazakstandagy-su-tapshylygy-12-teksh-shakyrимdy-kuraуy-mumkin-myrzagaliyev-a3608325> (қаралған күні: 15.05.2022)



## REFERENCES:

1. Nekhvatka vody snizhaet VVP. [Water scarcity reduces GDP.] URL:[http://www.cawater-info.net/all\\_about\\_water/?p=14089](http://www.cawater-info.net/all_about_water/?p=14089) (Accessed: 10.05.2022)
2. Mamyrkhanova M. Defitsitvodypovysitsya k 2050 godu v Kazahstane [Water scarcity will increase by 2050 in Kazakhstan] URL:<https://kursiv.kz/news/obschestvo/2019-11/deficit-vody-povysitsya-k-2050-godu-v-kazahstane> (Accessed:10.05.2022)
3. 'Aq bulaq' baghdarlamasy boynsha Ontustikte 208 eldimeken taza auyz sugha qol zhetkizgen [According to the "Akbulak" program, 208 settlements in the South have access to clean drinking water.] URL:<https://aigak.kz/2016/04/07/abla-badarlamas-boynsha-otstekte-208-eldmeken-taza-auz-sua-ol-zhetkizgen/> (accessed: 10.05.2022)
4. Qazaqstadagy Mynjyldyq Damu Maqsattary, BUU-nyn Qazaqsatan Respublikasyndagy Okildigi[Millennium Development Goals in Kazakhstan, UN Office in the Republic of Kazakhstan]. URL:<http://www.undp.org/content/dam/kazakhstan/un/mdg/docs/Millennium%20Development%20Goals%20Report%20for%20Kazakhstan%202007%20kk.pdf> (accessed: 10.05.2022)
5. 2002-2010 jyldarga amalghan "Auyz su" oblystyg bagralamasy turaly [About the regional program "Drinking water" for 2002-2010]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V03D0001084> (accessed:10.05.2022)
6. «Aq bulaq»: arbir uyge taza su! ["Ak Bulak": clean water for every home!]. URL:<https://egemen.kz/article/11023-aq-bulaq-arbir-uyge-taza-su> (accessed: 10.05.2022)
7. 2010 jyly 25 qazan – 1 qarasha aralygynda Qazaqstan Respublikasy Parlamentinin qyzmeti turaly jaryq korgen buqaralyq aqparat quraldaryndagy jarialymdarga sholu[Review of publications in the media about the activities of the Parliament of the Republic of Kazakhstan from October 25 to November 1, 2010]. URL:<http://www.parlam.kz/ru/mazhilis/news-details/id310/2/1> (accessed: 11.05.2022)
8. 2011-2020 jyldarga amalghan "Aq bulaq" baghdarlamasyn bekitu turaly [On approval of the "Ak Bulak" program for 2011-2020]. URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000570> (accessed:11.05.2022)
9. Kapalbaeva Zh. "Aq bulaq" baghdarlamasy auyldyqtar dan riza – OQO [Villagers are very pleased with the program "Akbulak" - SKR]. URL:[https://www.inform.kz/kz/akbulak-baghdarlamasy-na-uyldyqtar-dan-riza-oko\\_a2815459](https://www.inform.kz/kz/akbulak-baghdarlamasy-na-uyldyqtar-dan-riza-oko_a2815459) (accessed: 11.05.2022)
10. Gulzhan Amangeldyqyzy. 'Aqulaq' baghdarlamasy na bolingen qarzhyy arnasy tapty ma? [Did you find a financial channel for the "Akbulak" program?] URL:<https://inbusiness.kz/kz/news/akbulak-baghdarlamasy-na-bolingen-karzhyy-arnasy-tapty-ma> (accessed: 11.05.2022)
11. Povtornoie ispolzovanie vody [Water reuse] URL:[http://www.cawater-info.net/all\\_about\\_water/?p=17345](http://www.cawater-info.net/all_about_water/?p=17345) (accessed:12.05.2022)
12. Mynjyldyq Damu Maqsattary, Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq josparlau jane reformalar agenttigi Ultyq statistika byurosy [Millennium Development Goals, National Bureau of Statistics of the Agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and Reforms]. URL:[https://stat.gov.kz/official/sustainable\\_development\\_goals/archive/millennium\\_development\\_goals](https://stat.gov.kz/official/sustainable_development_goals/archive/millennium_development_goals) (accessed: 11.05.2022)
13. Gorynin V.I., Rogozhkin V.V. i dr. Prirodnaya presnaya voda dlya Saudovskoy Aravii. [Natural fresh water for Saudi Arabia.] URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/prirodnaya-presnaya-voda-dlya-saudovskoy-aravii> (accessed:12.05.2022)
14. Problemu vodoobespecheniya v mangistau reshayut poetapno. [The problem of water supply in Mangistau is solved in stages.] URL:<https://24.kz/ru/news/social/item/526309-problemu-vodoobespecheniya-v-mangistau-reshayut-poetapno> (accessed:12.05.2022)
15. Shynar Khamitova. 9 zavodov po opresneniyu morskoy vody postroyat v Mangistauskoy oblasti. [Shynar Khamitova. 9 seawater desalination plants will be built in the Mangistau region.] URL:[https://www.inform.kz/ru/9-zavodov-po-opresneniyu-morskoy-vody-postroyat-v-mangistauskoy-oblasti\\_a4061702](https://www.inform.kz/ru/9-zavodov-po-opresneniyu-morskoy-vody-postroyat-v-mangistauskoy-oblasti_a4061702) (accessed:13.05.2022)
16. Qazaqstandagy Turaqty damu maqsattaryn iske asru turaly qysqasha aqparat [Brief information on the implementation of sustainable development goals in Kazakhstan]. URL:[https://egov.kz/cms/kk/articles/development\\_goals](https://egov.kz/cms/kk/articles/development_goals) (accessed: 13.05.2022)
17. QR-gy Turaqty damu maqsattary [Sustainable Development Goals in the Republic of Kazakhstan]. URL:<https://egov.kz/cms/kk/zur> (accessed: 14.05.2022)
18. Qazaqstan Respublikasynda halyqtyn ortalyqtandyrylghan sumen jabdyqtaumen qamtamasyz etu [Provision of the population with centralized water supply in the Republic of Kazakhstan]. URL:<https://kazstat.github.io/sdg-site-kazstat/6-1-1/> (accessed: 14.05.2022)
19. Zhiyembei M. 2040 jilga qaray Qazaqstandagy su tapshylygy 12 tekshe shaqyrymdy qurauy mumkin – Mrzagaliyev[By 2040, the water deficit in Kazakhstan may reach 12 cubic kilometers - Myrzagaliev]. URL:[https://lenta.inform.kz/kz/2040-zhylga-karay-kazakstandagy-su-tapshylygy-12-tekshe-shaqyrymdy-kurauy-mumkin-myrzagaliyev\\_a3608325](https://lenta.inform.kz/kz/2040-zhylga-karay-kazakstandagy-su-tapshylygy-12-tekshe-shaqyrymdy-kurauy-mumkin-myrzagaliyev_a3608325) (accessed: 15.05.2022)

[www.kisi.kz](http://www.kisi.kz)

ISSN 2414 - 5696, ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДӘУІР, 2022, № 4 (76)